

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 тамыздағы N 844 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*  
жоба

**Қазақстан Республикасының кейбір  
заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша), 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат):

2 1 - б а п т а :

2-тармағындағы "осы Кодекстің 53-бабында" деген сөздер "осы баптың 4-

тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, заңды тұлғалар үшін" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген баптың 4-тармағындағы "әкімшіге" деген сөз алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат):

1) 323-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. адам денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекеттер, егер де оларда қылмыстық жаза қолданылатын әрекет б е л г і л е р і б о л м а с а -

жеке тұлғаларға екі жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын лауазымды тұлғаларға, жеке дара кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - қызметін тоқтату арқылы не онсыз екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеледі.";

2) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "318-322," деген цифралардан кейін "323 (екінші бөлігінде)" деген цифрлармен толықтырылсын;

3) 544 және 553-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"544-бап. Өрт сөндіру қызметі органдары

1. Өрт сөндіру қызметі органдары осы Кодекстің 249, 277, 284, 312, 313, 334, 460-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастырады.

2. Өрт сөндіру қызметі органдарының атынан істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға мыналар құқылы:

өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары - жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейін, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі м ө л ш е р і н д е а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) өрт қауіпсіздігі саласындағы аумақтық органының уәкілетті органының басшысы және оның орынбасарлары - жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның қалаларында, аудандардың аумақтық органның басшысы - жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға - онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы;

553-бап. Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган

1. Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 89, 139 (бірінші бөлігінде), 220, 221, 270, 271, 272 (техникалық қауіпсіздік бөлігінде), 504-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның атынан істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға мыналар:

1) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы, басқармалардың, бөлімдердің бастықтары және олардың орынбасарлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдары - жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

2) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының басшысы мен оның орынбасарлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға - жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының мемлекеттік инспекторлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

3. Азаматтық қорғаныс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді орындамаумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарауға және әкімшілік жаза беруге мыналар құқылы:

1) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары - азаматтар мен лауазымды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

2) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының басшысы және оның орынбасарлары - азаматтар мен лауазымды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы."

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжат; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

1) 533-баптың-5-тармағының 3) тармақшасындағы "лицензияның," деген сөз алынып тасталсын;

2) 534-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тақырыптық салық тексерулері жылына бір реттен жиі емес жүргізіледі."

4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 жылғы 25 маусымдағы "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 20 маусымдағы 3 аңы) :

432-баптағы "кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен" деген сөздер алынып тасталсын;

459-баптағы "Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға тексеру жүргізу тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды." деген сөздер алынып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат):

1) 13-баптың 8) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 43-баптың 3-тармағының үшінші бөлігіндегі "үш айға дейінгі мерзімде қаралады" деген сөздерден кейін ", ал шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жер учаскесіне арналған құқық беру кезінде үш апталық мерзімде қаралады" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 44-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
"Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қызмет түріне қарамастан құрылысқа арналған жер учаскесінің нысаналы мақсаты ғимараттарға мен (құрылыстарға, имараттарға) қызмет көрсету ретінде белгіленеді.";

4) 145-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"145-бап. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру тәртібі

1. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының жер заңнамасын мемлекеттік органдардың, жеке, заңды және лауазымды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуларды айқындау және жою, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, жер учаскелерін пайдалану тәртібін сақтау, жер кадастрын дұрыс жүргізу және жер орналастыру мен жерді тиімді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды орындау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Жерді пайдалану және қорғауды мемлекеттік бақылауды жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде өзге де уәкілетті органдар жүзеге асырады.

3. Жерді пайдалану және қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын өзге де

мемлекеттік

органдар:

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;  
санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары;  
сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;  
ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи  
аумақтар, су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан  
әрі - ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган);  
жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

Бұл органдар бір-бірінің арасында өзара әрекет жасау үшін өз функцияларын жүзеге  
асырады.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген органдар:

1) өз құзіретіне сәйкес жерді пайдалану және қорғау үшін мемлекеттік бақылауды  
жүзеге асырады;

2) жердің сапалық жай-күйінің өзгерісін тексеруді және сараптауды  
ұйымдастырады;

3) жердің мақсатты пайдаланылуының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) жер заңнамасын бұзуларды жоюға шаралар қабылдайды;

5) жерді пайдалану және қорғау мәселелеріне қатысты нормативтік актілерді  
дайындауға қатысады;

6) ауыл шаруашылығының тозған алқаптарын, химиялық, биологиялық,  
радиоактивтік және басқа да зиянды заттармен ластанған жерлерді, сондай-ақ одан әрі  
пайдалану адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге, төтенше жағдайларға,  
апаттарға, тарихи-мәдени мұраның және табиғи ландшафттардың қирауына ауыл  
шаруашылығы өнімдері мен су көздерінің ластануына алып келетін карантиндік  
зиянкестермен және өсімдік ауруларымен зақымданған жерлерді консервациялау  
туралы белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді;

7) қала құрылысы және жерге орналастыру құжаттамасына, олардың сапалық  
жай-күйін жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізілген мелиорацияланған, жаңартылған  
және басқа да жерлерді, сондай-ақ жерді қорғау мақсатында салынған объектілерді  
қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады.

5. Жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органның функциялары осы  
кодекстің 147-бабымен айқындалған.

6. Жер заңнамасын сақтау жоспарлық (уәкілетті орган жоспарлаған және бекіткен)  
және жоспардан тыс (шағымдар, өтінімдер және өтініштер бойынша жедел әрекет етуді  
талап ететін қалыптасқан жағдайларға сәйкес тағайындалатын) болып бөлінетін  
тексерулер жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылау жерге түгендеу жүргізу, тексеру жерді пайдаланумен  
байланысты схемалар мен жобаларды әзірлеу, жердің мемлекеттік кадастрын және  
мониторингін жүргізу кезінде де жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру рәсімі бақылаушы орган шығаратын тексеруге дейін құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есеп жүргізу жөніндегі уәкілетті органда тіркелетін шаруашылық субъектілері қызметіне тексерулер жүргізу және тексерулер есебінің карточкасы туралы ұйғарымнама негізінде жүргізіледі.

Минералдық шикізат, пайдалы қазбалар және табиғи ресурстарды әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, ауыл шаруашылық өнімін өндіру тұрмыс және өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдеу, кәдеге жарату және көму бойынша қызметтер, гидротехникалық, гидромелиорациялық, мелиорациялық қызмет, құрылыс орындалатын жерді пайдалану және қорғауға, минералдық шикізатты тасымалдау және оны қайта өңдеу өнімдері орналасқан объектілерге жоспарлық тексеру жүргізу жолымен мемлекеттік бақылау жүргізу жылына бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

Қызметтің басқа да түрлері орындалатын жерді пайдалануға және қорғауға жоспарлық тексеру жүргізу жолымен мемлекеттік бақылау екі жылда бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

Жоспарлық тексеру жүргізу мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды, қажет болған кезде тексеру мерзімі тағы он жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін.

Жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі жоспарлы тексеру жүргізу мерзімінен аспайды.

Жоспарлы және жоспардан тыс тексеру жүргізу туралы жер учаскесінің меншік иесіне немесе жерді пайдаланушыға тексеру басталғанға дейін бір күннен кешіктірілмей жазбаша түрде хабарланады.

8. Тексеру жолымен мемлекеттік бақылау меншік иелерінің, жерді пайдаланушылардың қатысуымен, ал олар бас тартқан жағдайда бұл туралы тексеру нәтижелері бойынша жасақталған құжаттарда тиісті белгі жасалатын оларсыз жүргізіледі.

Айқындалған жер заңнамасын бұзулар бұл жұмыстарды жүргізген мамандар қол қоятын далалық тексеру сызбасы қоса берілетін актпен ресімделеді және ол құзыретіне осы мәселені қарауға жататын органға беріледі.

9. Айқындалған жер заңнамасын бұзуларды Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалған тәртіпте олардың функцияларына сәйкес уәкілетті органдар қарайды.

10. Жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың әкімшілік жаза қолдану туралы шешімі осы кодекстің 148-бабы 3-тармағына сәйкес шағымдалынуы мүмкін.

11. Жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жер заңнамасын бұзуды нақты жоюды, сондай-ақ жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге

асыратын лауазымды тұлғалардың нұсқаулары мен ұйғарымдамаларын орындауларын қадағалайды."

6. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 16, 140-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 58-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"58-1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы тексеру (бұдан әрі - тексеру) - орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, орман иеленушілердің, орман пайдаланушылардың және өзге де шаруашылық субъектілерінің орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы заңнама талаптарын сақтауын айқындау мақсатында жасалатын лауазымды адамның немесе уәкілетті және/немесе аумақтық органдарын лауазымды адамдарының әрекеті;"

2) 13-бапта 1-тармақтың 5) тармақшасындағы және 2-тармақтың 3) тармақшасындағы "өсіруге" деген сөзден кейін "тексерулер жолымен" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 19-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық о р г а н д а р ы :

1) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы келеңсіз салдарларды растайтын мемлекеттік орман қорын ғылыми зерттеулер мен мониторинг нәтижелері бойынша;

2) қараудың жоспарлы күздік және көктемдік ревизиясын жүргізу кезінде;

3) жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша;

4) уәкілетті орган және аумақтық органдар бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес;

5) мемлекеттік орман қорындағы орман өрттерінің барлық фактілері бойынша;

6) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарында мазмұндалған ф а к т і л е р б о й ы н ш а ;

7) жоспарлық іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзуларды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында жүзеге асырады.";

4 ) 2 1 - б а п т а :

21-тармақтың 1) тармақшасындағы "қадағалауды" деген сөз "бақылауды" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-5) тармақшаларымен толықтырылсын:

"1-1) орман қорының сандық және сапалық өзгерістерін, орманның санитарлық ахуалын, ормандағы орман патологиялық жағдайды;

5-1) кеспеағаш аймағын бөліп беру бойынша жұмыстарды тексеруді;"

5) мынадай мазмұндағы 21-1 баппен толықтырылсын:

"21-1. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті және аумақтық органдардың лауазымды адамдарының тексеру актілері.

1. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын анықталған бұзуларға қарай мемлекеттік бақылаудың нәтижесі бойынша орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті және аумақтық органның лауазымды тұлғалары мынадай актілер шығарады:

- 1) тексерулер жүргізу нәтижелері бойынша акті;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама;

3) нұсқама орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуды жою туралы;

4) қаулы:

орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы бұзылған жағдайда кінәлі адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;

сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алынған орман ресурстарын, көлік құралдарын, оларды алу құралдарын алып қою туралы.

2. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті және аумақтық органдардың лауазымды тұлғаларының тексеру актісін жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.";

6) 55-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармағымен толықтырылсын:

"1-1. Орман орналастыру жобасын әзірлеген мемлекеттік орман орналастыру ұйымы уәкілетті органның тапсырмасы бойынша орман иелерінің орман орналастыру жобаларын енгізуіне авторлық қадағалауды жүзеге асырады.

Авторлық қадағалау кезінде мыналар айқындалады:

1) жұмыстардың нақты орындалған көлемдерінің орман орналастыру жобаларына сәйкестігі;

2) жүргізілген орман шаруашылығы іс-шараларының технологиясы мен тиімділігі;

3) орындалған орман шаруашылығы іс-шараларының орман орналастыру жобаларынан ауытқуларының себептері мен деңгейі;

4) жобаланған орман орналастыру іс-шараларының орман шаруашылығын жүргізудің міндеттері мен бағыттарына және экономикалық шарттарына сәйкестігі;

5) орман орналастыру материалдарына және басқа да есеп құжаттарына ағымдық өзгерістерді енгізудің сапасы.



Авторлық қадағалаудың аяқталуы бойынша бір ай мерзімде орман орналастыру ұйымы уәкілетті және аумақтық органға, облыстық атқару органына және орман иеленушілерге есеп ұсынады.";

7) 110-баптың 5) тармақшасындағы "қадағалау" деген сөз "мониторинг" деген сөзбен ауыстырылсын;

7. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 53) және 54) тармақшалармен толықтырылсын:

"53) мемлекеттік бақылау - заңдылықты сақтауды тексеру, заңнаманы бұзушылық себептері мен шарттарын анықтау мен жою, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, нормативтік құқықтық актілерді дәл және бірдей қолдану және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нормативтік актілердің міндетті талаптарын орындау кезінде уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдайтын шаралар ж ү й е с і ;

54) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы тексеру - су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті және/немесе өңірлік және аумақтық органдардың лауазымды тұлғасының немесе лауазымды тұлғаларының шаруашылық жүргізетін субъектілердің су қорын пайдалану және қорғау саласындағы заңнаманың талаптарын қадағалауын айқындау мақсатында жасайтын әрекеті.";

2) 48-бап мынадай мазмұндағы 2 және 3-тармақтармен толықтырылсын:

"2. Уәкілетті органның мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі басты м і н д е т т е р і :

1) өз құзыреттерінің шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын барлық министрліктермен, агенттіктермен, ведомстволармен өзара іс-қимыл жасасуды және қ ы з м е т т е р і н ү й л е с т і р у д і ;

2) шаруашылық және өзге қызметтің әсер етуімен сулардың жағдайы және өзгерістерін қадағалауды, сондай-ақ су қорғау іс-шараларының орындалуын тексеруді;

3) су қорын пайдалану және оны есепке алудың белгіленген;

4) суларды қорғау жөніндегі міндеттерді орындауды;

5) су объектілеріне зиянды әсер етудің алдын алуды және жоюды;

6) барлық заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының су заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мынадай т ү р л е р г е б ө л і н е д і :

1) су шаруашылық құрылыстарын пайдалану ережелерін, олардың жұмысының белгіленген режимін сақтауды бақылау;

2) су пайдаланушылардың және шаруашылық субъектілерінің трансшекаралық

суларды пайдалану мен қорғауды реттейтін Қазақстан Республикасының су заңнамасын, Қазақстан Республикасы бекіткен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтауын инспекторлық тексеру.

#### Т е к с е р у л е р т ү р л е р і :

жоспарлы тексеру - бақылаушы орган алдын ала жоспарланған заңнамамен белгіленген кезеңділікке сәйкес жүргізілетін тексеру;

жоспардан тыс - Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен және сұрауларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтай отырып, өтініштер бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін т е к с е р у ;

кешенді тексеру - уәкілетті орган су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізетін т е к с е р у ;

қарсы тексеру - үшінші тұлғаларға қатысты, егер де тексеру жүргізу кезінде бақылаушы органдарда көрсетілген тұлғаларға байланысты қосымша ақпарат алуға қажеттілігі туындаған жағдайда жүргізілетін тексеру;

3) 49-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның бассейнді су шаруашылығы басқармасы мыналарды:

1) шаруашылық қызметтің белгіленген режиміндегі және ерекше қорғалатын су объектілеріндегі су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын қадағалауды;

2) трансшекаралық сулар туралы халықаралық келісімдердің шарттарын т а л а п т а р ы н о р ы н д а у д ы ;

3) су объектілері бойынша су пайдаланудың және су тартудың белгіленген тәртіптерін және ережелерін, лимиттерін, сондай-ақ суларды пайдалану режимін с а қ т а у д ы ;

4) су жинау имараттарын, су шаруашылық жүйелерін және су сақтау қоймаларын пайдалану ережелерін қадағалау;

5) су объектілеріне жинаған сулар мен оларға құйылған сулар санының алғашқы есепке алынуының дұрыстығын, сулардың сапасын айқындауды, суларды пайдалану және құюды есепке алу үшін жабдықтар мен аппаратуралардың саны мен жағдайын, су пайдаланушылардың есептіліктің белгіленген мерзімдерін сақтауын және бұл жабдық пен аппаратураның мемлекеттік аттестатталуын;

6) жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалануға берілген лицензиялармен

және рұқсаттармен белгіленген шарттар мен талаптарды, сондай-ақ суларға зиянды әсер етулерге (топан су, су басу, су алу, жағалауларды бұзулар және басқа да зиянды құбылыстар) қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауын;

7) су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға берудің заңнамада белгіленген тәртібінің сақталуын;

8) су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізудің заңнамада белгіленген тәртібі сақталуын және су объектілерін пайдалану мен қорғау бөлігінде жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алудың жүзеге асырылуын;

9) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық құжаттаманың болуын әрі экономика салалары объектілерін салу, қайта жаңарту, техникалық қайта жарақтандырудың және су объектілерін, оларды қорғау аймақтары және белдеулерін пайдалану мен қорғаумен байланысты өзге де қызметтің оларға сәйкес болуын;

10) су объектілерін өз бетімен пайдалануға, су объектілерін қорғау аймақтары және белдеулерінің аумақтарында өз бетімен құрылыс салуға жол берілмеуін;

11) суды ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылым мен техника жетістіктерін, озық тәжірибені су тұтынудың үлесін азайту жөніндегі іс-шараларды кәсіпорындарда мекемелер мен ұйымдарда енгізуді бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, фитосанитарлық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы органдар:

1) өз құзыретіне сәйкес су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) су қорының сапалық әрі сандық жай-күйінің өзгеруін тексеруді және сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

3) су заңнамасының бұзылуын жоюға шаралар қабылдайды;

4) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мәселелерге қатысты нормативтік құқықтық құжаттар дайындауға қатысады;

5) белгіленген талаптар бұзылып жүргізілген су объектілеріне сарқынды суларды шектеу, тоқтата тұру және оған тыйым салу, сондай-ақ судың жай-күйіне теріс әсер ететін жекелеген өндірістік объектілер, цехтар мен кәсіпорындар қызметін тоқтату туралы белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді.";

4) мынадай мазмұндағы 49-1, 49-2 және 49-3-баптармен толықтырылсын:

"49-1-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізудің

тәртібі

1. Мемлекеттік бақылау жүргізуші мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастыру, жоспарлау, бірлесіп атқару және үйлестіру мақсатында 49-бапта көрсетілген мемлекеттік органдардың аумақтық органдары алабтың сәйкесті су шаруашылық басқармаларымен бірлесіп, жыл санын, жоспарланатын жыл алдындағы жылдың 15 желтоқсанынан бастап уәкілетті органға су заңнамасының жеке және заңды тұлғалармен сақталуын тексеру жүргізудің жылдық жоспарын тиісті су шаруашылық басқармасына (жоспарлы тексерулер) келісімдеуге тапсырады. Қажет болғанда тексеру жүргізудің жоспарлары түзетіледі.

Жылдық тексерудің келісілген жоспарлары жоғары тұрған мемлекеттік органдарға жоспарланған жылдың 15-қаңтарына дейінгі мерзімде бекітуге беріледі.

Жылдық тексерудің келісілген жоспары, жоспарлы тексерулерді жүргізуге негіз болады.

2. Жоспардан тыс тексерулерді өткізуге:

- 1) су қорғау заңнамасын бұзушылық фактілері;
- 2) жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы;
- 3) алабтық кеңестердің ұсыныстары;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың шағымдары, жүгінулері және мәлімдемелері негіз болады.

Беймәлім жүгінулер жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз бола алмайды.

2. Су қорғау шараларын сақтау және әзірлеу мәселелері бойынша қоғамдық ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен өзара әрекет етуді ұйымдастыру мақсаттарында, уәкілетті орган:

- 1) оларды алабтық кеңестердің жұмысына қатысуға тартады;
- 2) алабтық кеңестердің мәжілістерінде су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өзекті мәселелерді қарайды.

Мемлекеттік бақылау сонымен қоса, су объектілерін пайдаланумен, су қорының мемлекеттік кадастры мен мониторингін жүргізумен байланысты схемалар мен жобаларды дайындағанда да жүргізіледі;

3) Бақылау жүргізуші мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте бірлескен кешенді тексерулерді жоспарлауы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленбеген тексерудің өзге түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

5. Тексеру, бақылаушы органның тексеруді жүргізу туралы шығарылған нұсқамасының негізінде жүргізіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру алдында, уәкілетті органмен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру белгілеу туралы акт жасалады.

6. Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуына тексеру жүргізу туралы нұсқама және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру белгілеу туралы актіні, тексеру жүргізуші лауазымды тұлға заңды тұлғаның (филиалының

немесе өкілдігінің) басшысына немесе өзге лауазымды тұлғасына, жеке кәсіпкерге немесе жеке тұлғаға қызметтік куәлікті көрсете отыра табыс етеді.

Тексеруді, тек қана су заңнамасының сақталуына тексеру туралы нұсқамада немесе тексеруді белгілеу актісінде көрсетілген лауазымды тұлға (тұлғалар) жүргізеді.

Су заңнамасының сақталуына, тексеру жүргізу туралы бір нұсқаманың немесе тексеруді белгілеу актінің негізінде тек ғана бір тексеру жүргізуге болады.

7. Занды және жеке тұлғаларды тексеруді уәкілетті орган міндетті түрде су заңнамасының сақталуын тексеру актісін жасау арқылы жүргізіледі.

Тексеру актісі тексерілуші шаруашылық субъектісі өкілінің қатысуымен жасалуы т и і с .

Тексеру актісінің кіріспесінде тексерілуші объектінің негізгі сипаттамалары, шаруашылық әрекетінің түрі, рұқсаттық, нормалау және басқа да құжаттарының болуы, бөлінген лимит көлемі, алынған және қашыртылған сарқынды суларының көлемі, су қорғау шараларының болуы және олардың орындалу барысы, суды айналмалы және қайта пайдалану жүйесінің болуы және оның көлемі және басқа да қажетті деректер к ө р с е т і л у і қ а ж е т .

Жоғарыда аталған деректер көрсетілгеннен кейін, Тексеру актісінде анықталған су заңнамасының және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы басқа нормативті актілерді бұзушылықтар, тиісті заңнамалық және нормативтік құжаттардың баптары бойынша көрсетіледі.

49-2-бап. Су заңнамасын бұзушылықты жою жөніндегі шараларды қабылдау кінәлілерді жауапкершілікке тарту

1. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлға су заңнамасын бұзушылықтың алдын алу, анықтау мен жою және кінәлілерді жауапкершілікке тарту ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а й д ы .

Тексеру барысында су заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда, Тексеру актісінің негізінде мемлекеттік инспектор (оған берілген құқықтар шегінде) бұзушылықтың ауырлығына байланысты бұзушыға бір немесе бір уақытта бірнеше әсер ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдайды:

1) анықталған су ресурстарын пайдалану мен оларды қорғаудың ережелерін бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаманы шығарады;

2) Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттаманы жасайды;

3) Әкімшілік жазаға тарту туралы қаулы шығарады;

4) кінәлі тұлғаларға су заңнамасын бұзумен келтірілген залалдың орынын ерікті түрде толтыруға сот арқылы талап қояды;

5) су пайдаланушылар өз еркімен су алғанда, су объектілерінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындағанда су пайдаланушылардың шаруашылық қызметтерін тоқтата тұру, сонымен қатар белгіленген талаптарды бұзумен жүргізілетін сарқынды суларды су объектілеріне төгуді шектеу, тоқтата тұру

және тыйым салу туралы, су объектілерінің жай-күйіне кері әсер ететін өндіріс объектілерінің цехтары мен кәсіпорындарының қызметін тоқтату туралы сот органдарына ұсыныс береді;

б) су заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына тиісті материалдарды жібереді.

2. Бір тұлғамен екі немесе одан көп әкімшілік құқық бұзушылық жасалса, әрбір әкімшілік құқық бұзушылыққа жаза дара беріледі.

3. Қаулы әрбір құқық бұзушыға жекелеген түрде (заңды, лауазымды және жеке тұлғаға) қабылданып, 3 данадан толтырылады, оның бір данасы жеке тұлғаға және заңды тұлғаның заңды өкіліне бірден тапсырылады. Көрсетілген тұлғалар болмаған жағдайда, қаулы шығарылған күннен бастап 3 (үш) күн ішінде оларға қаулы көшірмесі жіберіледі.

4. Су пайдаланушылармен су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы су заңнамасын және басқа да нормативті құқықтық актілерді бұзумен жүзеге асырылған шаруашылық және басқа да әрекеттерді шектеу және тоқтата тұру туралы сот органдарына мәлімдеме белгіленген тәртіпте беріледі.

49-3-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың мерзімдері мен кезең аралығы

Тексерудің ұзақтығы бір айдан аспауы керек. Арнайы зерттеулерді (сынақтарды), көлемі үлкен тексерулер қосылған сараптамаларды жүргізу қажеттігімен байланысты ерекше жағдайларда уәкілетті органның басшысы немесе оны ауыстырушы тұлға тексеру жүргізудің мерзімдері ұзаруы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспауы керек.

Тексеру жүргізу мерзімінің барысы уақыт аралығына немесе белгіленбеген уақытқа тексерудің мерзімін тоқтата тұру актісін жасау негізінде, құқықтық статистика органын ескерту арқылы тоқтата тұрылуы мүмкін. Белгіленбеген уақытқа тоқтата тұрған тексеру уәкілетті органмен тексеруді қайта жандандыру туралы актіні жасау жолымен құқықтық статистика органдарын ескерту арқылы қайта жандандырылады. Тексеру жүргізудің мерзімінің барысы қайта жандандырылған күннен бастап жалғастырылады."

;

5) 51-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) су қорын пайдалану мен қорғау саласына қатыстарды реттейтін заңдық және басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жөнінде ұсыныстар енгізеді.";

б) 53-баптың 1-тармағындағы "ал жер асты сулары бойынша - жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер алынып тасталсын.

8. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 23, 140,

1 4 2 - қ ұ ж а т т а р ) :

50-баптың 1-тармағы 11) тармақшасы мынадай абзацпен толықтырылсын:  
"шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау".

9. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 12 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші бөлімдермен толықтырылсын

:

"Мемлекеттік көліктік бақылау (бұдан әрі - көліктік бақылау) - жеке және заңды тұлғалардың көлікті қызметтер рыногының жұмыс істеуін, олардың сапасын, азаматтардың өмірі мен денсаулығының, көлік процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасын сақтауын тексеру мақсатында уәкілетті мемлекеттік орган жүргізетін іс-шаралар жиынтығы;

Тексеру - шаруашылық субъектілерінің Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасын сақтауын айқындау мақсатында жасалатын, бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың іс-қимылы.";

2) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Көліктік бақылау

1. Көлік құралдарын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасының, қозғалыс қауіпсіздігі мен экология жөніндегі талаптардың сақталуына көліктік бақылауды уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган жүзеге асыратын көлікті бақылау өзіне:

1) жолаушылар мен жүктердің, оның ішінде қауіпті жүктер ережелерінің сақталуын бақылауды ;

2) темір жол көліктеріндегі, оның ішінде магистральдық, стансалық және кіре беріс темір жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылауды;

3) темір жол қозғалыс құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды;

4) кеме жүзу және теңізде жүзу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды;

5) шағын флотты және оларға арналған база-тұрақтарды қауіпсіз пайдаланудың қамтамасыз етілуін бақылауды ;

6) кемелер және қадағаланушы объектілерге техникалық бақылауды;

7) халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының сақталуын бақылауды ;

8) көліктік қызмет көрсету саласында лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды ;

9) саудалық теңізде жүзу мақсатында пайдаланатын кемелердің мемлекеттік тіркелуін бақылауды;

10) теңіз кемелері мен олардың сыныптамасына техникалық бақылауды;

11) ішкі су көліктеріне арналған лоцмандық қызмет және өзге де қызметтің ішкі су жолдарындағы жүзу ережесінің сақталуын бақылауды;

12) техникалық пайдалану ережелері мен кемелердегі қызмет жарғысының сақталуын бақылауды;

13) теңіз жолдарының, лоцмандық қызмет және өзге де теңіз қызметтерінің жай-күйін бақылауды;

14) тасымалдаушының оның жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуын бақылауды;

15) Қазақстан Республикасының кеме қатынасы су жолдарын жеке және заңды тұлғалардың пайдалану мерзімін бақылауды;

16) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының өтуін бақылауды;

17) автокөлік құралдары жүргізушілерінің жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауын бақылауды;

18) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша қозғалуға арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін сақтауын бақылауды;

19) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау саласындағы автокөлік құралдарын пайдалану кезінде шығарындыдағы ластаушы заттар құрамының нормативтердің сақталуын бақылауды қамтиды.

3. Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы көліктік бақылауды жүзеге асыру кезінде нысандық киім киюі және талап ету бойынша қызметтік куәлігін көрсетуі тиіс.";

3) мынадай мазмұндағы 25-1, 25-2 және 25-3-баптармен толықтырылсын:

"25-1-бап. Көліктік бақылау жүргізудің мәні мен мақсаты

1. Көліктік бақылау жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын қызметке жүргізіледі.

2. Көліктік бақылау жүргізудің мақсаты Қазақстан Республикасының пайдалануға беру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көліктің барлық түрлеріндегі тиімді қызмет бойынша көлік саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау болып табылады.

3. Уәкілетті орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көліктік бақылауды жүзеге асыру бойынша міндеттерді орындауда жәрдем көрсетуге міндетті.



## 25-2-бап. Тексерулерді жүзеге асырудың кезеңділігі мен нысандары

### 1. Тексерулердің нысандары:

жоспарлы - уәкілетті орган алдын ала жоспарлаған, алдыңғы тексерулерге қатысы бойынша заңнамада белгіленген уақыт аралығы ескеріліп жүргізілетін тексеру;

жоспардан тыс - Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтай отырып, өтініштер бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін тексеру;

қарсы - шаруашылық субъектісінің шарттық міндеттемеде не өзге де құқықтық қатынаста болған жеке немесе заңды тұлғаға (филиалға немесе өкілдікке) қатысты ұсынылған не алынған қосымша ақпараттың шынайылығын қайта тексеру мақсатында уәкілетті орган жоспардан тыс тәртіппен жүргізетін тексеру;

рейдтік - бірнеше шаруашылық субъектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері бойынша олардың қызметін бір мезгілде қамтитын тексеру;

бірлескен - Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтау мәселелері бойынша шаруашылық субъектісінің қызметін бірнеше бақылаушы органдардың тексеруі.

2. Тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушының және көлік кәсіпорнының қызметін к і д і р т п е у і т и і с .

Уәкілетті мемлекеттік орган сол заңды тұлғаның тексеру жүргізгеніне қарамастан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін тексеруге құқылы.

### 25-3-бап. Тексерулер жүргізудің мерзімдері

1. Тексерулер жүргізу мерзімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей белгіленбесе, акт табысталған сәттен бастап отыз жұмыс күнінен аспауы тиіс.

2. Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаға тексеру жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган тексеру жүргізу мерзімін 15 жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

3. Ерекше жағдайларда арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болғанда, сондай-ақ тексерудің едәуір көлемдерімен байланысты мемлекеттік бақылау органының басшысы (не оны алмастыратын тұлға) тексеру жүргізу мерзімін құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлға үшін жиырма жұмыс күніне дейінгі мерзімге және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін отыз жұмыс күніне дейінгі мерзімге ұ л ғ а й т у ы м ү м к і н .

4. Тексеру жүргізу мерзімін мемлекеттік орган тоқтату немесе тексеру жүргізу

мерзімін жаңалау туралы акт шығару жолымен тасымалдаушыға уәкілетті мемлекеттік органның құжаттар беру туралы талаптарын тапсыру және тасымалдаушы тексеру кезінде сұралған құжаттарды беру сәттері арасында, сондай-ақ уәкілетті органның сұрауы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алу сәтіндегі уақыт кезеңінде құқықтық статистика органын хабардар ету арқылы тоқтатады немесе жаңалайды.

5. Көлік саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілері, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгесі көзделмесе, жылына бір реттен жиі емес тексеруге жатады."

10. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат):

1) 41-баптың төртінші бөліміндегі "инспекциялау (тексеру)" деген сөздер "тексеру" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 ) 4 4 - б а п т а ғ ы :

атауындағы "Инспекциялау (тексеру)" деген сөздер "тексеру" деген сөзбен ауыстырылсын :

"инспекциялауды", "инспекция", "инспекциялаушы органға", "инспекциялау", "инспекциялауды" деген сөздер сәйкесінше "тексеруді", "тексеру", "тексеруші органға", "тексеру", "тексеруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 48-баптағы 1-тармақтың 1) тармақшасындағы "инспекция" деген сөз "тексеру" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 73-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: "Тарату комиссиясының қызметін бақылауды және таратылатын қаржылық ұйымдар кредиторларының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган олардың қызметін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте тексереді."

11. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

мынадай мазмұндағы 7-1, 7-2, 7-3, 7-4-баптарымен толықтырылсын:

"7-1-бап. Әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мыналарды қамтиды:

әуе кеңістігін барлық пайдаланушылар үшін міндетті ережелерді, нұсқаулықтарды және әуе кеңістігін қауіпсіз пайдалануды реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілерді орындауды мемлекеттік бақылау;

авиациялық персонал денсаулығының жай-күйі мәселесі бойынша белгіленген талаптар мен нормаларды әуе кемелерін пайдаланушылар мен азаматтық авиацияның өзге де субъектілерінің орындауына мемлекеттік бақылау;

азаматтық әуе кемелерінің жазғы жарамдылығына мемлекеттік бақылау; ұшулардың қауіпсіздік ережесін, авиациялық қауіпсіздік ережесін және азаматтық авиация саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың сақталуына мемлекеттік бақылау;

халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыруға мемлекеттік бақылау; әуежай ауданында объектілерді таңбалауды жүзеге асыруға мемлекеттік бақылау;

әуе кемелерінің жарамдылық нормаларына сәйкестігін мемлекеттік бақылау; жазғы жарамдылық сертификатына эксплуатантқа берілген талаптарға әуе кемесінің жай-күйі сәйкестігіне мемлекеттік бақылау;

өз құзіреті шегінде заңсыз қол сұғушылық актілерінен Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны қорғауды қамтамасыз ететін заңдарды, ережелер мен рәсімдерді сақтауға мемлекеттік бақылау;

ұшулардың қауіпсіздігін және авиациялық техниканың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген талаптардың орындалуына бақылау, авиациялық оқиғалар мен инциденттердің алдын алу және тергеуге қатысу, өз құзіреті шегінде әуе кемелерін пайдаланушылардың, әуежайлардың (аэродромдардың) және азаматтық және эксперименттік авиацияның басқа ұйымдарының, сондай-ақ авиациялық персоналдың қызметіне инспекторлық тексерулерді жүргізу;

авиация саласындағы сертификаттық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау;

ұшулардың қауіпсіздігін қатар төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік бақылау;

Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары авиация қызметі саласындағы бақылауды жүзеге асыру кезінде формалық киім-кешекті киюі және талап ету бойынша қызметтік куәліктерді көрсетуі тиіс.

7-2-бап. Бақылау жүргізудің мәні мен мақсаты

Мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және Қазақстан Республикасы авиациясының қызметін пайдалану саласындағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалар жүзеге асыратын қызмет үшін жүргізіледі.

Мемлекеттік бақылау жүргізудің мақсаты әуе кеңістігінде қауіпсіз пайдалануды және тиімді қызметті қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының әуе

кеңістігін және авиация қызметін пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау болып табылады.

Уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бақылаудың бірлескен шараларын қабылдайды, ақпаратты өзара алмасуды қамтамасыз е т е д і .

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда уәкілетті органға жәрдем көрсетеді.

7-3-бап. Тексерулерді жүзеге асырудың мерзімділігі мен түрлері

Т е к с е р у л е р д і ң т ү р л е р і :

жоспарлы - бұрынғы тексерулерге қатысты заңнамамен белгіленген уақыт интервалдарын ескере отырып, жүргізілетін уәкілетті орган алдын ала жоспарлаған т е к с е р у ;

жоспардан тыс - Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен және сұрауларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтай отырып, өтініштер бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін т е к с е р у ;

қарсы - тексерілетін шаруашылық жүргізуші субъекті шарт міндеттемелері немесе өзге де құқықтық қарым-қатынастары болған жеке немесе заңды тұлғаға (филиалға немесе өкілдікке) қатысты берілген немесе қосымша ақпаратты алудың растығын қайта тексеру мақсатында жоспардан тыс тәртіппен уәкілетті орган жүргізетін тексеру;

рейдтік - шаруашылық жүргізуші субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген талаптарын олардың сақтауы мәселесі бойынша бірнешеуінің қызметін бір уақытта қамтитын тексеру;

Тексеруді жүргізу Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану саласындағы субъектілердің қызметін тоқтатуы тиіс емес.

Уәкілетті орган заңды тұлғаның өзіне тексеру жүргізуге қарамастан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін тексеруге құқылы.

7-4-бап. Тексерулер жүргізу мерзімі

Тексерулер жүргізу мерзімі егер, өзге Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленбесе, актіні тапсыру сәтінен бастап отыз жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаға тексеру жүргізу кезінде тексеру жүргізу мерзімін уәкілетті орган қырық жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

Ерекше күрделі мәселелерді тексеру кезінде тексеру жүргізу мерзімін уәкілетті мемлекеттік орган құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін елу жұмыс күніне дейін және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін алпыс жұмыс күніне дейін ұлғайтуы мүмкін.

Ерекше күрделілік мәселелері Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын тапсырылатын субъектілерге уәкілетті мемлекеттік органның негізді жазбаша шешімімен расталады.

Тексеру жүргізу мерзімі құжаттарды беру туралы уәкілетті органның және тексерулерді жүргізу кезінде субъект сұрау салатын құжаттарды берудің талаптарын Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі және авиация қызметін пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектіге тапсыру сәті арасындағы уақыт кезеңіне, сондай-ақ, уәкілетті органның сұрау салуы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алу сәтіне тоқтатылады.

Ерекше жағдайларда арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болғанда, сондай-ақ тексерудің едәуір көлемдерімен байланысты мемлекеттік бақылау органының басшысы (не оны алмастыратын тұлға) тексеру жүргізу мерзімін құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлға үшін жиырма жұмыс күніне дейінгі мерзімге және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін отыз жұмыс күніне дейінгі мерзімге ұлғайтуы мүмкін.

Тексеру жүргізу мерзімін мемлекеттік орган тоқтату немесе тексеру жүргізу мерзімін жаңалау туралы акт шығару жолымен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектіге уәкілетті органның құжаттар беру туралы талаптарын тапсыру және субъект тексеру кезінде сұралған құжаттарды беру сәттері арасында, сондай-ақ уәкілетті органның сұрауы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алу сәтіндегі уақыт кезеңінде құқықтық статистика органын хабардар ету арқылы тоқтатады немесе жаңалайды.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиация қызметін пайдалану саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілері егер, Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен өзге көзделмесе, жылына кемінде бір рет тексеруге жатады."

12. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 2-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1), 8-2), 8-3), 8-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) құрамында есірткісі бар заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау;

8-2) азаматтық және қызметтік қаруды және оның оқ-дәрілерін мемлекеттік бақылау ;

8-3) күзету қызметін жүзеге асыратын субъектілердің қызметін, сондай-ақ күзет дабыл құралдарын монтаждауды, орнатуды және техникалық қызмет көрсетуді мемлекеттік бақылау ;

8-4) шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында болу ережелерін сақтауын мемлекеттік бақылау.";

мынадай мазмұндағы 11-1 және 11-2-баптармен толықтырылсын:

"11-1. Қару-жарақ пен оған патрондардың жекелеген түрлерінің, азаматтық пиротехникалық заттардың және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдардың, жарылғыш заттардың, түрлі-түсті бейнелеудегі көбейту-көшіру техникасының, улы, радиоактивті, құрамында есірткі бар, психотропты заттар мен прекурсорлардың, сондай-ақ штемпель-граверлік кәсіпорындардың айналымы саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мемлекеттік бақылау.

1. Қару-жарақ пен оған патрондардың жекелеген түрлерінің, азаматтық пиротехникалық заттардың және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдардың, жарылғыш заттардың, түрлі-түсті бейнелеудегі көбейту-көшіру техникасының, улы, радиоактивті, құрамында есірткі бар, психотропты заттар мен прекурсорлардың, сондай-ақ штемпель-граверлік кәсіпорындардың айналымы саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес тексерулер жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

2. Ішкі істер органдарының лауазымды тұлғалары жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын олардың сақтауы мақсатымен тексерулерді жүзеге асырады.

3. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы - заңнама актілерімен белгіленген уақыт интервалдарын ескере отырып, жүргізілетін ішкі істер органы алдын ала жоспарлаған тексеру;

2) жоспардан тыс - Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен және сұрауларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтай отырып, өтініштер бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін

т е к с е р у ;

3) қарсы - жеке немесе заңды тұлғамен шаруашылық жүргізуші субъект шарт міндеттемелері немесе өзге құқықтық қатынастарда болған жеке немесе заңды тұлғаға қатысты берілген немесе қосымша ақпаратты алудың растығын қайта тексеру мақсатымен жоспардан тыс тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган жүргізетін тексеру;

4) рейдтік - айналымына бақылауды ішкі істер органдары жүзеге асыратын құралдар мен заттар айналымы саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жекелеген талаптарын олардың сақтау мәселесі бойынша бірнеше субъектілердің қызметін бір мезгілде қамтитын тексеру.

4. Тексерулерді жүргізу үшін негіздемелер болып мыналар табылады:

1) ішкі істер органдарының уәкілетті лауазымды тұлғаларының құқық бұзуды жасау фактілерін тікелей табуы;

2) басқа мемлекеттік органдардан түскен материалдар;

3) жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;

4) қару-жарақ пен оған патрондардың жекелеген түрлерінің, азаматтық пиротехникалық заттардың және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдардың, жарылғыш заттардың, түрлі-түсті бейнелеудегі көбейту-көшіру техникасының, улы, радиоактивті, құрамында есірткі бар, психотропты заттар мен прекурсорлардың, сондай-ақ штемпель-граверлік кәсіпорындардың айналымы саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ішкі істер органдарының жұмыс жоспары.

5. Қару-жарақ пен оған патрондардың жекелеген түрлерінің, азаматтық пиротехникалық заттардың және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдардың, жарылғыш заттардың, түрлі-түсті бейнелеудегі көбейту-көшіру техникасының, улы, радиоактивтік құрамында есірткі бар, психотропты заттар мен прекурсорлардың, сондай-ақ штемпель-граверлік кәсіпорындардың айналымымен байланысты, жедел-алдын алу іс-шараларын жүргізу кезеңінде ішкі істер органы жүргізетін тексерулерді қоспағанда, жеке кәсіпкерлік қызметінің субъектілері (кәсіпкерлік субъектілері) үш айда кемінде бір рет тексеріледі.

6. Қару-жарақ пен оның патрондарының жекелеген түрлерінің, азаматтық пиротехникалық заттардың және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдардың, жарылғыш заттардың, түрлі-түсті бейнелеудегі көбейту-көшіру техникасының, улы, радиоактивті құрамында есірткі бар, психотропты заттар мен прекурсорлардың, сондай-ақ штемпель-граверлік кәсіпорындардың айналымы саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулерді ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

11-2-бап. Жоспардан тыс тексерулер

Уәкілетті лауазымды тұлғаның оны жасау сәтінде тікелей бұзу және тексеруді тағайындау туралы актінің айғағын бекіту үшін шұғыл іс-қимылдарды жүргізу қажеттілігі жағдайында келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аумақтық органдарына беріледі."

13. "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 жыл, N 20, 727-құжат; 2001 жыл, N 24, 338-құжат; 2002 жыл, N 12, 116-құжат; 2003 жыл, N 15, 139-құжат; 2003 ж., N 15 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

3 - б а п т а :

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) жеке және заңды тұлғалардың шағымына, өтінішіне, арызына дереу жауап талап етілетін жағдайларда, кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру жөніндегі заңнамасын уәкілетті органның құзіретіне бөлінген мәселелері бойынша сақтауына тексеру жүргізеді";

3-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру жөніндегі заңнамасының орындалуын тексеру мақсатында уәкілетті орган бухгалтерлік тексерулерді жүзеге асырады.

Уәкілетті органның ұйғарымда көрсетілген осы заңнамаға сәйкес тексеру жүргізуге тартылатын басқа тұлғалар кәсіпкерлер мен ұйымдар лауазымды тұлғалары бухгалтерлік тексерулердің қатысушылары болып табылады. Бухгалтерлік тексерулер жүргізу кезінде кәсіпкерлер мен ұйымдарға тексерілудегі есептік кезеңге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді."

14. "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; N 14, 112-құжат; N 24, 177-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) мәтіндегі "Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның", "өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 1 - б а п т а :

тоғызыншы абзацтағы "басқару органдарының," деген сөздерден кейін "өрт сөндіру органының және оның облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;



мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган - өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган)."

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"қадағалауы" деген сөз "бақылауы" деген сөзбен ауыстырылсын, "Мемлекеттік", "арнаулы" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 4-баптың екінші бөлігіндегі "және бақылайтын" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 2-тараудың атауындағы "мемлекеттік үкімет органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы өкілеттігі" деген сөздер "мемлекеттік билік органдарының өрт қауіпсіздігі саласындағы құзыреті";

5) атауындағы "өкілеттігі" деген сөз "құзыреті" деген сөзбен ауыстырылсын; атауындағы және бірінші бөлігіндегі "өрт қауіпсіздігі саласындағы" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

екінші абзацтағы "бірыңғай" деген сөз алынып тасталсын, "әзірлейді" деген сөзден кейін "және іске асыруды қамтамасыз етеді";

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өрт пен оның салдарының мемлекеттік есепке алу тәртібін айқындайды";

оныншы абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдардың және объектілердің тізбесін бекітеді";

б ) 6 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Уәкілетті органның құзыреті";

бірінші бөлігі алынып тасталсын;

екінші бөлігінде:

3) тармақшадағы "қадағалауын" деген сөз "бақылауын" деген сөзбен ауыстырылсын

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) өрт қауіпсіздігі саласындағы сертификациялауды жүзеге асырады";

8) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10), 11), 12) тармақтармен толықтырылсын:

"10) әкімшілік құқық бұзушылық туралы өндірісті жүзеге асыруды бақылайды;

11) өрт қауіпсіздігі саласындағы лицензиялауды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған осы нормалар мен ережелері жоқ объектілер құрылысына өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейтін стандарттардың , нормалардың және ережелердің жобаларын келіседі.";

7) 9 және 9-1-баптар мынадай мазмұнда жазылсын:

"9-бап. Өртке қарсы қызмет органдарының мәртебесі және олардың міндеттері

Өртке қарсы қызмет органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өрттің алдын алуды, өрт қауіпсіздігі жағдайын және өрт сөндіруді бақылауды жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады.

Өртке қарсы қызмет органдарының құрамына мыналар кіреді: басқару органы, күштер мен құралдар, оның ішінде өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыруға, алғашқы кезектегі апаттық-қорғау жұмыстарын жүргізуге арналған өртке қарсы құрамалар, сондай-ақ белгіленген тәртіпте құрылған өрт-техникалық оқу орындары және ғылыми-зерттеу мекемелері.

Өртке қарсы қызмет органдары сипатын Қазақстан Республикасы Президенті бекітетін белгілерге ие.

9-1-бап. Өртке қарсы қызмет органдарының құзыреті

Өртке қарсы қызмет органдары:

1) мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда, кәсіпорындарда және тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орындауларын бақылауды жүзеге асырады;

2) барлық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ азаматтардың, ұйымдардың орындауына міндетті өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін және өрт қауіпсіздігінің мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

3) жеке және заңды тұлғаларға өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты жұмыстар мен қызметтерді жүргізуге лицензиялар береді;

4) өрттер мен өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауларды жүзеге асырады;

5) заңнамамен белгіленген құзыреттер шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы өндірісті жүзеге асырады;

6) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ғимараттардың, құрылыстардың және олардың кешендерінің, коммуникацияларының құрылысына (кеңейтуге, жаңғыртуға техникалық, қайта қаруландыруға, жаңғыртуға, жаңартуға, күрделі жөндеуге) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөліміне қатысты жобаларды мемлекеттік сараптауды жүргізеді;

7) жұмылдыру дайындығы және өртке қарсы қызмет бөлімшелерін жұмылдыру, бейбіт және әскери уақытта төтенше жағдайлар туындаған кездегі олардың жұмыстарының тұрақтығын көтеру жөніндегі шараларды әзірлейді, өртке қарсы қызмет органдарының жұмылдыруға тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді;

8) азаматтарға, кәсіпорындардың басшыларына анықталған бұзушылықтарды болдырмау және өрттердің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы нұсқаулар береді;

9) елді мекендердегі және объектілердегі өрт бөлімшелерінің олардың өртке қарсы күреске ведомстволық қатыссыздығына қарамай дайындығын бақылауды жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік меншіктің стратегиялық, аса маңызды мемлекеттік объектілерін және өмірмен қамтамасыз ету объектілерін өрттен қорғау жөніндегі қызметті қамтамасыз етеді.

Ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, агрегаттардың өндірістік учаскелерінің жұмыстарын жартылай немесе толықтай тоқтатуды, ғимараттарда, имараттарда электр желілерін, жылыту приборларын пайдалануға және өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін бұзушылықтар кезінде, сондай-ақ жобалармен көзделген құрылыс, қайта жаңғырту, кеңейту немесе ұйымның имараттарды, ғимараттарды техникалық қайта жарақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігінің талаптары орындалмағанда жобалармен көзделген субъектілер жүзеге асыратын өрт қауіпі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның және облыстардағы (республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы) өртке қарсы қызмет аумақтық уәкілетті органдарының өтінімі бойынша прокурорға жиырма төрт сағат ішінде жазбаша түрде хабарлама жіберу арқылы сот жүргізеді.

Субъектінің жұмысына тыйым салу немесе жартылай немесе толық тоқтату туралы талап арызды өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган және облыстардағы (республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы) өртке қарсы қызмет аумақтық уәкілетті органдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте және негіздерде сотқа жібереді.

Ерекше жағдайларда адамдардың өмірі мен денсаулығына айқын қауіп төндірген өртке қарсы нормалар мен ережелерді бұзушылық кезінде көрсетілген мерзімде талап арызды сотқа міндетті беру арқылы үш күннен аспайтын мерзімге субъектінің қызметіне тыйым салуға немесе тоқтатуға прокурорға жиырма төрт сағат ішінде міндетті түрде жазбаша хабарлау арқылы жол беріледі. Осы ретте уәкілетті органның және облыстардағы (республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы) аумақтық уәкілетті органдарының қызметке тыйым салу немесе тоқтату туралы актісі сот шешімін шығарғанға дейін жарамды.

Хабарламаны алған прокурор жүргізілген әрекеттердің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда өз қаулысымен тыйым салу - шектеу сипатындағы шараларды қолданбайды немесе жояды.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық мекемелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі өкілдіктерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, егер де Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе;"

8) 9-2 және 9-3-баптар алынып тасталсын;

9) мынадай мазмұндағы 9-2-1, 9-2-2 және 9-2-3-баптарымен толықтырылсын:

"9-2-1-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау

Уәкілетті орган жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңдылығының талаптарын шаруашылық субъектілерінің сақтауын айқындау мақсатында жүргізілетін тексерулер түрінде орындалады.

Мемлекеттік мекемелердің және басқа да шаруашылық субъектілерінің қызметін тексеру үшін негіздеме болып табылатын өртке қарсы қызмет органының құжаты тексеру жүргізу туралы нұсқама болып табылады.

Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы тексеру - заңнамада белгіленген алдыңғы тексерулерге қатысу бойынша уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін өртке қарсы қызмет органы алдын ала жоспарлайтын тексеру;

2) жоспардан тыс - Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен және сұрауларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтай отырып, өтініштер бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін тексеру;

3) қарсы - шаруашылық субъектісі шарттық міндеттемеде не өзге де құқықтық қатынастарда болған жеке немесе заңды тұлғаға қатысты ұсынылған ақпараттың шынайылығын қайта тексеру не қосымша ақпарат алу мақсатында өртке қарсы қызмет органы жоспардан тыс тәртіппен жүргізетін тексеру;

4) рейдтік - олардың өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жекелеген талаптарын сақтау мәселелері бойынша бірнеше шаруашылық субъектілерінің қызметін бір уақытта қамтитын тексеру;

9-2-2-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді кәсіпорындар мен ұйымдардың орындауына бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Өрт қауіпсіздігі саласындағы белгіленген тәртіпте бекітілген нормаларды, ережелер мен стандарттарды сақтауды бақылауға тұрғылықты пункттер, сондай-ақ олардың меншік нысандарына қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдар жатады.

Өртке қарсы қызмет органдары құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға олардың меншік нысандарына қарамастан объектілерге жоспарлы тексеру жүргізудің жылдық жоспарын ұсынады. Әр айдың аяғында тексерулер тағайындау және шаруашылық субъектілерінің қызметін тексеру есебіне карточкаларын жасақтау туралы актілеріне салыстыру жүргізеді.

Жоспардан тыс, қарсы, рейдтік, тексерулер жүргізу кезінде тексеру тағайындау

туралы акт шығарылады және тексеру есебіне карточкасы жасақталады және оны шығару күніне тексерілетін объектінің тұрғылықты орны бойынша немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны бойынша құқықтық статистиканың уәкілетті органында тіркеу үшін ұсынылады.

Тексеру азаматтардың өміріне және денсаулығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне төнген қауіпті дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдаймен туындаған айрықша жағдайларда, мезгілсіз уақытта тексеру жүргізу кезінде, сондай-ақ тікелей оларды жасаудың сәтінде бұзулар табылған және дәлелдерді бекіту үшін жедел әрекеттерді жүргізу қажет болған жағдайларда тексеру тағайындау туралы акті мен ақпараттық есеп құжаттары тексеру жүргізу басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде құқықтық статистика жөніндегі уәкілетті органға ұсынылады.

Кәсіпорындар мен ұйымдар олардың маңыздылығы мен өрт қауіпсіздігі деңгейіне қарай 1, 2, 3 және 4-топтарының объектілеріне бөлінеді. Аудандағы объектілер есебін өртке қарсы қызмет органы жүргізеді.

1-топтың объектілеріне: құрылысының жалпы алаңы 3500 шаршы метрден асатын ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар және республикалық ғылыми-зерттеу мекемелері; электр стансалары; әуежайлар; теңіз сауда порттары;

театрлар, спорт сарайлары, басқа да мәдени-ойын-сауық мекемелері, емдеу мекемелері мен сыйымдылығы 800 және одан да көп қонақ үйлер; жалпы алаңы 2500 шаршы метрден асатын сауда объектілері; музейлер, картина галерейлері; жалпы алаңы 2500 шаршы метрден асатын кітапханалар; мұнай базалары мен жалпы сыйымдылығы 2000 текше метрден асатын мұнай өнімдерінің қоймалары; газ қоймалары мен сыйымдылығы 1000 текше метрден асатын газ құю стансалары жатады.

Бұл объектілерді өртке қарсы қызмет органдары бес жылда бір реттен жиі емес кешенді тексереді және жыл сайын кешенді тексеру кезеңінде айқындалған өрт қауіпсіздігі саласындағы нормаларды, тәртіптер мен стандарттарды бұзулардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

2-топтың объектілеріне: бірінші топқа енбеген өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ғылыми-зерттеу мекемелері; балық және өзен порттары; 50 бірліктен астам техника саны бар автокәсіпорындар; темір жол стансалары, локомативтік, вагондық, вагон жөндеу, рефрижераторлық, жөндеу-жабдықтау деполары; атқару және өкілетті органның ғимараттары; ұлттық банк пен екінші деңгейдегі банктер, аусымда 800 және одан да көп адам оқушылар, студенттер, тыңдаушылар саны бар оқу мекемелері; бірінші топқа енбеген театрлар, спорт сарайлары, басқа да мәдени-ойын-сауық мекемелері; алаңына қарамастан діни мекемелер; 1000-нан 2500 шаршы метр жалпы алаңы бар сауда объектілері; мұражайлар, картина галереялары мен жалпы алаңы 1000-нан 2500-ге дейін шаршы метр кітапханалар, сыйымдылығы 400-ден 800 адам болатын емдеу мекемелері мен қонақ үйлер; құрылымдарының 1500 шаршы метрден астам

жалпы алаңы бар ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы объектілері мен құс фабрикалары жатады.

Бұл объектілерді өртке қарсы қызмет органдары екі жылда бір рет кешенді тексереді және жыл сайын кешенді тексеру кезеңінде айқындалған өрт қауіпсіздігі саласындағы нормаларды, тәртіптер мен стандарттарды бұзулардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

3-топтың объектілеріне: екінші топқа енбеген оқу мекемелері; ғылыми-зерттеу және жобалау мекемелері; 50 бірліктен астам техника саны бар автокәсіпорындар; 1500 шаршы метрден кем жалпы алаңы бар ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы объектілері мен құс фабрикалары; балалар, әкімшілік мекемелері, жатақханалар, байланыс мекемелері, коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары; түтін жою жүйесі, 150 метр және одан да көп алаңы бар тамақтану, ойын мекемелері, дәріханалар, почта, байланыстың сөйлесу пункттері, телеграф, банк бөлімдері, көркем шеберханалар, салтанат залдары көзделген тұрғын үйлер; бірінші және екінші топтарға енбеген музейлер, картина галерейлері, емдеу мекемелері мен қонақ үйлер, сауда объектілері, кітапханалар жатады.

Бұл топтың объектілерін өртке қарсы қызмет органдары жылына бір рет тексереді.

4-топтың объектілеріне: ашық автотұрақтар мен жеке гараждар; бір қабатты жер үсті және жер асты гараждары; автомайқұю стансалары, саяжай және бақша шаруашылығы қоғамдары; мына: жеке тұрған, дара және қоршалған тұрғын үйлер; сауда павильондары, жөндеу шеберханалары, дүңгіршіктер, қабылдау пункттері мен валюта айырбастау пункттері, тауарларды өткізуге арналған, оның ішінде рыноктар аумақтарында орналасқан контейнерлер; жеке тұрған және тұрғын үйлер мен құрылыстарға жапсарлас (қабаттас) салынған 150 шаршы метрге дейінгі алаңы бар сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, тамақтандыру кәсіпорындары, ойын мекемелері, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, дәріханалар, медициналық кабинеттер, банктер бөлімдері, көркемдік шеберханалары, шеберханалары, салтанат залдары, музейлер, көрмелер, офистер, аудио-бейне жазба және прокат пункттері, валюта айырбастау пункттері, диспетчерлік пункттер мен басқа да ұсақ объектілері.

Бұл топтың объектілерін өртке қарсы қызмет объектілері жылына бір рет тексереді.

Салынып жатқан объектілерді өртке қарсы қызмет органдары олардың жобалық-сметалық құжаттамасына және орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының өрт қауіпсіздігі талаптарының сәйкестігіне жалпы негіздерде, бірақ жылына бір реттен жиі емес тексеріледі.

9-2-3-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді орындауын бақылауды жүзеге асырудың тәртібі

Өртке қарсы қызмет органының шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру жүргізуге негіз болып табылатын құжат тексеру тағайындау туралы акт болып

т а б ы л а д ы .

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру олардың қандай топқа жататындығына қарай басқа объектілер сияқты сондай кезеңділікте тексеріледі.

Шағын кәсіпкерінің субъектілерін тексеру ұзақтығы 5 тәуліктен аспауы тиіс.

Өртке қарсы қызмет органдары шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тек сот тәртібімен тыйым салуы немесе тоқтата тұруы мүмкін. Шаруашылық субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салу немесе тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өрт пайда болуының анық қаупі болған кезде айрықша жағдайларда 3 күннен аспайтын мерзімге рұқсат берілуі мүмкін. Бұл ретте қызметке тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шығарылғанға дейін күшінде болады.

Тексеру жүргізу кезінде өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісіне тексеру жүргізу туралы негіздемені көрсетуге міндетті.

Өртке қарсы қызмет органдары лауазымдық тұлғаларының еркін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың мүмкін еместігіне әкелетін әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке алып келеді.";

1 0 ) 1 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөлімдермен толықтырылсын:

"Ел қоныстанған аумақтарда, мемлекеттік меншіктің стратегиялық, аса маңызды мемлекеттік объектілерінде және өмірмен қамтамасыз ету объектілерінде өрттерді сөндіруді мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері және оның облыстардағы ( республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы) филиалдары жүзеге асырады.

Басқа объектілердегі меншіктілік нысанына қатыссыз өрттерді сөндіруді салалық өрт сөндіру қызметтері немесе ерікті өртке қарсы құралымдар жүзеге асырады.";

екінші бөлімнің үшінші сөйлемі алынып тасталсын;

жетінші бөлімдегі "Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан аумақтық" және ", мемлекеттік өрт сөндіру мекемелерінің" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жиырмамыншы баппен толықтырылсын:

"Өрт сөндіру кезінде өртке қарсы қызмет қызметкерлері мыналарға:

1) өрт сөндіру үшін өртке қарсы қызметтің күштері мен құралдарын, көлік және басқада материалдық-техникалық құралдарды тартуға;

2) сөндіру және өртті жою бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде цехтардың және объектілердің жұмысын тоқтатады, қажет болғанда қауіпті аймақтан адамдарды және материалдық бағалы заттарды көшіруге нұсқау береді;

3) азаматтардың олардың өрт кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жекелеген учаскелерге, аумақтарға ғимараттардың үй-жайларына кірулерін шектейді немесе у а қ ы т ш а т о қ т а т а д ы ;

4) тұрғын үй және өзге де үй-жайларға азаматтардың ұйымдарына, оларға тиесілі

жер учаскелеріне, дипломатиялық иммунитетке ие шетел мемлекеттерінің және халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа аумақтарға және үй-жайларға өрт кезінде азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтарды құтқаруға, оттың таралуының алдын алуға және өртті жоюға бағытталған шараларды қабылдау үшін б ө г е т с і з к і р у г е ;

5) қажет жағдайларда жабық есіктер мен терезелерді, сондай-ақ адамдарды құтқару және өртті сөндіру үшін қоршауға алынған конструкцияларды ашуға;

б) адамдарды құтқару үшін және аса қажет болғанда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте байланыс құралдарын, мүлікті және өзге де ұйымдастырудың материалдық құралдарын, олардың меншіктілік нысанына қатыссыз өртті сөндіру және жою кезінде иесіне залалды, егер ол келтірілген болса өтеу арқылы пайдалануға құқылы.";

11) 21-баптың бірінші бөліміндегі "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 22-баптың екінші бөліміндегі сөйлем алынып тасталсын.

15. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 67-1 Заңына (ҚР Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) дәрменсіз қарызгерді оналту, заңды тұлғаны банкрот деп тану және оны жою мониторинг процесі, сондай-ақ жоюдың соттан тыс рәсімдері (бұдан әрі - мониторинг) - кредиторлар мүдделерін қорғау, экономикадағы шаруашылық тәуекелдер деңгейлерін тиімсіз өндірістерді жою немесе қалпына келтіру жолымен төмендету мақсатында төлем қабілеті жоқ ұйымдардың қаржылық-экономикалық жай-күйін жүйелік талдау, қаржылық-экономикалық сауықтандыру шараларын уақытында қолдану процесі;"

2) 10-1-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) банкроттық (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратуды соттан тыс рәсімін жүргізуді бақылауды жүзеге асырады, банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын жоятын жою комиссияларының төрағаларын қоспағанда;"

3) мынадай мазмұндағы 10-2, 10-3 баптармен толықтырылсын:

"10-2. Бақылаудың мәні мен мақсаты

1. Олардың тараптарының банкроттық саласындағы құқықтық актілерді сақтауы банкроттық (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) рәсімін жүргізу үшін, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратуды соттан тыс рәсімінде уәкілетті органды бақылаудың мәні болып табылады.

2. Осы Заңмен белгіленген құқықтарды қорғау және тараптардың банкроттық



рәсімінің, ондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімінің міндеттіліктерін орындауды қамтамасыз ету бақылау мақсаты болып табылады.

3. Осы баптың мақсаты үшін банкроттық рәсімінің тарабы, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі деп кредиторлар, борышкер, меншік иесі немесе оларға уәкілеттенген орган, кредиторлар комитеті, конкурстық және оңалтушылық басқарушылар түсініледі.

#### 10 - 2 . Б а қ ы л а у н ы с а н д а р ы

4. Банкроттық (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) рәсімін жүргізу үшін, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімінде бақылау мынадай нысандары жүзеге асырылады:

1) банкроттық рәсімінде төлем қабілетсіз борышкерлердің мүлкі мен істерін басқаруға лицензиясы бар тұлғалардың тіркеу есебі;

2) төлем қабілетсіз және дәрменсіз ұйымдардың мониторингі;

3) камералдық бақылау;

4) банкроттық рәсімінде, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімінде тараптардың банкроттық саласындағы құқықтық актілерді сақтауына бақылау;

5) оңалтушы және конкурстық басқарушылардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген банкроттық рәсімін, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімін сақтауын тексеру.

Оңалтушы және конкурстық басқарушылардың банкроттық рәсімін, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімін сақтауын тексеру шағын кәсіпкерлік субъектілерін бақылау болып табылмайды.

5. Конкурстық сауда-саттықта конкурстық массаны өткізу кезінде ашықтықты, бәсеке қабілетін сақтау үшін бақылау.

10-3. Оңалтушы және конкурстық басқарушылардың банкроттық рәсімін, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімін сақтауын тексеру

1. Тексеру уәкілетті органның немесе оның аумақтық органдарының нұсқамасы негізінде үш ай мерзімі бар тексерілетін кезеңде бір реттен жиі емес жүргізіледі.

2. Берілетін нұсқамаларда көрсетілген тексерулерді жүргізудің мерзімі нұсқаманы тапсыру сәтінен бастап он жұмыс күннен аспауы тиіс.

3. Мынадай деректемелерден тұратын нұсқама тексеруді жүргізу үшін негіздеме болып табылады:

1) уәкілетті органда тіркеу күні мен нөмірі;

2) нұсқаманы берген уәкілетті органның атауы;

3) борышкердің толық атауы мен тіркеу нөмірі;

4) тексеруші тұлғалардың лауазымы, тегі, есімі, әкесінің аты.

Нұсқамаға уәкілетті органның немесе оның аумақтық органының бірінші басшысы не оны ауыстырушы тұлға қол қоюы және елтаңбалық мөрмен куәландыруы тиіс.

4. Бір нұсқаманың негізінде бір тексеру ғана жүргізілуі мүмкін.

5. Оңалтушы және конкурстық басқарушы зерттеу үшін борышкердің аумағына немесе үй-жайына тексеруші тұлғаларды жіберуге, сондай-ақ кез-келген сұралған ақпаратты беруге міндетті.

6. Тексерудің аяқталуы бойынша тексеру актісін тіркеудің арнайы журналында тіркеліп, нөмірленген, тиелген және уәкілетті органның немесе оның аумақтық органының мөрімен бекітілген тексеру нәтижелері туралы акт жасалады.

7. Банкроттық саласындағы анықталған құқықтық актілердің бұзылуы болған кезде тексеру актісінде көрсетілгендердің негізінде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының банкроттық туралы қолданыстағы заңнамасын бұзуды жоюдың мерзімін көрсете отырып, ұсыным шығарады.

8. Уәкілетті органның тексерулерге басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тартуға құқығы бар."

16. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 137, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"өндірістік экологиялық бақылау - қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау үшін шаруашылық және өзге қызмет барысында қоршаған ортаны ластаудың параметрлерін өлшеуді және қадағалауды жүргізу жолымен ішкі қадағалау үшін табиғат пайдаланушылар қабылдайтын және төлейтін шаралар жүйелері;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау уәкілеттік органы - қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілеттік мемлекеттік орган;

құқық қолдану - қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мемлекеттік органы табиғатты қорғау талаптарына сәйкес келмейтін шаруашылық немесе өзге қызметті түзету немесе тоқтату мақсатында қолданатын шаралар жиынтығы;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы тексеру (бұдан әрі - тексеру) - уәкілетті және/немесе аумақтық органдардың лауазымдық тұлғасының немесе лауазымдық тұлғаларының қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, шаруашылық субъектілерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың талаптарын сақтауын айқындау, табиғи ресурстарды өндіру мен пайдалану мақсатында жасайтын әрекеті;

жоспарлы тексеру - бақылаушы органның алдын ала жоспарланған, заңнамамен белгіленген кезеңділікке сәйкес жүргізілетін тексеруі;

жоспардан тыс тексеру - қалыптасқан шұғыл болған экологиялық жағдайға байланысты тағайындалатын, қоршаған ортаға төнген қауіпті дереу қалпына келтіруді және арыздарға өтініштер мен өтінімдерге жауап беруді талап ететін тексеру;

кешендік тексеру - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілеттік орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеу функцияларын жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп табиғи ортаға антропогендік әсер етуді анықтау және бір ортадан екінші ортаға ластанудың ауысуын болдырмау мақсатында жүргізетін тексеруі;

қарсы тексеру - егер де тексеру кезінде бақылаушы органдарда көрсетілген адамдармен байланысты қосымша ақпарат алуға қажеттілік туындаған жағдайда үшінші адамға қатысты жүргізілетін тексеру;

табиғатты қорғау іс-шаралары - табиғатты пайдаланушылардың меншікті қаражаты есебінен іске асырылатын өндірістік объектілердегі қоршаған ортаның нормативтік сапасына қол жеткізу және сақтау жөніндегі ұйымдық-техникалық шаралар кешені";

2) 3-бап мынадай мазмұндағы он бірінші және жиырмамыншы абзацтармен толықтырылсын:

"шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері кезінде өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асырудың міндеттемелері;

мемлекеттік орган қызметінің қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы бақылау функцияларын жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-әрекеті, үйлестіруі, заңдылығы мен жариялылығы";

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 8-1), 8-2), 8-3), 8-4), 17), 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

8-2) басқа да мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және жеке тұлғалармен қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде өзара іс-әрекет жасайды;

8-3) жүйені жетілдіреді және бақылау және құқық қолдану қызметіне тиімді әдістер енгізеді;

8-4) қоршаған ортаның жағдайына ықпал ететін, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері жөніндегі кешенді тексеруді ұйымдастыру және жүзеге асырады;

17) жер қойнауын қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды, ережелерді және нормаларды сақтауын, келісім-шарттық шарттарды қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жер қойнауын пайдаланудың барлық кезеңдерінде орындауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) Лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

4 ) 7 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, болдырмау және табиғи ресурстарды пайдалану және бұзған адамдарды заңнамамен белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тарту мақсатында жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3, 1-4 және 1-5-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік бақылау жүйесіндегі құралдардың негізгісі шаруашылық субъектілерінің табиғатты қорғау заңнамасын сақтау мәніне және жүйелікті, анықтықты, объективтілікті көздейтін, сондай-ақ қоршаған ортаның өзгеруі сапасына жедел әсер ететін қызметін тексеруді жүргізу болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мынадай жолдармен жүзеге асырылады :

1) мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік және табиғи ресурстарды есепке алу материалдарын, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдардың, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың табиғатты қорғау қызметі туралы деректерді т а л д а у ;

2) шаруашылық субъектілерінің табиғатты қорғау заңнамасын, экологиялық талаптарды және қоршаған ортаның нормативтік сапасын сақтауы мен орындауы жөніндегі жоспарлы тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы едәуір бұзушылық фактілеріне құпиялардан басқа, арыздарды, өтініштерді және басқа да ресми өтініш нысандары және табиғи ресурстарды пайдалану, жедел инспекциялық әрекет етуді талап ететін шұғыл экологиялық жағдайлардың себептерін тексеру және салдарын жою бойынша ж о с п а р д а н т ы с т е к с е р у жүргізу;

4) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы функцияларды тексеруді жүзеге асыратын мүдделі мемлекеттік органдармен кешендік т е к с е р у ;

5) үшінші адамдарға қатысты жүргізілетін қарсы тексеру;

6) заңнаманы сақтауды, экологиялық құқық бұзушылықтардың туындауының алдын алуға бағытталған шараларды қоса алғанда қамтамасыз ету үшін құқықтық құралдарды пайдалануға негізделген құқық қолдану.

Тексерулердің өзге түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

1-2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жеке және заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысанына және мыналарды қоса алғандағы меншіктілік нысанына қатыссыз қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды

пайдалану саласындағы заңнаманы сақтауы мен орындауы бойынша тексеруді жүргізеді:

1) белгіленген экологиялық нормативтерді және шаруашылық және өзге қызметтерге талаптарды, қолданыстағы стандарттарды және техникалық шарттарды сақтау;

2) мемлекеттік кадастрды және табиғи ресурстарды есепке алуды жүргізудің дұрыстығы;

3) рұқсаттарда, лицензияларда, шарттарда және табиғатты пайдалануға арналған келісім-шарттарда, мемлекеттік экологиялық сараптамалардың қорытындыларында белгіленген шарттарды сақтау;

4) атмосфералық ауаны, жер қойнауын, жер және су ресурстарын, сондай-ақ жануар және өсімдік әлемінің ресурстарын, мемлекеттік табиғи-қорықтық қорлардың объектілерін қорғау мен пайдаланудың экологиялық талаптарын орындау;

5) өндірістік экологиялық бағдарламаларды және табиғатты қорғау іс-шараларын орындау;

6) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері кезіндегі өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Тексеру қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган шығаратын акті-нұсқаманың негізінде оларды құқықтық статистика органдарында тіркегеннен кейін, дереу әрекет ету және шаруашылық субъектісінің басшылығына алдағы тексеру туралы хабарлау қажет болған жағдайларды қоспағанда жүргізіледі.

1-3. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы заңнаманың талаптарын белгілі болған бұзушылықтарға қатысты мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша әсер етудің құқықтық шараларын қабылдау мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті және аумақтық органдардың лауазымдық тұлғалар мынадай актілер жасайды:

1) тексеру жүргізу нәтижесі бойынша акті;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама;

3) нұсқаулар;

қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы заңнаманың талаптарын бұзушылықтарды болдырмау туралы;

шаруашылық қызметке тыйым салу және тоқтату туралы;

4) әкімшілік жазаға тарту туралы қаулы.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті және аумақтық органдар лауазымды тұлғаларының актілері жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Шаруашылық субъектісінің басшысы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға заңнаманың талаптарын бұзушылықтарды болдырмау туралы нұсқауларды орындау туралы нұсқауды орындау мерзімі аяқталғанына орай 7 күннен

кешіктірмей ақпарат беруі тиіс. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымдық тұлғаларының белгіленген үлгілік нысандағы бланкілерді қолдануы бланкілер үшін белгіленген қатаң есептілік тәртібінде жүзеге асырылады;

1-4. Мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру рәсімі қоршаған ортаға теріс әсер етуді төмендетуге және жоюға бағытталған және мемлекеттік органдармен, табиғатты пайдаланушылармен және қоғаммен тығыз өзара қарым-қатынаста жүзеге асырылатын шаралар кешенін қамтиды, оның ішінде:

қоршаған ортаға басым әсер ететін табиғатты пайдаланушылардың қызметінің экологиялық нәтижелілігін бағалауға негізделген тәсілді пайдалану;

тексерілетін объектілер бойынша перспективалық, жылдық жедел жұмыс ж о с п а р л а р ы н ә з і р л е у ;

бақылау және құқық қолдану жұмыстарын бағалау және жетілдіру критерийлерін қ о л д а н у ;

заңнаманы сақтауды қамтамасыз етудің құқықтық құралдарын, экологиялық құқық бұзушылықтардың туындауын болдырмауға бағытталған превентивтік шараларды қоса ала отырып қолдануға негізделген құқық қолдану.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау уәкілетті органының лауазымды тұлғалары мыналарға құқылы;"

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлімдегі "және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздер алынып тасталсын.

17. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-кұжат; 1999 ж., N 11, 357-кұжат; 2001 ж., N 3, 20-кұжат; 338-кұжат; 2004 ж., N 10, 57-кұжат):

1) 7-баптың 1-тармағындағы жетінші абзац алынып тасталсын;

2 ) 9 - б а п т а :

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мынадай жағдайларда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

ерекше қорғалатын аумақтар саласындағы уәкілетті органды тексерудің бекітілген ж о с п а р ы н а с ә й к е с ;

жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша; табиғи кешендердің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи-қорық қорының объектілерінің жай-күйіне, қорғау және пайдалану үшін мониторингтің д е р е к т е р і б о й ы н ш а ;

ғылыми зерттеулерді жүргізу қорытындылары бойынша; жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері, өтініштері мен шағымдары бойынша;

жоспарлық іс-шаралардың нәтижесінде анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою туралы талаптарды орындауды бақылау мақсатымен;";  
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерінің жай-күйіне, қорғау және пайдалану үшін мониторингті жүзеге асырады;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырады.";

3) 10-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мынадай жағдайларда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы күзет қызметін құрады және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады:

қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар өзге де орталық органдарды тексерудің бекітілген жоспарларына сәйкес;

жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері, өтініштері мен шағымдары бойынша;

жоспарлық тексеру нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы талаптарды орындауды бақылау мақсатымен;";

4) 11-баптың 2-тармағындағы екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мынадай жағдайларда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады:

облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілдік және атқарушы органдарын тексерудің бекітілген жоспарларына сәйкес;

жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша;

жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері, өтініштері мен шағымдары бойынша;

жоспарлық тексеру нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы талаптарды орындауды бақылау мақсатымен;";

5) 25-баптың 1-тармағындағы бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қолайлылығын және ветеринарлық мониторингті қамтамасыз ету індет пен эпизоотиялардың алдын алу мақсатында жануарлардың санын реттеу.";

6) 22-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"22-тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау";

7) 80-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"80-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылаудың түсінігі мен мәні

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылаудың түсінігі  
м е н м ә н і

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау

тексерулерді жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тексеру - осы аумақтарды мемлекеттік табиғи-қорық қорын пайдаланушылардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнама талаптарын сақтауды айқындау мақсатымен жасалатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың іс-әрекеті.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша басқа да бақылаушы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.";

8) 81-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
"иелігінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар өзге де орталық атқарушы органдар;"

9) 82-бап алынып тасталсын.

18. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат; 2004 ж., N 5, 29-құжат; N 13, 74-құжат):

1) 14-баптың 3-тармағында екінші бөлігіндегі "нормативтік" деген сөзден кейін " құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу мен келісуді Қазақстан Республикасы Үкіметімен айқындайды.";

2) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:  
"14-1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеудің ерекшеліктері

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес арқылы кәсіпкерлердің аккредиттелген бірлестіктерінің қарауына жібереді.

2. Уәкілетті орган кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің қорытындысымен келіскен кезде нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына әзірлеуші міндетті түрде олардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің экономикасына әсер ететін бағаны қоса береді.";

3) 27-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:  
"1-1. Жоғарғы деңгейдегі нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылған кезде, оны іске асыру үшін қабылданған төменгі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылуға тиіс.



Осы талап сондай-ақ жоғарғы деңгейдегі нормативтік құқықтық актіден төменгі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілер іске асыру үшін қабылданған жекелеген нормалар алынып тасталған жағдайларда қолданылады.";

4) 30-бап мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің белгіленген тәртіпте кейіннен ресми жариялануын сақтауды бақылауды әділет органдары жүзеге асырады.";

5 ) 36 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

4) тармақшадағы ", ал әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиістілері - мемлекеттік тіркеуден кейін" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшада "азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты" деген сөздер "әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті," деген сөздермен ауыстырылсын";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енуі мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектісіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген талаптармен байланысты қызметті жүзеге асыруға дайындалу үшін қажетті мерзімдерге сүйеніп белгіленуі тиіс.

Нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енуінің тәртібі мен мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектілеріне залал келтірмеуі тиіс.";

6 ) 38 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "ведомствоаралық сипаттағы немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

7 ) 40 - б а п т а :

3-тармақтағы "мемлекеттік тіркеу және (немесе) жариялау" деген сөздер "жариялау" деген сөзбен ауыстырылсын;

8 ) 43 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тұрақты мониторингін жүргізу";

2-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдаған және (немесе) әзірлеуші болып табылатын уәкілетті органдар - өздері қабылдаған немесе әзірлеуші болып табылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге қатысты.";

9) 43-1-баппен толықтырылсын:

"43-1 бап. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің мониторингі

1. Уәкілетті органдар бір-біріне қайшы келетін және ескірген құқықтық нормаларды анықтау үшін өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеуші болып табылатын заңға

тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тұрақты мониторингін жүзеге асыруға және заңнамалық актілерге сәйкес келтіру жөніндегі өзгерістер және/немесе толықтырулар және оларды күшін жойды деп тану шараларын уақтылы қабылдауға міндетті.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүргізу ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

10) 44-баптың 4-тармағындағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.

19. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 23, 142-құжат): мынадай мазмұндағы 18-5, 18-6 және 18-7-баптарымен толықтырылсын:

"18-5-бап. Табиғи монополия субъектілерін тексеру

1. Уәкілетті орган жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерін тексеру жоспарлы және жоспардан тыс болуы мүмкін.

2. Табиғи монополиялар субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлы тексеруді уәкілетті мемлекеттік орган жылына бір реттен жиі емес жүргізеді. Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын табиғи монополиялар субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлы тексеруді уәкілетті орган үш жылда бір реттен жиі емес жүргізеді.

3. Жыл сайын уәкілетті органның басшысы бекітетін уәкілетті органның жұмыс жоспары жоспарлы тексеру жүргізуге негіз болып табылады. Жоспар тексерулер жүргізетіндерге қатысты табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін және олардың жүргізу кезеңін қамтуы тиіс.

4. Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзу туралы фактілері туралы жоспардан тыс тексерулер жүргізуге мыналар негіз болады:

- 1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініші;
- 2) мемлекеттік органдардың ақпараты;
- 3) құқық қорғау органдарының хабарламалары;
- 4) қоғамдық ұйымдардың өтінімдері;
- 5) басқа мемлекеттік органдармен бірлескен тексерулер;
- 6) уәкілетті органның өз бастамасы;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары.

5. Осы баптың 4-тармағында көзделген негіздер туындаған күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей, уәкілетті орган:

- 1) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының бұзылу

фактілеріне тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының бұзылу фактілеріне тексеру жүргізуден бас тартады.

18-6-бап. Табиғи монополия субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібі

1. Табиғи монополиялар субъектілерін тексеру уәкілетті орган тексеру жүргізу туралы шешім қабылдағаннан кейін жүргізіледі. Уәкілетті органның тексеру жүргізу т у р а л ы ш е ш і м і :

1) уәкілетті органның атауын, тексеру тағайындау жөнінде өкілетті бар адамның тегін, атын, әкесінің атын және лауазымы мен оның қолын;

2) тексерулер тағайындау туралы актінің уәкілетті органның журналы бойынша күні мен тіркеу нөмірін;

3) тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамның тегі мен атын, әкесінің атын;

4) табиғи монополия субъектісінің атауын, тұрған жерін және салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

5) тексеру түрін;

6) тексеру мәселелерін;

7) тексеру жүргізу мерзімін;

8) тексеру тағайындаудың негізін;

9) табиғи монополия субъектісінің құжаттарын белгілі бір уақыт мерзімінде зерделеу қажет болған жағдайда тексерілетін кезеңді;

10) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін өткен жылғы (өткен жыл деп тексеру жүргізу сәтіндегі күнтізбелік жыл ұғынылады) жүргізілген тексерулерді;

11) негізгі міндеттер мен мақсаттарды, табиғи монополия субъектісіне тексеру жүргізуді көрсете отырып, тексеру бағдарламасын, табиғи монополия субъектісін тексеру барысында анықталуға жататын мәселелер тізбесі мен жағдаяттар аясын қ а м т и д ы .

2. Уәкілетті органның тексеру жүргізу туралы шешіміне басшы қол қояды және уәкілетті органның мөрімен расталады.

3. Тексеру жүргізу кезінде уәкілетті органның лауазымды тұлғасы табиғи монополиялар субъектісінің басшысына немесе оны ауыстырушыға тексеру жүргізу туралы уәкілетті органның шешімін және қызметтік куәлігін көрсетеді.

4. Тексеру жүргізу туралы шешім және қызметтік куәлік көрсетілген кезде табиғи монополиялар субъектісі уәкілетті органның лауазымды тұлғасын өздерінің қарамағындағы аумаққа немесе үй-жайға жіберуге және тексерілетін табиғи монополиялар субъектісінің лауазымды адамдарынан, басшылары мен басқа да қызметкерлерінен тексеру жүргізу үшін қажетті ақпаратқа, құжаттарға сұрау салу және оларды алу мен тексеру барысында пайда болатын мәселелер бойынша ауызша және жазба түрде түсіндіру мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

5. Табиғи монополиялар субъектілеріне тексеру жүргізетін уәкілетті органның лауазымды тұлғасының тиісті аумаққа немесе үй-жайға енуіне кедергі жасалған және ақпараттарды, құжаттарды және түсініктемелерді бермеу кезінде белгіленген тәртіппен әкімшілік өндіріс қозғалады.

6. Табиғи монополия субъектісіне тексеру жүргізу мерзімі алда тұрған жұмыстардың және қойылған міндеттердің көлемін ескере отырып белгіленеді, бірақ 30 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Жағдаяттарды қосымша тексеру қажет болған жағдайда мерзім уәкілетті органның шешімімен 30 күнтізбелік күнге ұзартылуы мүмкін.

Табиғи монополия субъектісін тексеру мерзімін ұзартуды тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысы жүргізеді.

7. Тексеру табиғи монополия субъектілерін тексеру қорытындылары туралы анықтаманы жасақтаумен аяқталады.

Тексеру қорытындылары туралы анықтамаға табиғи монополия субъектісін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға және тексерілетін табиғи монополия субъектісінің басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қояды.

8. Табиғи монополия субъектісін тексеретін басшы немесе оны алмастыратын тұлға тексеру қорытындысына қоса берілетін ерекше пікірлерін жазбаша түрде білдіруге құқылы.

9. Тексерілген табиғи монополия субъектісінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға тексеру қорытындысы туралы анықтамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, табиғи монополия субъектісін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға тексеру қорытындысы туралы анықтамаға тиісті жазба енгізеді.

10. Тексеру қорытындылары туралы анықтаманың екінші данасы табиғи монополия субъектісін тексеру аяқталған соң қол қойғызып алу арқылы табиғи монополия субъектісінің басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға, ал олар болмаған жағдайда - тексерілген табиғи монополия субъектісінің кеңсесіне, анықтаманы қабылдап алған табиғи монополиялар субъектісі қызметкерінің тегін және лауазымын көрсете отырып, қол қойғызу арқылы тапсырылады. Тексеру қорытындысы туралы анықтаманы беру не кеңсеге тапсыру мүмкін болмаған кезде тексеру қорытындысы туралы анықтама табиғи монополия субъектісіне тапсырыстық хатпен оны тапсырғандығын пошталық растаумен жіберіледі.

11. Табиғи монополия субъектісін тексерудің нәтижелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шағымдалуы мүмкін.

18-7-бап. Табиғи монополия субъектісін тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның шешімі

Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісін тексеру қорытындылары туралы анықтаманы карау нәтижелері бойынша:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіздердің жоқтығы туралы

қ о р ы т ы н д ы ж а с а қ т а й д ы ;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғайды;

3) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы анықталған фактілерін жою туралы н ұ с қ а м а ш ы ғ а р а д ы ;

4) материалдарды қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарау үшін құқық қорғау о р г а н д а р ы н а б е р е д і ;

5) материалдарды қарау және тиісті шараларды қабылдау үшін өзге де мемлекеттік органдарға береді."

20. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 220-құжат; 2001 жылғы N 23, 318-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1 1 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Уәкілетті органның асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы.";

1-тармақтағы "мемлекеттік", "асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тексеру жүргізу мерзімі 20 жұмыс күнін құрайды, қажет болған кезде тексеру мерзімі тағы да 10 жұмыс күніне ұлғайтылуы мүмкін."

21. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23, 430-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2000 ж., N 23, 142-құжат):

мынадай мазмұндағы 100-1-баппен толықтырылсын:

"100-1-бап. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларды ұстаудың, тәрбиелеудің, білім берудің жағдайын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Бақылауды ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың Қазақстан Республикасының Конституциясында осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қорғаншылық және қамқорлық органдары жүзеге асырады.

Ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың құқықтарын іске асыруға бағытталған заңды және жеке тұлғалардың қызметі бақылау объектісі болып табылады.

Б а қ ы л а у д ы ң т ү р л е р і :

1) тексерулер (жоспарлы, жоспардан тыс);

- 2) ведомстволық статистикалық қадағалау;
- 3) заңды және жеке тұлғалардың есептіліктері.

Ведомстволық статистикалық қадағалаулардың кезеңділігі мен нысандарын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді:

Жоспарлы тексерулер қорғаншылық және қамқоршылық органы бекіткен кестеге сәйкес кемінде жылына бір рет кезеңділікпен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмаларымен және сұрауларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтай отырып, өтініштер бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін жоспардан тыс тексерулер;

Тексерулер жүргізу мерзімдері бес күннен аспауы тиіс.

Ата-аналарының қарауынсыз қалған балалар бағып-қағуға берілген заңды және жеке тұлғалар қорғаншылық және қамқоршылық органы бекіткен мерзімдерде және нысанда қорғаншылық және қамқоршылық органына оларды ұстау, тәрбиелеу және білім беру жағдайлары туралы есептілікті береді.

Бақылау барысында ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органы ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қабылдайды."

22. "Тауарлардың импорты жағдайында Ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 446-құжат; 1991 ж., N 21, 763-құжат; 2005 жылғы 22 маусымдағы "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 23 маусымдағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Тауар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 маусымдағы Заңы):

5-баптың 1-тармағындағы "бақылау" деген сөз "мониторинг" деген сөзбен ауыстырылсын.

23. "Өсімдіктердің карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 4, 30-құжат, 2003 ж., N 15, 121-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) карантиндік режим - осы Заңға сәйкес карантиндік аймақтарда карантиндік объектілердің ошағын оқшауландыру және жоюға бағытталған мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік басқару органдары, жеке және заңды тұлғалар қызметінің қ ұ қ ы қ т ы қ р е ж и м і ; " ;

9-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2) өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының аумағында өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеуді және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын шекарадағы шекара пункттері мен бекеттері бар мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары;"

2) 4-баптың 1) тармақшасы "және мүліктің сақталуы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзіреті Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і :

1) өсімдіктердің карантині саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ә з і р л е й д і ;

2) өсімдіктердің карантині саласындағы салалық (секторалдық) бағдарламаларды б е к і т е д і ;

3) Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі е р е ж е н і б е к і т е д і ;

4) күресуі бюджеттік қаражаттың есебінен жүзеге асырылатын карантиндік объектілердің т і з б е с і н б е к і т е д і ;

5) екі және одан да көп облыстардың аумағында уәкілетті органның ұсынымы бойынша карантиндік режимді енгізумен немесе оны жоюмен карантиндік аймақты белгілеу туралы шешім қабылдайды."

4) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Уәкілетті органның құзіреті

1 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) өсімдіктердің карантині саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске а с ы р а д ы ;

2) оларға қатысты өсімдіктердің карантині бойынша мемлекеттік іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын Карантиндік объектілердің тізбесін айқындайды;

3) Қазақстан Республикасындағы және басқа да елдердегі карантиндік объектілердің болуы және таралуы, олармен күрес бойынша шаралар мен іс-шаралар туралы дерекқорды құрады және ақпаратты мүдделі тұлғаларға береді;

4) өсімдіктердің карантині саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуді

ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

5) Өсімдіктердің карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені б е к і т е д і ;

6) зарарсыздандыруға немесе қайта өңдеуге жатпайтын, жұқпалы карантиндік объектілердің карантиндік өнімін (жүктерін) алып қою және жою жөніндегі ережені б е к і т е д і ;

7) өз құзіреті шегінде өсімдіктердің карантині бойынша нормативтік-құқықтық а к т і л е р д і б е к і т е д і ;

8) карантиндік іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібі мен тәсілдерін реттейтін әдістерді, әдістемені, нұсқаманы бекітеді;

9) ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, халықаралық нормалардың талаптары мен нұсқамаларын ескере отырып, фитосанитарлық тәуекелді бағалаудың ғылыми қағидаттары негізінде карантиндік шараларды әзірлейді;

10) өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың лауазымын иеленуге біліктілік талаптарын белгілейді;

11) карантиндік объектілердің ошақтарын анықтау, оқшауландыру, жою және карантиндік өнімді зарарсыздандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізуді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

12) карантиндік өнімнің транзит шарттарын айқындайды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте карантиндік объектілердің таралу ошағын оқшауландыру және жою үшін пестицидтерді (улы химикаттарды), оларды сақтау, тасымалдау, қолдану жөніндегі жұмыстар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және өткізеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшауландыру және жою үшін пестицидтердің (улы химикаттардың) қ о р ы н қ ұ р а д ы ;

15) Қазақстан Республикасының аумағында карантиндік объектілердің таралу ошағын оқшауландыру және жою үшін бюджеттік қаражаттың есебінен сатып алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) бөледі;

16) өсімдіктердің карантині бойынша шекара пункттері мен посттарында әкелінетін карантиндік өнімді тұрақты бастапқы карантиндік қарауды, қажет болған кезде, үлгілердің, көлік құралдарының, қол жүгінің және багаждың үлгісімен олардың зертханалық сараптамасын, әкелінетін және транзиттік карантиндік өнімге арналған карантиндік құжаттарға тексеру жүргізеді;

17) соңғы пункттердегі әкелінетін карантиндік өнімнің түсуінде осы өнімнің тұрақты қайталама карантиндік қарауын, қажеттілік кезінде, аумақтың және оның шығу орнының, жеткізу пунктін, сондай-ақ карантиндік объектілерден бос немесе аздаған таралуымен аймақтың фитосанитарлық сипаттамасын ескере отырып, үлгілерін іріктеумен олардың зертханалық сараптамасын, карантиндік құжаттарға тексеру



ж ү р г і з е д і ;

18) әкетілетін карантиндік өнімді түсіру орындарында тұрақты карантиндік қарауды , қажет болған кезде кезінде үлгілерін іріктей отырып, зертханалық сараптаманы және фитосанитарлық сертификаттауды жүргізеді;

19) әкетілетін және транзиттік карантиндік өнім өсімдіктерінің карантині бойынша шекара пункттері мен посттарында карантиндік құжаттарды ресімдеудің болуы мен дұрыстығына тұрақты тексеру жүргізеді;

20) карантиндік өнімдерді тұрақты қарауды, қажет болған кезде, үлгілерін іріктей отырып, олардың зертханалық сараптамасын, республиканың рыноктары мен сауда жасайтын кәсіпорындарында карантиндік құжаттарды тексеруді жүргізеді;

21) ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, рыноктардың, өсімдік тектес өнімді өсіретін, дайындайтын, жинақтайтын, қайта өңдейтін және өткізетін шаруа (фермер), қосалқы және саяжай шаруашылықтарының, ауыл шаруашылығы, орман, су және басқа да мақсаттағы жерлердің аумақтары мен үй-жайларына тұрақты бақылау іріктеу зерттеулерін жүргізеді;

22) карантиндік объектілердің таралу ошағын анықтау, оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы және тиімді жүргізу жөніндегі жұмыс барысына тұрақты бақылау жүргізеді;

23) Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі заңнамасын айқындалған бұзушылықтарды жою, карантиндік өнімді, сондай-ақ көлік құралдарын зарарсыздандыру жөніндегі іс-шараларды орындау туралы нұсқаманы береді және олардың орындалуын бақылайды;

24) карантиндік объектілермен және бөгде түрлермен жасырын зақымданудың болуына жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерде импорттық егу және отырғызу материалын тексеру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды;

25) фитосанитарлық, карантиндік сертификаттарды және карантиндік өнімге арналған импорттық карантиндік рұқсат етулерді береді;

26) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарға карантиндік режимді енгізумен немесе оны жоюмен карантиндік аймақты белгілеу туралы ұсыныс енгізеді, сондай-ақ осы аймақтарда міндетті іс-шараларды жүргізудің тәртібін әзірлейді және ұсынады;

27) карантиндік аймақтарда міндетті іс-шаралардың орындалуына тұрақты бақылауды жүргізеді;

28) өсімдіктердің карантині саласында жасалған келісім-шарттарға сәйкес халықаралық нормалар мен талаптарды орындауды қамтамасыз етеді;

29) Республиканың мүдделерін халықаралық ұйымдардағы өсімдіктер карантині мәселесі бойынша білдіреді.

2. Тиісті уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы, ал оның орынбасары - Қазақстан

Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары болып табылады.

Уәкілетті органның облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдарының басшылары тиісті облыстар мен қалалардың өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар болып табылады.

Өсімдіктер карантині бойынша бақылауды тікелей жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының өзге де лауазымды тұлғалары өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы болып табылады.

3. Уәкілетті орган өз қызметін шекара, кеден, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу арқылы жүзеге асырады.

4. Оның құзіреті шегінде қабылданған уәкілетті органның шешімі лауазымды тұлғалардың, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

5. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары оған жүктелген міндеттерді шешуде уәкілетті органға жәрдем көрсетуге міндетті."

5) 7 - 1 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерде импорттық егу және отырғызу материалындағы жасырын зақымдануды анықтайды.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац "өсімдіктер карантинін қамтамсыз ету жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын ;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) карантиндік объектілердің ошағын анықтайды және олардың таралу шекарасын айқындайды;"

б) 9-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) уәкілетті органның ұсынымы бойынша тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе немесе оны жоя отырып карантиндік аймақты белгілеу туралы шешімді қабылдайды.";

7) 10-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөлімдермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерді әкелудің алдын алу олардың таралуының бар ошақтарын уақтылы анықтау, оқшаулау және жою мақсатымен карантиндік өнімді тұрақты карантиндік қарау, үлгілерін ала отырып, бақылау іріктеу зерттеулеріне олардың зертханалық сараптамасын, карантиндік құжаттарға тексеру жүргізу және карантиндік іс-шаралардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру өсімдік және азық-түлік ресурстарын қорғауға, карантиндік объектілермен күреске бюджет қаражаттарының болжанбаған шығыстарын болдырмауға, сондай-ақ отандық өнімнің бәсеке қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Өсімдіктер карантинін мемлекеттік бақылау мен карантиндік шараларды жүргізу адамдардың өсімдік карантині бойынша бақылау объектісіне жатқызылған мүлігін

сақтауға бағытталған және тексеру тағайындау туралы акті шығарусыз жүзеге асырылады.";

8) 12-баптың 5) тармақшасындағы "саяжай қожалықтарының" деген сөздер "рыноктарының" деген сөздермен толықтырылсын;

9 ) 13 - б а п т а :

атауындағы "әкелу мен әкету" деген сөздер "әкелу әкету, транзит, ішкі мемлекеттік тасымал, қарау және зарарсыздандыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы бөлімдермен толықтырылсын:

"жеке және заңды тұлғалар импорттық карантиндік рұқсаттарды алу үшін әкелуге дейін 30 күннен кешіктірмей немесе карантиндік өнімді Қазақстан Республикасы арқылы транзитті жүзеге асыруға дейін 5 күн ішінде уәкілетті органға мынадай мәліметтері бар өтінім береді:

1) Қазақстан Республикасына карантиндік өнімді әкелудің (транзиті) мақсаты және әкелінетін жүктің буып-түю тәсілі мен қаттау түрін көрсете отырып, әрбір түрі бойынша жеке оның саны;

2) өнімді пайдаланудың мақсаты мен орны (мекен-жай, ал транзиттік жүктер үшін - бағыт және жеткізу елі);

3) карантиндік өнімдер импорты немесе транзит болжанатын экспорттаушы елдердің атауы, сондай-ақ карантиндік өнімдерді шығаратын елдердің атауы;

4) карантиндік өнімнің ықтимал келу мерзімдері немесе транзиттік тасымалдың мерзімдері;

5) ол арқылы Қазақстан Республикасына карантиндік өнім әкелінетін шекара пунктінің (постының) атауы.

Карантиндік өнімді әкелуге (транзитке) импорттық карантиндік рұқсат алуға өтінімде өтініш беруші өз есебінен карантиндік шараларды орындауға кепілдік береді.

Импорттық карантиндік өнім Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жабық немесе изотермикалық, ақаусыз және пломбаланған контейнерлерде, герметикалық қораптарда, вагондарда, автофургондарда, авторефрижераторларда және басқа да көлік құралдарында тасымалданады.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, консульдық мекемелердің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің, сондай-ақ артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланушы тұлғалардың карантиндік өнімді әкелуі Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі."

4-тармақ мынадай мазмұндағы бөлімдермен толықтырылсын:

"Жеке және заңды тұлғалар фитосанитарлық сертификатты алу үшін өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органдарға мынадай мәліметтерді көрсете отырып, жүкті тиіп-жөнелтудің болжамды мерзіміне дейін 15 күн бұрын өтінім береді:

1) карантиндік өнімдердің атауы және оның саны;

- 2) импортқа шығарушы елдің атауы және карантиндік өнім жеткізілетін мекен-жай;
- 3) импорттық карантиндік рұқсатта немесе экспортталатын карантиндік өнімге арналған шартта көрсетілген импортқа шығарушы елдің өсімдіктер карантині бойынша ұлттық қызметтің өсімдіктер карантині саласындағы талабы;
- 4) карантиндік өнімді түсіру мерзімдері мен орны;
- 5) ол арқылы жүкті әкелу болжанатын импортқа шығарушы ел шекара пунктінің атауы.

Әкелінетін карантиндік өнімнің карантиндік жай-күйін өсімдіктердің карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жүкті түсірудің бастапқы орындарында және қайтадан, экспорттық партияларды қайта түсіру (қалыптастыру) кезінде теңіз және өзен порттарында (айлақтарында), темір жол станцияларында, әуежайларда, почта байланысы кәсіпорындарында, рыноктарда, автовокзалдарда (автостансаларда) және өзге де объектілерде белгілейді. Шекара пункті мен посттарында қайта түсірусіз әкету кезінде тек түсіру орнынан берілген фитосанитарлық сертификатты дұрыс ресімдеуге бақылау жүзеге асырылады.

Фитосанитарлық сертификатты карантиндік объектілердің болуына карантиндік өнімді тексерген өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор береді және белгіленген үлгідегі жеке қолымен және мөрімен (мөртаңбасымен) куәландырады. Фитосанитарлық сертификат карантиндік өнімнің әрбір партиясына беріледі және оның карантиндік жай-күйін куәландыруы, жүргізілген зарарсыздандыру, осы өнімді жеткізу жөніндегі басқа да қосымша карантиндік талаптарды орындау туралы мәліметі болуы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Карантиндік өнімді облысаралық тасымалдау уәкілетті орган аумақтық органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор беретін карантиндік сертификаттардың болуы кезінде жүзеге асырылады.

Карантиндік сертификатты алу үшін жеке және заңды тұлғалар өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органға өтінім береді, сондай-ақ жүкті жіберудің болжамды мерзімнен 5 күн бұрын өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға карантиндік жай-күйді айқындау үшін өнімді береді.

Өтінімде карантиндік өнімнің атауы, жету пункті және пайдалану мақсаты көрсетіледі.

Барар жолда немесе жету пунктінде карантиндік өнімді қайта басқа мекен-жайға жіберу аумағында бұл операциялар жүзеге асырылатын өсімдіктердің карантині жөніндегі аумақтық органның рұқсатымен жүргізіледі.

Барар жолда Қазақстан Республикасының карантиндік аймағынан әкетілген карантинге жатқызылған өнімді қайта басқа мекен-жайға жіберуге тыйым салынады.

Әкелінетін карантиндік өнім жүктің жету пунктінде карантиндік қайта қарауға жатады."

5-тармақ мынадай мазмұндағы бөлімдермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін карантиндік өнім, карантинге жатқызылатын өнім ауыстырылатын көлік өсімдіктер карантині бойынша бақылауға және қажеттілік кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізудің шекара пункттерінде карантиндік қарауға, сондай-ақ тиісті актілерді ресімдеумен жүкті жеткізу орны бойынша карантиндік қарауға жатады.

Шекара пункті мен посттың өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы жүктердің иесіне Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі қолданыстағы заңнамасын түсіндіреді, импорттық карантиндік рұқсат етудің және экспорттаушы ел ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитарлық сертификатының болуын тексереді, көліктің, карантиндік өнімге (жүкке), ыдысқа сыртқы қарау жүргізеді. Карантиндік өнімнен үлгілерді іріктеуді, карантиндік зиянкестерді, өсімдіктер мен арамшөптердің ауруларын анықтау мақсатында оларды сол жерде зерттеу жүргізеді. Қажет болған кезде үлгілер мен объектілер Республикалық карантиндік зертханаға карантиндік түрлерге объектілердің түрлік тиістілігін растауға беріледі.

Егер, жүкті тасымалдаушы карантиндік бақылау үшін карантиндік өнімді көрсетуден бас тартқан жағдайда, онда осы өнім оның иесіне қаражаттың есебінен экспорттаушы елге қайтаруға жатады, ол туралы өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының аумақтық, шекара және кеден органдарын хабардар етеді.

Карантиндік объектілер табылған карантинді өнім карантиндік арамшөптерден тазартуға, зарарсыздандыруға немесе техникалық қайта өңдеуге жатады. Карантиндік өнімді зарарсыздандырумен, тазартумен немесе қайта өңдеумен байланысты шығыстарды жүктердің иелері төлейді.

Ерекше ғылыми немесе өзге де құндылықты білдіретін карантиндік объектілер жұққан тұқымдар мен отырғызу материалы олардың иелерінің өтінімі бойынша жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерге тексеру үшін берілуі мүмкін. Карантиндік объектілермен жұғуды жоюдан кейін тұқымдар мен отырғызу материалы олардың иесіне қайтарылады.

Карантиндік өнімді алып қоюды (оның ішінде, почталық жіберілімдерден, қол жүгінен және багаждан) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор жүзеге асырады, ол туралы алып қою актісі жасалады.

Карантиндік өнімге карантиндік қарауды өткізуден және қажетті карантиндік іс-шараларды жүргізуден кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор ілеспелі тауар-көлік құжаттарына жету пунктіне әкелуге немесе транзитке рұқсат бере отырып, карантиндік бақылаудан өту туралы белгіленген үлгідегі мөртаңба қояды және жүк иесіне карантиндік қараудың актісін береді.

Шекарадағы карантиндік өнімі бар (жүктері) жүк операцияларын (басқа көлік

құралымен әкелінетін жүкті қайта тиеп-түсіруді) өсімдіктер карантині бойынша бақылауды және міндетті карантиндік бақылауды жүргізуден кейін өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік инспектордың рұқсат етуі бойынша жүк иелері жүргізеді.

Әкелінетін карантиндік өнім (жүктер), сондай-ақ өсімдіктер карантині жөніндегі шекара пункттері мен бекеттеріндегі карантиндік бақылаудан өткен көлік құралдары карантинге жатқызылған өнімнің жіберілуінің соңғы жету пунктінде карантиндік қарауға жатады.

Карантиндік өнімді және көлік құралдарын қарауды, жүктің жету пунктінде талдау мен сараптауға үлгілерді іріктеуді кейіннен зиянкестердің түрлік құрамын, өсімдіктер мен арамшөптердің ауруларын анықтауға сараптау жүргізе отырып, аумақтық органның өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор жүзеге асырады, олардың нәтижелері бойынша осы өнімді пайдаланудың шарттары туралы жазбасы бар қарау актісі жасалады. Карантиндік өнімді талдауға және объектілердің түрлік құрамын сараптаудың қажеттілігі кезінде жабдықталған зертханасы бар ұйымдар және өсімдіктердің карантині бойынша білікті кадрлар тартылуы мүмкін."

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Зарарсыздандыруға зарарсыздандыру өнімі импорттық карантиндік рұқсатпен көзделген карантиндік объектілер жүкқан көлік құралдары мен карантиндік өнім, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының нұсқамасы бойынша карантиндік қатынастағы көлік құралдары мен карантиндік әлеуетті қауіпті өнімдер жатады.

Импорттық карантиндік рұқсатпен көзделген, сондай-ақ шекара пункттері және шекарада посттары бар уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларының нұсқамалары бойынша, карантиндік қараудың нәтижесі негізінде карантиндік өнімді зарарсыздандыру өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың фумигация отрядтармен шарт негізінде жүктердің иелері жүргізеді.

Шекара пункттері мен посттарындағы карантиндік өнімді карантиндік объектілердің анықтауы кезінде зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстар фумигациялық камераларда, штабелдерде, кемелер мен баржалардың трюмдерінде, вагондарда, контейнерлерде және көліктің басқа да түрлерінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүргізіледі.

Импорттық карантиндік өнімді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының карантиндік аймағынан әкелінетін өнімді тасымалдаудан кейін көлік құралдарының барлық түрлері өсімдіктердің карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар айқындаған жерлерде фумигацияның қажеттілігі жағдайында қалдықтарды жоюмен міндетті тазартуға жатады.

Фумигацияға көлік құралдары мен жүктерді дайындауды фумигациялық отрядтар

мамандарының басшылығымен жүктердің немесе көлік ұйымдарының иелері о р ы н д а й д ы .

Шетелдік мемлекеттердегі карантиндік өнімге зарарсыздандыру жүргізу кезінде әкелінетін өнімді фумиганттардың қалдық санын ұстап тұруға фумигациялық отрядтардың мамандары тексереді."

13) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Карантиндік объектілерді анықтау тәртібі

1. Карантиндік объектілерді уақтылы анықтау олардың таралу ошақтарының шекарасын айқындау мақсатында жер және орман алқаптары, ауыл шаруашылығы, әсемдік, дәрілік және басқа да дақылдардың егістері мен отырғызылымдары, ғимараттар, үймереттер, контейнерлер, қоймалар, өзге де объектілер және карантиндік өнімді шығарумен, қайта өңдеумен, сақтаумен, тасымалдаумен және өткізумен байланысты кәсіпорындардың аумақтары және карантиндік объектілердің жұғу және таралу көзі болуы мүмкін өзге де объектілер жүйелік зерттеуге жатады.

Бұл жұмыстарды орындауды уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларының нұсқамалары бойынша жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ шарт негізінде өсімдіктердің карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қамтамасыз етеді.

2. Зерттеулер нәтижелері, сондай-ақ бұл ретте, анықталған зиянкестер, өсімдіктер мен арамшөптер ауруларының қоздырғыштары осы объектілердің карантиндік түрлерге тиістілігін айқындау және растау үшін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларға жіберіледі. Объектілер айқындалмаған жағдайда, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар оларды Республикалық карантиндік зертханаға карантиндік түрлердің тиістілігіне растауға жібереді.

Аумақтық органдардың өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары аталған объектілерге бақылау зерттеулерін жүргізеді. Зерттеулер нәтижелері, өсімдіктер карантині бойынша бақылау жүргізу туралы актімен ресімделеді."

14) 14-баптың 2-тармағының екінші бөліміндегі "қайтарылуға," деген сөздерден кейін "тазартуға " деген сөздермен толықтырылсын.

24. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 18, 111-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 28-3) тармақшамен толықтырылсын:

"28-3) тексеру - білім беру және лицензиялық ережелер саласындағы заңнаманы білім беру ұйымдарының сақтауын айқындау мақсатында жасалатын бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның іс-әрекеті;"

2) 12-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:  
"білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамау.";

3 ) 3 1 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) және 6-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) бастапқы кәсіби және орта кәсіби білімнің негізгі және қосымша бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

6-1) білім беру қызметін, бастапқы кәсіби және орта кәсіби білімнің негізгі және қосымша бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы білім бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың мемлекеттік аттестациясын, сондай-ақ балалар жасөспірімдер спорт мектептерін лицензиялауды жүзеге асырады;"

3-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) бастапқы жалпы, негізгі жалпы немесе орта жалпы, бастапқы кәсіби, орта кәсіби білім берудің негізгі және қосымша бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

4-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мамандандырылған және арнайы білім беруді қоспағанда, бастапқы жалпы, негізгі жалпы немесе орта жалпы білім берудің білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының (ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан), сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

4) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау

1. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау мемлекеттің білім алуға азаматтардың құқығын қамтамасыз етуге және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан негізгі және қосымша білім бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың олардың білім қызметінің Қазақстан Республикасының білім беру, мемлекеттік жалпы білім стандарттары саласындағы заңнама талаптарына білім қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарына сәйкестігін сақтауға бағытталған және оны уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылаудың объектілері мыналар болып табылады:

1) негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі;

2) оқитындардың тиісті білім беру бағдарламаларын игеру деңгейі.



3. Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері болып мыналар табылады:

- 1) аралық мемлекеттік бақылау;
- 2) білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестация;
- 3) бірыңғай ұлттық тестілеу;
- 4) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау;
- 5) білім беру ұйымдарын аккредиттеу;
- 6) лицензиялау ережелерінің сақталуын бақылау;
- 7) білім беру ұйымының Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасын сақтауын бақылау.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік бақылаудың түрлері мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) ауызша;
- 2) жазбаша;
- 3) кешенді тестілеу;
- 4) тестілеу;
- 5) тексерулер;
- 6) ведомстволық статистикалық бақылаулар.

Мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде көрсетілген үлгілер бірге жүргізілуі мүмкін .";

5) 35-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1-бап. Аралық мемлекеттік бақылау

1. Аралық мемлекеттік бақылау мыналарда:

1) тиісті сатыдағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын білім алушылардың меңгергенін тексеру мақсатында жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдарында;

2) білім алушылардың кәсіптік жоғары білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартының жалпы білім беру және базалық тәртіптерінің циклына кіретін жекелеген тәртіптерді игергенін олар екінші курсты бітіргеннен кейін (медициналық оқу орындарында - үшінші курсты бітіргеннен кейін) тексеру мақсатында кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Аралық мемлекеттік бақылау оқытудың барлық нысандары бойынша білім алушылар үшін меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

3. Орта жалпы білім берудің бастауыш және негізгі сатысына арналған аралық мемлекеттік бақылау білім алушылар білім алатын білім беру ұйымдарының базасында жүргізіледі. Жоғары кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарында білім алушылардың аралық мемлекеттік бақылауы уәкілетті орган белгілеген жоғарғы оқу орындарының базасында жүргізіледі. Мұндай жоғары оқу орындарының тізбесі аралық мемлекеттік бақылау жүргізілгенге бір айға дейін кешіктірмей білім беру ұйымдарына мәліметке жіберіледі.

4. Базасында аралық мемлекеттік бақылау жүргізілетін әрбір білім беру ұйымдарының жанынан мемлекеттік және апелляциялық комиссия құрылады.

5. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері білім беру ұйымдарында аралық мемлекеттік бақылауды дайындау және өткізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік комиссия :

1) аралық мемлекеттік бақылау бойынша ұйымдастырушылық және ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізеді;

2) уәкілетті органның тапсырмасы бойынша аралық мемлекеттік бақылауды ұйымдастырушылық-технологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымдармен бірлесіп, аралық мемлекеттік бақылау рәсімдеріне жататын білім алушылардың дерекқорын құрады ;

3) аралық мемлекеттік бақылауды өткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды;

4) аралық мемлекеттік бақылаудан өту үшін тіркелген барлық білім алушылардың келуін бақылайды ;

5) аудиториялар бойынша кезекші ретінде жұмыстар үшін оқытушылардың кандидатурасын ұсынады ;

6) аудиториялар бойынша кезекшілерге нұсқама жүргізеді;

7) апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

8) аралық мемлекеттік бақылау өткізудің белгіленген тәртібінің сақталуын, ақпараттық қауіпсіздік режимін қамтамасыз етуді бақылайды.

9) аралық мемлекеттік бақылаудың нәтижелерін білім алушыларға мәлімдейді;

10) жоғары кәсіби білім беретін ұйымдарда аралық мемлекеттік бақылау сертификаттарын беруді ұйымдастырады;

11) аралық мемлекеттік бақылаудың нәтижелерімен бірге сыныптар (топтар) бойынша ведомостары қоса берілген анықтаманы құрастырады және уәкілетті органның тапсырмасы бойынша аралық мемлекеттік бақылауды ұйымдастырушылық-технологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымдарға береді;

12) аралық мемлекеттік бақылауды өткізу қорытындылары туралы есепті құрастырады және уәкілетті органға тапсырады.

Оған жүктелген негізгі міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік комиссияның міндеттері :

1) өз құзіреті шегінде аралық мемлекеттік бақылауды өткізуді ұйымдастыруға;

2) аралық мемлекеттік бақылау мәселелері және мемлекеттік комиссиялардың жұмыстарының тиімділігін арттыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныстар енгізуге құқығы бар .

Мемлекеттік комиссияның Төрағасы базасында аралық мемлекеттік бақылау жүргізілетін білім беру ұйымының бастығы болып табылады.

Жоғары кәсіби білім беретін білім беру ұйымдары үшін мемлекеттік комиссияның құрамын аралық мемлекеттік бақылау өткізу кезеңіне уәкілетті орган бекітеді.

Жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдары үшін мемлекеттік комиссияның құрамын аралық мемлекеттік бақылау өткізу кезеңіне облыстардың, республикалық маңызды қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

Мемлекеттік комиссияның құрамына білім алушылары аралық мемлекеттік бақылау рәсімдерінен өтетін білім беру ұйымдарының өкілдері, қоғамның, құқық қорғау органдарының, бұқаралық ақпараттық құралдарының өкілдері енгізіледі.

Мемлекеттік комиссия оның төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс істейді.

Мемлекеттік комиссияның хатшысы жұмыс жоспарын, мәжілістің күн тәртібін құрады комиссия мүшелерінің өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады және іс жүргізуге жауап береді.

Мемлекеттік комиссияның мәжілісі, егер де оған оның мүшелерінің жалпы санының 2/3-астамы қатысса өткізілді деп есептеледі.

Мемлекеттік комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің мәжілістеріне қатысқандар санының дауыстарының көпшілігімен қабылданады және комиссияның барлық мүшелері қол қоятын мәжіліс хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының шешуші дауысқа құқығы бар.

6. Апелляциялық комиссия білім беру ұйымдарының орташа жалпы білім пәндері және жоғарғы кәсіби білім беру тәртіптері бойынша педагогтерінен құрылады.

Жоғарғы кәсіби білім беретін білім беру ұйымы үшін апелляциялық комиссияның төрағасын уәкілетті орган бекітеді.

Орташа кәсіби білім беретін білім беру ұйымының апелляциялық комиссиясының төрағасын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы бекітеді.

Апелляциялық комиссияның құрамын мемлекеттік комиссияның төрағасы бекітеді.

Апелляциялық комиссия аралық мемлекеттік бақылаудың нәтижелерімен келіспеген білім алушылардың өтінімдерін қабылдайды және қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамы дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссияның төрағасының шешуші дауысқа құқығы бар.

Апелляциялық комиссияның шешімі барлық комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді және оны мемлекеттік комиссияның төрағасы бекітеді.

7. Аралық мемлекеттік бақылау уәкілетті орган бекіткен және стандарттау және сертификаттау саласындағы уәкілетті органмен келісілген технологиялар бойынша кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі.

8. Уәкілетті орган аралық мемлекеттік бақылауды жүргізу мерзімдерін, орташа жалпы білім беру және жоғары кәсіби білім беру тәртіптерін аралық мемлекеттік бақылау пәндерінің тізбесін айқындайды.

9. Білім алушылардың аралық мемлекеттік бақылауды тапсыруларының нәтижелері, егер де ол уәкілетті орган белгілеген өту деңгейінен кем емес балдар санын жинаса, орташа жалпы білім беру ұйымдарында "игерді" деген, жоғары кәсіби білім беру ұйымдарында "сынақтан өтті" деген белгімен бағаланады.

10. Аралық мемлекеттік бақылау нәтижелерінің негізінде жоғарғы кәсіби білім беретін ұйымдарда білім алушыларға нысанын уәкілетті орган бекітетін сертификат б е р е д і .

11. Аралық мемлекеттік бақылаудың нәтижелерімен келіспейтін білім алушылар апелляцияға бере алады. Апелляцияға өтінім аралық мемлекеттік бақылаудың нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ке дейін апелляциялық комиссияға тапсырылады. Өтінімді апелляциялық комиссия апелляция тапсырылғаннан кейін т ә у л і к і ш і н д е қ а р а й д ы .

12. Аралық мемлекеттік бақылаудан өтпеген білім алушылардың уәкілетті орган белгілеген тәртіпте аралық мемлекеттік бақылаудан қайтадан өтуге құқығы бар.

Қайталама аралық мемлекеттік бақылауға аралық мемлекеттік бақылау тапсырмаған, аралық мемлекеттік бақылау тапсыруға ауруына байланысты немесе басқа да дәлелді себеппен келе алмаған, тиісті құжаттық растамасы бар білім алушылар қатысады. Білім алушылардың қайталама аралық мемлекеттік бақылауы уәкілетті орган белгілеген м е р з і м д е б і р р е т ө т к і з і л е д і .

Мемлекеттік білім беру гранттарына ие, аралық мемлекеттік бақылаудан екінші рет өтпеген студенттер - мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуын жалғастырудан айрылады және ақылы негізде қайтадан оқу курсына қалулары мүмкін.

Екінші рет аралық мемлекеттік бақылаудан өтпеген ақылы бөлім студенттері ақылы негізде қайтадан оқу курсына қалулары мүмкін.";

б) мынадай мазмұндағы 35-2, 35-3, 35-4, 35-5, 35-6 баптармен толықтырылсын:

"35-2 бап. Бірыңғай ұлттық тестілеу

1. Бірыңғай ұлттық тестілеу ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының орта кәсіби білім немесе жоғарғы кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарына түсуге ниет қойған жалпы орта білім берудің жоғары сатысында білім алушылар үшін жыл сайын ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Бірыңғай ұлттық тестілеуді тапсыруға жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын игерген білім беру ұйымдарының барлық бітірушілері ерікті негізде ж і б е р і л е д і .

Ерекше үлгідегі аттестатты және "Алтын белгі" белгісін, үздік аттестатты алуға үміткерлері, ағымдағы жылдың оқушылардың республикалық ғылыми жарыстарының және олимпиадаларының жүлдегерлері үшін бірыңғай ұлттық тесті тапсыру міндетті.

Бірыңғай ұлттық тест тапсыруға қатыспаған шетелдерде мектеп оқушыларымен халықаралық алмасу желісі бойынша білім алатын білім берудің жалпы білім беру ұйымдарының бітірушілерін, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытылатын

мектептердің бітірушілерін, республикалық музыка мектеп-интернаттарын бітірушілерін жиынтықты мемлекеттік аттестаттау тоқсандық, жылдық және емтихан бағаларының негізінде білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылда жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадаға қатысушылар осы олимпиадаларға дайындық және қатысу мерзімдері бірыңғай ұлттық тестіні өткізу мерзіміне сәйкес келген кезде бірыңғай ұлттық тестілеуден босатылады.

2. Бірыңғай ұлттық тестілеу төрт пән: үш міндетті - қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), математика Қазақстан тарихы және таңдаған мамандық бойынша бір пән б о й ы н ш а ө т к і з і л е д і .

Шығармашылық мамандығын таңдап алған бітірушілер үшін төртінші пән еркін таңдалады. Орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беру ұйымдарына қабылдау кезінде бұндай бітірушілер үшін олардың таңдап алған білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары өткізетін шығармашылық емтихандары белгіленетін болады.

3. Бірыңғай ұлттық тестілеуді жүргізу технологиясын уәкілетті орган бекітеді.

4. Бірыңғай ұлттық тестілеу тізбесін уәкілетті орган бекітетін тестілеуді жүргізу пункттерінің базасында өткізіледі.

Бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысуға арналған өтініштер 1-наурыздан 30-сәуірге дейінгі мерзімде қабылданады. Бітірушілердің өтініштер бланкілерін толтыруы олар оқитын жалпы орта білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Бірыңғай ұлттық тестілеу 10-нан 15-шілдеге дейін тестілеу пункттерінде жүргізіледі

Бірыңғай ұлттық тестілеу жалпы білім беру пәндері бағдарламасының негізінде әзірленген тестік тапсырмалар көмегімен жүргізіледі.

Бірыңғай ұлттық тестілеудің нәтижелері конкурстық комиссия үшін балдық жүйе бойынша және жалпы орта білім туралы аттестатты алу үшін бес балдық жүйе бойынша бағаланады. Балдарды бағаға ауыстыруды уәкілетті орган белгілеген шәкілге сәйкес мемлекеттік комиссия жүргізеді.

5. Бірыңғай ұлттық тестілеуді ұйымдастыру және жүргізу үшін тестілеуді жүргізудің әрбір пунктінде мемлекеттік комиссия құрылады.

Мемлекеттік комиссияның құрамына жергілікті үкіметтік және атқарушы билік органдарының өкілдері, білім беруді басқару органдарының, білім беру ұйымдарының басшылары, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білікті қызметкерлерінің ішінен тағайындалған хатшы енгізіледі.

Мемлекеттік комиссияның Төрағасы болып базасында тестілеу пункті құрылған ұйымның басшысы тағайындалады.

Бірыңғай ұлттық тестілеуді жүргізу кезеңіне мемлекеттік комиссияның құрамын облыстардың, республикалық маңызы қалалардың, астананың білім беру жоғары оқу орындары мен департаменттерінің ұсынуы бойынша бірыңғай ұлттық тестілеу

басталғанға дейін екі айда уәкілетті орган бекітеді.

Облыс, қала, аудандардың бітірушілері үшін бірыңғай ұлттық тестілеуді дайындау және жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері болып табылады.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік комиссия:

1) халықтар арасында бірыңғай ұлттық тестілеу бойынша ұйымдастырушылық және ақпараттық-түсіндірме жұмысын өткізеді;

2) бірыңғай ұлттық тестілеуді дайындау және жүргізу барысында уәкілетті органның тапсырмасы бойынша бірыңғай ұлттық тестілеуді ұйымдастырушылық-технологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарымен, сондай-ақ түрлі деңгейдегі білім беруді басқару органдарымен, білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекетті қамтамасыз етеді;

3) бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысуға бітірушілердің өтініштерін қабылдауды ұйымдастырады;

4) бірыңғай ұлттық тестілеу пәндері бойынша бітірушілердің консультацияларын өткізуді ұйымдастырады;

5) бітірушілердің бірыңғай ұлттық тестілеуін өткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды;

6) бірыңғай ұлттық тестілеу аяқталғаннан кейін дұрыс жауаптардың кодтарын іліп қояды және тестілеудің нәтижелерін хабарлайды;

7) бірыңғай ұлттық тестілеу бойынша апелляциялық комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

8) бірыңғай ұлттық тестілеудің сертификаттарын беруді ұйымдастырады.

Оған жүктелген негізгі міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік комиссия бірыңғай ұлттық тестілеуді жүргізуді ұйымдастыруды өз күзіреті шегінде жүзеге асыруға құқығы бар.

Мемлекеттік комиссия оның төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс істейді.

Мемлекеттік комиссияның хатшысы жұмыс жоспарын, мәжілістің күн тәртібін құрады, комиссия мүшелерінің өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады және іс жүргізуге жауап береді.

Мемлекеттік комиссияның мәжілісі, егер де оған оның мүшелерінің жалпы санының 2/3-астамы қатысса өткізілді деп есептеледі.

Мемлекеттік комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің мәжілістеріне қатысқандар санының дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады және комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қоятын мәжіліс хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының шешуші дауысқа құқығы бар.

6. Бірыңғай талаптарды сақтауды және тестік тапсырмаларды бағалау кезінде даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеуді жүргізуді әрбір пунктінде апелляциялық

к о м и с с и я

қ ұ р ы л а д ы .

Апелляциялық комиссиясының төрағасын уәкілетті орган, ал оның құрамын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекітеді. Апелляциялық комиссияның құрамына мемлекеттік комиссияның мүшелері кірмеуі керек.

Апелляциялық комиссия тестілеуге қатысушылардың өтінімдерін қабылдайды және қарайды, жинаған балдардың сәйкестігін тексереді, балдарды қосу туралы шешім қабылдайды және апелляцияға өтініш білдірген тестілеуге қатысушыға апелляцияның қорытындысы туралы хабарлайды.

Апелляцияға өтініштер апелляциялық комиссияға тестілеудің нәтижелерін хабарлағаннан кейін келесі күні 13 сағатқа дейін ұсынылады және апелляциялық комиссия бір тәулік ішінде қарайды. Өтінішті арнайы бланкте комиссия төрағасының атына тестілеуге қатысушының жеке өзі береді. Өтінім берушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттары, бірыңғай ұлттық тестілеуге рұқсаты болуы керек.

Апелляциялық комиссияның жұмысын апелляциялық комиссияның төрағасы, ол болмағанда - апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары басқарады.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамының көпшілік дауыстарымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссияның төрағасының шешуші дауысқа құқығы бар. Комиссияның жұмысы төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамалармен ресімделеді.

7. Бірыңғай ұлттық тестілеу мен оның технологияларын жүргізудің белгіленген тәртібін сақтауды бақылауды тестілеу пункттеріне жіберілген уәкілетті орган өкілі жүзеге асырады.

8. Бірыңғай ұлттық тестілеу тапсырған бітірушілерге:

- 1) бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелері туралы белгіленген үлгідегі сертификат;
- 2) орташа жалпы білім туралы аттестат беріледі.

Бірыңғай ұлттық тестілеудің нәтижелері туралы сертификатты мемлекеттік комиссия толтырады және бірыңғай ұлттық тестілеуді тапсырған күннен бастап үш күн ішінде тестілеу пункті береді. Сертификатқа бірыңғай ұлттық тестілеу шеңберінде әрбір пән бойынша балдар қойылады.

Сертификат мемлекеттік комиссия төрағасының, уәкілетті орган төрағасының қолымен куәландырылады және базасында тестілеу пункті ұйымдастырылған жоғарғы оқу орнының немесе білім беру басқармасының жергілікті органының мөрі басылады.

Орташа жалпы білім туралы аттестатты бітірушілер бірыңғай ұлттық тестілеу тапсыру сәтінде білім алған білім беру ұйымы береді. Бірыңғай ұлттық тестілеу шеңберінде тапсырылған жалпы білім беру пәндері бойынша аттестатқа мемлекеттік комиссияның шешіміне сәйкес бірыңғай ұлттық тестілеуде алынған бағалар қойылады.

35-3-бап. Білім беруді ұйымдастыруды мемлекеттік аттестаттау

1. Білім беруді ұйымдастыруды мемлекеттік аттестаттауды олардың ведомстволық бағыныстығына және меншіктілік нысанына қатыссыз уәкілетті орган олардың құзыреттеріне сәйкес жоспарлық тәртіпте бес жылда бір рет өткізеді.

2. Білім беруді ұйымдастыру филиалдарын мемлекеттік аттестаттау білім беруді ұйымдастыру құрамында, білім беруді ұйымдастыру үшін көзделген тәртіпте жүргізіледі.

3. Білім беруді ұйымдастыруды мемлекеттік аттестаттаудың негізгі қағидаттары Жан-жақтылық, міндеттілік мерзімдік және жариялылық болып табылады.

4. Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы заңнамасының талаптарын, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және біліктілік талаптарын орындауын бақылау мақсатында мемлекеттік аттестаттау білім беруді ұйымдастыру бойынша жалпы және мамандық пен кәсіп бөлігінде жүзеге асырылады.

5. Бірінші мемлекеттік аттестаттау қайта құрылған:

1) бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орташа жалпы білім беру бағдарламаларды іске асыратын білім беру ұйымдарында төрт жыл сайын;

2) бастауыш кәсіби, орташа кәсіби, жоғары кәсіби және жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сәйкес деңгейдегі мамандарды бірінші шығарғаннан бір жыл кешіктірмей;

3) мектепке дейінгі және мектептен кейінгі ұйымдарда төрт жыл сайын өткізіледі.

6. Аралық мемлекеттік бақылаудан өтпеген білім алушылардың саны уәкілетті орган белгілеген шектік саннан асатын білім беру ұйымдары кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауға жатады.

7. Білім беруді ұйымдастыруды аттестаттауды жүргізу кезінде мыналар:

1) білім беру ұйымдарының сәйкес деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындауы;

2) білім беру ұйымдарының өз қызметінде білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауы айқындалады;

Аттестаттауды жүргізу кезінде зерделеу объектілері мыналар болып табылады:

1) білім беру бағдарламаларының және олардың бағаларының тізбесі;

2) іске асырылатын бағдарламаларды нормативтік қамтамасыз ету;

3) оқу және тәрбие процесі;

4) білім мен тәрбиенің мазмұны, әдісі және технологиясы;

5) кадрлар біліктілігіне талаптар;

6) ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;

7) білім беруді ұйымдастыруға талап (кадр құрамы, материалдық-техникалық және әлеуметтік база, қаржылық-экономикалық тұрақтылық, білім берудің техникалық құралы, ақпараттық-кітапханалық база, ғылыми-зерттеу және өндірістік база, педагогикалық кадрларды және жоғарғы ғылыми біліктілік кадрларын даярлауға



арналған базалар, өндірістік тәжірибені өткізуге арналған базалар);

8) жұмыстардың бағыттары (әкімшілік-ұйымдық жұмыс, әдістемелік жұмыс, оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, тәрбиелік жұмыс, жоғары ғылыми біліктілік кадрларын даярлау және ғылыми-педагогикалық кадрларды қайта даярлау, халықаралық ынтымақтастық, бітірушілерді жұмысқа тұрғызу бойынша тұтынушылармен жұмыс жасауды ұйымдастыру қызметі, кәсіби бағдарлық жұмыс);

Аттестациялық комиссияның құрамын тиісті уәкілетті орган бекітеді.

9) білім алушыларды даярлау сапасын басқару жүйесі болып табылады.

8. Мемлекеттік аттестацияны жүргізу үшін уәкілетті орган олардың құзыреттеріне сәйкес аттестациялық комиссия құрады.

9. Аттестациялық комиссияның құрамына мыналар енгізіледі:

1) білім беру саласындағы тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері;

2) қарамағында білім беру ұйымдары бар мемлекеттік органдардың, сондай-ақ олардың құзыретінің күшінде мүдделі орташа кәсіби, жоғары кәсіби және жоғары оқу орынынан кейінгі кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялауды жүргізу кезіндегі орталық атқарушы органдардың өкілдері;

3) Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының өкілдері және жетекші педагогикалық жұмыскерлер.

10. Аттестациялық комиссия уәкілетті орган бекіткен білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау кестесіне сәйкес әрбір білім беру ұйымы үшін 10 күннен аспайтын мерзімде мемлекеттік аттестациялауды жүргізеді.

Уәкілетті орган аталған мерзімді аттестациялық комиссияның дәлелденген өтінімінің негізінде ұзартуға, бірақ үш күннен асырмауға құқылы.

11. Мемлекеттік аттестациялаудың кестелері білім беру ұйымына аттестациялау басталғанға дейін үш ай қалғанда жеткізіледі.

Мемлекеттік аттестациялаудың бекітілген кестелеріне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда білім беру ұйымдары осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген мерзімдерде хабардар етілуі тиіс.

12. Мемлекеттік аттестациялау кестелеріне сәйкес мемлекеттік аттестациялауға жататын білім беру ұйымдары мемлекеттік аттестациялау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей уәкілетті органға құжаттарды береді.

13. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттауды жүргізудің шығындары бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

14. Аттестациялық комиссияның шешімдері, олар шыққаннан кейін он күннен кешіктірілмей тиісті уәкілетті органның бұйрығымен бекітуге жатады.

15. Аттестациялық комиссия мынадай дәлелденген шешімдер қабылдауға құқылы:

1) аттестатталсын;

2) аттестатталмасын.

"Аттестатталсын" шешімі, егер:

1) білім беру қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының талаптарына, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен біліктілік талаптарына сәйкес болса;

2) білім алушылар олардың білімін тексерудің (кешенді тестілеу, жазбаша бақылау жұмыстары, сондай-ақ бақылаудың өзге де нысандары) нәтижелері бойынша уәкілетті орган нормативті белгілеген өту деңгейінен жоғары бағалар алған болса қабылданады.

"Аттестатталмасын" шешімі білім беру ұйымы аттестаттаудың көрсетілген шарттарының кемінде біреуін орындамаған жағдайда қабылданады.

Аттестациялық комиссияның шешімі уәкілетті органның қайта қарауына жатпайды.

16. Бастауыш кәсіби, орташа кәсіби, жоғарғы кәсіби және жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын, олардың білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындамағандығы туралы және біліктілік талаптарына сәйкессіздігін куәландыратын білім беру ұйымдарын аттестацияламау фактісі білім беру ұйымының аттестацияланбаған мамандықтары (кәсіптері) бойынша лицензияларын алып қоюға және білім беру ұйымының алып қойылған лицензияларын лицензиярға қайтарғанға дейін лицензияларының әрекетін тоқтату үшін негіздеме болып табылады.

Екі немесе одан да көп жылдар ішінде нақты мамандық (кәсіп) бойынша білім алушылардың болмауы білім беру ұйымының осы мамандық (кәсіп) бойынша лицензиясын алып қоюға негіз болады.

17. Білім алушылар болмаған жағдайда аттестациялық комиссия білім беру ұйымының осы мамандық (кәсіп) бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігіне білім беру қызметін тексеруді жүзеге асырады.

18. Аттестациялық комиссияның шешімі заңнамамен белгіленген тәртіпте шағымдалуы мүмкін.

19. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс жасайтын шетелдік және халықаралық білім беру ұйымдарын, сондай-ақ олардың филиалдарын мемлекеттік аттестациялау Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары үшін белгіленген шарттарда және тәртіпте жүзеге асырылады, егер де Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе.

35-4-бап. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу

1. Білім бері ұйымдарын аккредиттеу (бұдан әрі - аккредиттеу) мемлекеттік аттестаттау негізіндегі олардың өтінімдері, білім беру ұйымдарын аккредитациялық органдар бекіткен үлгісі мен түрі бойынша кредиттеу үшін сапа көрсеткіштерін бағалаудың тізбесі мен критерийлері бойынша жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымын аккредиттеу барлық мүдделі тұлғаларға білім беру бағдарламалары мен процестерінің сапасы, сондай-ақ болашақта мұнан да жоғары сапаға қол жеткізу үшін тиімді тетіктердің бар болуын растаулар туралы жан-жақты

ақпараттар беру мақсатында жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарын аккредиттеу мамандандырылған және конституционалды б о л а д ы .

3. Білім беру ұйымын аккредиттеу оның қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Аккредиттеуден білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияға сәйкес білім беру ұйымдары (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) өтеді.

5. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған білім берудің халықаралық және шетелдік ұйымдары немесе олардың филиалдары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына қандай болса, дәл сондай шарттар мен тәртіпте аккредиттеуден ө т е д і .

6. Аккредиттеу органының қажет болғанда білім беру ұйымдарын аккредиттеу мәселелерін ұжымдық және жариялы түрде қарау үшін консультативтік-кеңесші орган к ұ р у ғ а к ұ қ ы ғ ы б а р .

7. Білім беру ұйымдарын аккредиттеуді алу үшін мынадай материалдар қажет:

1) аккредиттеу органы бекіткен нысандағы өтінім;

2) білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияның көшірмесі;

3) мемлекеттік аттестациялау нәтижелерінің қорытындысы;

4) білім беру ұйымының қызметін кешенді бағалау үшін аккредиттелген орган бекіткен нысан бойынша ақпарат.

8. Білім беру ұйымдарының материалдарын қарауды және шешім қабылдауды аккредиттеу органы алты айдан асырмай жүргізеді.

9. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу кезінде бағалауға мынадай көрсеткіштер т а р т ы л а д ы :

1) оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-техникалық және қаржылық-шаруашылық қызмет;

2) әкімшілік-басқару персоналының қызметі;

3) материалдық-техникалық және әлеуметтік қамтамасыз ету;

4) кадрлық әлеует және ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі жұмыстың жай-күйі.

10. Білім беру ұйымдары берген білім беру ұйымдарын тексеру құжаттарын, материалдарын қараудың нәтижелері бойынша аккредиттеу органы мынадай шешімдер қ а б ы л д а й д ы :

1) білім беру ұйымын немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеу;

2) білім беру ұйымын немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден бас тарту .

11. Аккредиттеуден бас тарту үшін:

1) 7-баптың тармағына сәйкес талап етілген барлық құжаттарды бермеу;

2) дұрыс емес мәліметтер беру;

3) құрылтайшылық құжаттарда көрсетілген білім беру ұйымының үлгісі мен түрі білім беру ұйымын аккредиттеу үшін негізгі көрсеткіштерді бағалаудың тізбесі мен критерийлеріне сәйкес емес;



тұлғалармен байланысты қосымша ақпаратты алуда қажеттілік туындаған жағдайда үшінші тұлғаларға қатысты өткізілетін тексеру.

5. Жоспарлы тексеру екі жылда бір рет өткізіледі.

6. Білім беру мен ғылымның халықаралық және шетелдік ұйымдары немесе Қазақстан Республикасының аумағында құрылған олардың филиалдары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары сияқты тәртіпте тексеріледі.

7. Білім беру ұйымдарын тексеру тексеруді өткізу туралы уәкілетті органның шешімі негізінде өткізіледі.

8. Тексеруді жүргізу үшін комиссия құрылады. Комиссия құрамын, өткізу мерзімін, тексеру объектісін, мәнін уәкілетті орган бекітеді. Тексеруге білім және ғылым ұйымдарының мамандары тартылуы мүмкін.

9. Тексерулердің ұзақтығы 7 күннен аспауы тиіс. Тексеру өткізудің дәлелді негіздері болған кезде 10 күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Білім берудің тексерілетін ұйымы тексеру басталғанға дейінгі 2 күннен кешіктірмей алдағы тексеру туралы ескертілуі тиіс.

10. Тексеруші тұлғалар тексерулерді жүргізу уақытында кез-келген қажетті ақпаратты сұратуға, тексеру мәніне жататын құжаттардың түпнұсқаларымен танысуға құқығы бар.

11. Комиссия біліктілік талаптарына білім беру қызметінің шарттарына сәйкестігін айқындау мақсатымен мыналарды зерттейді: құрылтай құжаттары, оқу-материалдық база, кітапханалық қор, тамақтандыру және медициналық қызмет көрсету пункттерінің қамтамасыз етілуі, практика базасының болуы, оқытушылардың сапалық құрамы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың жай-күйі (жоғары оқу орындарында), материалдық активтердің болуын растайтын қаржы құжаттары, оқытындардың контингенті, оның ішінде, мамандықтар (кәсіптер бойынша) бойынша және оқыту нысандары бойынша көрсеткіштер, оқу жоспары пәндерінің оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес педагогикалық жүктемені жоспарлауға және бөлуге талдау жүргізу.

12. Біліктілік талаптарына оқытушылардың сапалық және сандық құрамының сәйкестігі базалық білім беру мамандығы және оқытушыларды ғылыми дайындаудың шифры бойынша айқындалады.

13. Комиссия оқу процессін ақпараттық-әдістемелік және кітапханалық қамтамасыз етуді зерделеу үшін мыналарды айқындайды:

1) білім беру ұйымының компьютерлік-ақпараттық базасының болуы және жай-күйі ;

2) кітапхана қорының білім беру ұйымының кітапхана қорларын қалыптастыруға қойылатын сандық және сапалық сипаттамаларына сәйкестігі;

3) электронды және магниттік тасығыштардағы оқу және оқу-әдістемелік әдебиет қорының болуы .

14. Білім беру ұйымының жалпы және оқу алаңдарын айқындау кезінде құқық

белгілейтін құжаттардың тиістілігі мен дұрыстығы және олардың білім беру бағдарламалары бойынша білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті талаптарының мазмұны (білім беру ұйымының тиісті түріне сәйкес келетін) мен талаптарына және олардың қолданыстағы санитарлық ережелер құрылғыларына сәйкестігі белгіленеді.

15. Заңды тұлғалардың лицензиясыз білім беру қызметін жүзеге асыру фактісі анықталған кезде, сондай-ақ, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет, статистикалық және өзге де мәліметтер туралы ақпаратты беруден бас тартуда, тексеру жүргізу үшін енуден бас тарту немесе өзге кедергі келтіру не теріс ақпаратты беруде көрініс берген тексеру жүргізуге кедергі келтіру жағдайында заңнамада белгіленген тәртіпте әкімшілік өндіріс қозғалады.

16. Тексеру тексерудің қорытындысы туралы анықтаманы жасаумен аяқталады. Тексерудің қорытындысы туралы анықтамаға жазылған фактілердің анықтығын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

17. Комиссия әзірлеген тексеру қорытындысы туралы анықтамамен өз қолы мен ұйымның мөрін қоятын тексерілетін ұйымының басшысы танысуы тиіс. Бұл ретте, ол тұтастай алғанда немесе жекелеген позициялар бойынша тексеру нәтижелерімен келіспеу туралы жазбаны жасауға құқылы.

Білім беру ұйымының басшысы анықтамаға қол қоюға бас тартқан немесе басшының не оның міндетін атқарушы тұлғаның қолын алу мүмкіндігі жоқ болған жағдайда комиссия төрағасы анықтамада тиісті жазбаны жүргізеді.

Анықтаманың бір данасы тексерілетін ұйымда қалады.

18. Тексеру қорытындысы туралы анықтаманы қарау нәтижелері бойынша біліктілік талаптарын сақтамау фактілері болған және Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасын бұзушылық кезінде уәкілетті орган мынадай:

- 1) білім беру ұйымы лицензиясының күшін тоқтата тұру туралы;
- 2) білім беру ұйымынан лицензияны қайтарып алу туралы;
- 3) мемлекеттік емес ұйымдарды тіркеу туралы куәліктің күшін тоқтата тұру туралы;
- 4) мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредиттеу туралы куәліктің күшін тоқтата тұру туралы;
- 5) ғылыми ұйымдардың кезектен тыс аттестаттауын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

35-6-бап. Білім беру жүйелерінің басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасында білім беру жүйелерінің басқару органдарын толық, анық, салыстырмалы ақпараттармен уақытылы қамтамасыз ету мақсатында білім беруді тиімді басқару мүмкіндігімен қамтамасыз ететін білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылады және қолданылады.

2. Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі өзіне белгіленген көрсеткіштер

бойынша білім беру жүйесіндегі есепке алу деректерін, білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарынан, білім беруді басқарудың жергілікті мемлекеттік органдарынан, олардың өз функцияларын жүзеге асыру кезінде білім беру ұйымдарынан алынған білім беру мониторингінің деректері мен өзге де деректерді қамтиды."

25. "Демпингке қарсы шаралар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19 ,  
6 5 4 - қ ұ ж а т ) :

5-баптың атауындағы "бақылау" деген сөз "реттеу" деген сөзбен ауыстырылсын.

26. "Дене тәрбиесі және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24 ,  
1 0 6 5 - қ ұ ж а т ; 2 0 0 3 ж . , N 1 5 , 1 2 9 - қ ұ ж а т ) :  
мынадай мазмұндағы 24-2-баппен толықтырылсын:

"24-2-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Спорт объектілерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету жөніндегі стандарттарды, ережелерді және нормаларды сақтау мәніне тексерулерді жүргізу арқылы уәкілетті орган мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2. Шағымдар, өтініштер және мәлімсіз өтінімдерді қоспағанда, ресми хабарламалардың басқа да нысандары, сондай-ақ уәкілетті органның лауазымды тұлғалары берген нұсқамаларды орындау мен заң бұзушылықтарды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу мемлекеттік бақылауды жүргізудің негіздемесі болып табылады.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жылына кемінде бір рет жүргізіледі."

27. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат, 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

1) 43-баптың 14) тармақшасындағы "инспекциялау (тексеру)" деген сөздер "тексеру" сөзімен ауыстырылсын;

2 ) 4 4 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Тексеру";

1-тармақтағы "инспекциялау (тексеру)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат):  
мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Бақылау халықты жұмыспен қамту туралы заңнаманы сақтау жөніндегі тексерулер, олардың түрлері мен нысандары арқылы жүзеге асырылады

## 1. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жоспарлы тексеру - заңнамада белгіленген алдыңғы тексерулерге қатысу бойынша уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін орталық атқарушы орган немесе оның аумақтық бөлімшесі алдын ала жоспарлайтын тексеру;

2) жоспардан тыс - уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Бас прокуратурасының, осыған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың өтініштер, өтінімдер, арыздар, хабарламалар және жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де ақпараттар бойынша тапсырмаларымен немесе сұрауларымен, заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтаумен байланысты, азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіптер төнген жағдайда және апатты жағдайларда, сондай-ақ анықталған жоспарлы іс-шара нәтижелерін бұзушылықтарды болдырмау туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында жүргізетін тексеру;

бірлескен - орталық атқарушы орган немесе оның аумақтық бөлімшесі, басқа бақылаушы органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша кешенді жүргізілетін тексеру.

2. Бір жеке немесе заңды тұлғаға қатысты тексеру кемінде жылына бір рет, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге көзделмесе, шетелдік жұмыс күштерін тартуға рұқсаттарда айтылған шарттарды орындау жөніндегі тексерулерді қоспағанда, шағын кәсіпкердің субъектісін үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

3. Жоспардан тыс тексеруді орталық атқарушы орган немесе оның аумақтық бөлімшелері азаматтардың немесе заңды тұлғалардың, оның ішінде халықты жұмыспен қамту туралы заңнаманың міндетті талаптарын жеке және заңды тұлғалардың бұзушылықтарын, сондай-ақ мұндай бұзушылық белгілерінің болуы туралы куәландыратын құжаттармен және өзге де дәлелдермен расталатын ақпаратты алуға мемлекеттік органдардың шағымдары мен өтініштері түскен жағдайда жүргізіледі.

Мәлімсіз өтінімдер жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіз бола алмайды.

4. Тексеру ұзақтығы отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс. Арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болғанда, сондай-ақ тексерудің айтарлықтай көлеміне байланысты айрықша жағдайларда мемлекеттік бақылау органының басшысы (не оны ауыстыратын тұлға) тексеру жүргізу мерзімін құрылымдық бөлімшелері жоқ заңды тұлғалар үшін жиырма жұмыс күніне дейін және құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар үшін отыз жұмыс күніне дейін мерзімге ұзартуы мүмкін."

29. "Туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13 -14, 175-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; 2003 ж., N 23, 168-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 11-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы



органдарына туристік қызметтің субъектілерінің қызметін ұйымдастырумен байланысты әдістемелік және консультативтік көмек көрсетеді;"

2) мынадай мазмұндағы 28-1-баппен толықтырылсын:

"28-1-бап. 1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңнамасының және тексерулер және (немесе) құжаттарға сұрау салу жолымен туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың туристік қызмет саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін орындауына бақылауды жүзеге асырады .

2. Туристік қызмет субъектілерін тексеру жоспарлыққа (жоспарланған және тиісті мемлекеттік орган бекіткен) және жоспардан тысқа (шағымдар, өтініштер бойынша жедел әсер етуді талап ететін қалыптасқан жағдайға сәйкес тағайындалған) бөлінеді.

3. Жоспарлық тексерулер жылына кемінде бір рет жүргізіледі."

30. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат):

1) 19-баптың б) тармақшасындағы "сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың," деген сөздер алынып тасталсын;

2 ) 3 1 - б а п т а :

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы орган" деген сөздер "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақ алынып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 31-1-бабымен толықтырылсын:

"31-1-бап. Сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру тәртібі

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру, объектіні пайдалануға беруді, төтенше жағдайларды пайда болуын, қылмыстық іс қозғауды, шағын кәсіпкерлік субъектісінің өз өтінішін, мәлімсіздерді қоспағанда жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтінішін қоспағанда үш жылда бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

Жоспарланған тексеру мерзімдері туралы хабарлама тапсырыс берушіге (меншік иесіне), авторлық қадағалау тобы мен құрылыстың осы объектісі бойынша мердігерге (бас мердігерге) тексеру басталғанға дейін 2 күннен кешіктірілмей жіберіледі.

Тапсырыс беруші (меншік иесі) мен мердігер (бас мердігер) сәулет-құрылыс бақылауының мемлекеттік органы немесе мемлекеттік құрылыс инспекторы сұратқан осы құрылыс бойынша жобалық және атқару техникалық құжаттамасын, сондай-ақ тиісті жобалар жөніндегі сараптама қорытындысын ұсынады.

Сәулет-құрылыс бақылаудың мемлекеттік органы (мемлекеттік құрылыс инспекторы) құрылысты инспекциялау барысында:

1) бекітілген жобалық (жоба-сметалық) құжаттаманың, жоба сараптамасының оң

қорытындысының, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісіне тиісті  
р ұ қ с а т т ы ң б о л у ы н ;

2) лицензияланатын сәулет-қала құрылысы қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру  
қ ұ қ ы ғы н а л и ц е н з и я н ы ң б о л у ы н ;

3) орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаж жұмыстарының, қолданылатын  
құрылыс материалдары (өнімдер, конструкциялар) және жабдықтардың бекітілген  
жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық), оның ішінде өтпе және  
қоршама конструкциялардың мықтылығын, табандылығын және ғимараттың (   
құрылыстың) пайдалану сипаттарын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге  
с ә й к е с т і г і н ;

4) өндірістік бақылау меншігінің барлық түрлері мен нысандарындағы мердігердің (   
бас мердігердің) құрылыс сапасын (кіріс, операциялық, қабылдау зертханалық,  
геодезиялық тағы басқа) ұйымдастыруы мен жүзеге асыруын;

5) атқарушы құжаттаманың уақытылы және дұрыс ресімделуін белгілейді.

Құрылыс сапасына жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша жұмысы тексерілген  
мердігерге (бас мердігерге), сондай-ақ тапсырыс берушіге (меншік иесіне) берілетін  
уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша айқындалған ақаулар сипаттала  
отырып, анықтама және объектілер ведомосі жасақталады.

Сәулет-құрылыс бақылауы мемлекеттік органдарының немесе мемлекеттік құрылыс  
инспекторларының ұйғарымына Қазақстан Республикасының заңнамасында  
белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.";

4) 32 - б а п т ы ң 4 - т а р м а ғы н д а :

2) тармақшадағы "жүзеге асыратын" деген сөздерден кейін "осы тармақтың 3)   
тармақшасында көрсетілгендерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "жеке тұлғалар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ шағын  
кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын.

31. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8  
желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N  
23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; 2004 жылғы 28  
желтоқсандағы N 296-297 "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан  
Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері  
арасында өкілеттіктердің ара жігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері  
бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының  
2004 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы );

1 ) 1 - т а р а у д а :

1-бап мынадай мазмұндағы 2-1, 28-1 тармақшаларымен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік көлікті бақылау (бұдан әрі - көліктік бақылау) - заңды және жеке  
тұлғалардың темір жол көлігі саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауын  
тексеру мақсатында уәкілетті орган жүргізетін іс-шаралар жиынтығы;

28-1) тексеру - шаруашылық субъектілерінің Қазақстан Республикасының темір жол саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауын айқындау мақсатында жасалатын бақылау функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың әрекеті;" ;

2) 14-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 31), 32) тармақшаларымен толықтырылсын :

31) заңды және жеке тұлғалардың темір жол көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтауын мемлекеттік бақылау;

32) көлік қызметтерін көрсету саласындағы лицензиялық ережелердің сақтамауын мемлекеттік бақылау;

3) 9-тарау мынадай мазмұндағы 66-1, 66-2 баптарымен толықтырылсын:

"66-1-бап. Тасымалдаушылардың уәкілетті орган белгілеген жолаушыларды, багаж бен жүк багаждарды тасымалдау ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережелері мыналарды айқындайды:

1) жолаушылардың поезддарда жүріп-тұру ережесін сақтауын;

2) қол жүгі мен багажды тасымалдаудың тәртібі мен шарттарын сақтауды;

3) тасымалдаушылардың жүк багажын тасымалдау тәртібін сақтауын;

4) жолда жүру құжаттарының (билеттердің) сатылуын ұйымдастыру, мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмыс тәртібін сақтауды;

5) тасымалдаушылардың жолаушы вагондарының белгіленген санаттарын, оның ішінде жайлылық деңгейі бойынша сақтауын;

6) жолаушы поездары мен вокзалдарда жолаушыларға көрсетілетін шұғыл медициналық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, міндетті қызметтер көрсету тізбесінің сақталуын ;

7) жолаушылардың поезд жағдайларының өзгерісі, төсек керек-жарақтарының берілуі мен поезддардағы басқа да қызметтердің тәртібі мен шарттарының сақталуын;

8) тасымалдаушылардың багажды, жүк багажын қабылдау және беру шарттары мен тәртібін ;

9) тасымал құжаттарының белгіленген нысанын және олардың ресімделу тәртібінің сақталуын ;

10) тасымалдаушылардың тасымалдауға рұқсат етілетін жануарларды тасымалдау тәртібін, оларды тасымалдау шарттарын сақтауды;

11) тасымалдаушылардың багажды және жол жүру жолында жүк-багажды беру тәртібін сақтау ;

12) тасымалдаушылардың багажды және жүк-багажды сақтау, ұстап тұру, беру тәртібін сақтау ;

13) тасымалдаушылардың қауіпті заттарды тасымалдау шарттарын сақтау;

14) пайдаланылмаған жол жүру құжаттарының төлемдерін қайтару тәртібін сақтау;

- 15) кәмелетке толмаған балалардың жол жүру ережелерін сақтау;  
16) бақылаушы органдар лауазымды тұлғаларының әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауы және жолын кесуі;  
17) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге шарттарды сақтау.

66-2-бап. Жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау ережелерін тексеру тәртібі

1. Тасымалдаушыларды Жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау ережелерін сақтаулары бойынша тексеруді уәкілетті органның лауазымды тұлғалары қызметтік куәліктерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тексеру жүргізуге нұсқамаларды (тапсырмаларды) көрсете отырып жүзеге асырады;

2. Тексерудің аяқталуы бойынша тексеру актісі жасалады бұзушылықтар анықталғанда оларды жою туралы нұсқаулар беріледі.";

4) мынадай мазмұндағы 10-1-тараумен толықтырылсын:

"10-1-тарау. Темір жол көлігі саласындағы көліктік бақылауды жүзеге асыру

88-1-бап. Көліктік бақылауды жүргізудің мәні мен мақсаты

1. Көліктік бақылау жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын темір жол көлігі саласындағы қызметіне жүргізіледі.

2. Көліктік бақылауды жүргізу мақсаты Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасының темір жол көлігіндегі қауіпсіз пайдалану және тиімді қызмет бойынша талаптарын сақтау болып табылады.

3. Уәкілетті орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасасады, бақылаудың бірлескен шараларын қабылдайды, ақпаратпен өзара алмасуды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар уәкілетті органға темір жол көлігі саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көліктік бақылауды жүзеге асыру бойынша міндеттерді орындауына жәрдем көрсетуге міндетті.

88-2-бап. Тексеру жүргізудің кезеңдігі және түрлері

1. Тексеру түрлері:

жоспарлы - уәкілетті органның алдағы тексеруге қатысты заңнамамен белгіленген уақытша интервалдарды ескеріп жүргізетін алдын ала жоспарланған тексеруі;

жоспардан тыс - уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Бас прокуратурасының, осыған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың өтініштер, өтінімдер, арыздар, хабарламалар және жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де ақпараттар бойынша

тапсырмаларымен немесе сұрауларымен, заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтаумен байланысты азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіптер төнген жағдайда және апатты жағдайларда, сондай-ақ анықталған жоспарлы іс-шара нәтижелерін бұзушылықтарды болдырмау туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында жүргізетін тексеру;

қарсы - уәкілетті орган жоспардан тыс тәртіпте тексерілетін шаруашылық субъект шарттық міндеттемеде не өзге де құқықтық қатынастарда болған жеке немесе заңды тұлғаларға (филиалдарға немесе өкілдіктерге) қатысты берілген не алынған қосымша ақпараттың растығын қайта тексеру мақсатында жүргізетін тексеруі;

рейдтік - бірнеше шаруашылық субъектілерінің қызметтерін бір уақытта қамтитын олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері жөніндегі тексеру.

Тексеру тексеру тағайындау туралы актінің негізінде жүргізіледі және нәтижелері тексеру жүргізу туралы актімен ресімделеді. Қажет болғанда анықталған бұзушылықтарды болдырмауға нұсқаулар беріледі.

2. Тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайлардан басқа, тасымалдаушының және көліктік кәсіпорынның қызметін тоқтатуға тиісті емес.

Уәкілетті орган заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін заңды тұлғаның өзін тексеруді жүргізуге қатыссыз тексеруге құқылы.

#### 88-3. Тексеру жүргізу мерзімдері

1. Тексеру жүргізу мерзімі егер де Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі көзделмеген болса, актіні тапсырған сәттен бастап отыз жұмыс күндерінен аспауы тиіс.

2. Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаны тексеруді жүргізу кезіндегі тексеру жүргізу мерзімін уәкілетті орган қырық жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

3. Ерекше күрделі мәселелерді тексеру кезінде тексеру жүргізу мерзімін уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлға үшін елу жұмыс күніне дейін және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін алпыс жұмыс күніне дейін ұлғайтуы мүмкін. Ерекше күрделі мәселелер уәкілетті органның тасымалдаушыға және көліктік кәсіпорынға берілетін негізделген жазбаша шешімімен расталады.

4. Тексеру жүргізу мерзімі тасымалдаушыға уәкілетті органның құжаттарды беру туралы талаптарын тапсырған және тасымалдаушы тексеру жүргізу кезінде сұралған құжаттарды берген сәттер арасындағы кезеңде, сондай-ақ уәкілетті органның сұрау салуы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алу сәтінде тоқтатылады.

5. Темір жол саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектісі егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі көзделмеген болса, жылына бір реттен жиі емес тексеруге жатады.

88-4. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін уәкілетті орган мыналарға құқылы:

1) жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты, материалдарды, уәкілетті органның құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша анықтамалық деректерді с ұ р а у ғ а ;

2) темір жол көлігіндегі тасымалдаушылық және басқа қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың қызметін мыналарға қатысты тексеру:

3) темір жол желілерінің және темір жол кірме жолдарының станциялық және магистралдық жолдарын ұстау;

4) жылжымалы құрамды ұстау, пайдалану және жөндеу;

5) жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдаудың белгіленген ережелерін, сондай-ақ жүктерді тасымалдау ережелерін сақтау;

6) темір жол көлігіндегі қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды ұстау, пайдалану және жөндеу;

7) жасанды құрылыстарды, сондай-ақ темір жол өткелдерін ұстау, пайдалану және жөндеу ;

8) біліктілік талаптарын және лицензиялаудың белгіленген нормалары мен ережелерін сақтауды тексереді;

9) өз құзыретінің шегінде тексеру нәтижелері бойынша акт жасайды және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің стандарттарын және нормаларының талаптарын анықталған бұзушылықтарды болдырмау туралы нұсқаулар енгізеді;

10) хаттамалар жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайда заңды тұлғаларды әкімшілік ұстауды көлік құралын ұстауды жүзеге асырады, жеке қарау шығуды және заңды тұлғада болған заттарды қарау шығуды, көлік құралын қ а р а п ш ы ғ у д ы жүргізеді ;

12) өз құзыретінің шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды жүргізеді;

13) уәкілетті органның құзыретіне енгізілген мәселелер жөніндегі сараптамасына қатысу үшін тиісті мамандарды тарту;

14) мемлекеттік органдарға көлік оқиғаларының, көлікті пайдалану ережелерін бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ұсыныс енгізу;

15) магистралдық темір жол желілерінің объектілерін, темір жол жолдарын және жылжымалы құрамды, сондай-ақ жай-күйі қозғалыстың қауіпсіздігіне және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жауап бермейтін жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдау кезіндегі пайдалануды уақытша тоқтатады және тоқтатады.

88-5-бап. Актілердің нысандары

Тексеру жүргізуге актілердің нысандарын, қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар жағдайларын есепке алу бойынша қажетті есепке алу құжаттарын тексеруді жүргізу нәтижелерін ресімдеуді, анықталған бұзушылықтарды болдырмауға нұсқауларды уәкілетті орган белгілейді."

32. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат; 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 296-297 "Казахстанская правда" газетінде жарияланылған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және бюджеттік қатынастар деңгейлерінің арасындағы өкілеттіктерді бөлу мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 13 Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 4-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 16)-49) тармақтармен толықтырылсын:

"16) теңізде жүруді қамтамасыз етуді бақылау уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі болып табылатын Порттың теңіз әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады;

17) шетел мемлекетінің туымен жүзетін кемелердің каботажды жүзеге асыруына  
р ұ қ с а т б е р у ;

18) уәкілетті органның аумақтық органдарының пайдалануда, қысқы тоқтап тұруда, жөндеуде тұрған теңіз кемелерін, сондай-ақ құрылып жатқан кемелерді қарап шығуларын жүргізуді бақылау ;

19) Порт теңіз әкімшілігі жүргізетін теңіз кемелерін топтастыруды, тексеруді және апат жағдайларын есепке алуды бақылауды жүзеге асыру ;

20) кеме экипаждарын жасақтауға қойылатын талаптарды қадағалауды бақылау ;

21) кемең атауы (немесе атаудан бас тарту) туралы уәкілетті органға берілген құжаттардың негізінде шешім қабылдау, бұл туралы Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тиісті жазба жасалады, қабылданған шешім туралы құжат келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде кемең меншікті иесіне хабарлайды.

22) Қазақстан Республикасының кеме құрылысы мен кеме жөндеу кәсіпорындарын техникалық қадағалауды және куәландыруды жүргізу ;

23) теңіз порттарының, жағалаудағы объектілердің, гидротехникалық құрылыстардың, жасанды аралдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру ;

24) Мемлекеттік кеме реестрін, Бербоут-Чартер тілімін және кеме кітабын жүргізуді бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады ;

25) Қазақстан Республикасының теңіз порттарының арасындағы мәліметтердегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңи құқығындағы жүк тиеу портынан ( пункттан) жүк түсіру портына дейінгі тасымалдау мен буксирлеуді бақылауды жүзеге а с ы р у ;

26) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен су көлігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасасу ;

- 27) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте теңіз порттарын жобалауға, құруға және қайта құруға келісім беру;
- 28) кемеде кеме құжаттарының бар-жоғын тексеру;
- 29) кемелерге кеме құжаттарын және мемлекеттік борт нөмірлерін беру;
- 30) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелің командалық құрамының адамдарын дипломдауды, сондай-ақ теңізшілерге паспорттар беруді бақылау;
- 31) шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беру;
- 32) заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын сақтауын, оларды бұзушылықтарды анықтау және оның жолын кесу бойынша шаралар қабылдауды мемлекеттік бақылау;
- 33) уәкілетті органның аумақтық органдары сауда мақсатында теңізде жүзу мақсатында пайдаланатын кемелерді мемлекеттік тіркеуді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 34) білікті органдардың теңіз кемелерін және оларды топтастыруды техникалық бақылауды жүргізуді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 35) кемелер ішкі су жолдарында пайдаланатын байланыс саласындағы ережелерді, нормаларды және стандарттарды орындауды мемлекеттік бақылау;
- 36) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын тасымалдаушының жасасуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 37) заңды және жеке тұлғалардан қажетті ақпараттарды, материалдарды, уәкілетті органның құзыретіне енетін барлық мәселелер бойынша анықтамалық деректерді сұрауға;
- 38) су көлігінде тасымалдық және басқада қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың олардың заңнаманың ережелерін сақтауына қатысты қызметін тексеру;
- 39) біліктілік талаптарын және белгіленген нормаларды және лицензиялау ережелерін сақтауды тексеру;
- 40) өз құзыретінің шегінде тексеру нәтижелері туралы актілер жасайды және анықталған су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және нормалардың талаптарын бұзушылықтарды болдырмау туралы нұсқаулар енгізу;
- 41) хаттамалар жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асырады;
- 42) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайда теңіз және шағын өлшемді кемелерді әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, теңіз және шағын өлшемді кемелерді тексеруді жүргізеді;



43) заңды тұлғаға тиесілі әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе тікелей объектісі болған, әкімшілік бұзушылық жасаған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлікті және заттарды қарап шығуды жүргізу кезінде табылған құжаттарды, тауарларды, өзге де мүлікті және заттарды алуды жүзеге асыру;

44) өз құзыретінің шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап шығуды жүргізу;

45) өз құзыретінің шегінде әкімшілік бұзушылық жасау құралы немесе тікелей объектілер болған заңды тұлғаға тиесілі тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікте тұтқынға алу;

46) уәкілеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаға қатысу үшін тиісті мамандарды тарту;

47) мемлекеттік органдарға көлік оқиғаларының, су көлігін пайдалану ережелерін бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ұсыныс енгізеді;

48) кеме жүргізушілерін даярлау жөнінде курстар ұйымдастыру.";

2) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеме құжаттарының нысандарының тізбесін, жүргізу тәртібін, сондай-ақ әзірлеу мен бекітуді уәкілетті орган айқындайды;

Кеме мынадай кеме құжаттарына ие болуы тиіс:

1) Теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуіне құқығы туралы куәлік;

2) кемедегі меншіктілік құқық туралы куәлік;

3) жүзуге жарамдылық туралы куәлік;

4) жолаушылық куәлік (жолаушылар кемелері үшін);

5) өлшеу куәлігі;

6) жүк маркасы туралы куәлік;

7) мұнаймен ластанудың алдын алу туралы куәлік;

8) ағын сулармен ластанудың алдын алу туралы куәлік;

9) күл-қоқыспен ластанудың алдын алу туралы куәлік;

10) біліктілік куәлігі;

11) кеме радиостанцияларының лицензиясы және радиожурнал (егер де кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

12) кеме рөлі;

13) кеме журналы;

14) машина журналы (механикалық қозғалтқышы бар кемелер үшін);

15) санитарлық журнал;

16) ағын сулармен күресу операцияларының журналы;

17) күл-қоқыспен операциялар журналы;

18) мұнай танкері болып табылмайтын кемелер үшін мұнай операцияларының

ж у р н а л ы ;

19) мұнай танкерлері үшін мұнай операцияларының журналы;

20) жүзу құқығы туралы кемелік санитарлық куәлік;

21) кеме билеті (кемелердің кейбір санаттары үшін);

22) Бербоут-Чартер шарттарында жалға алынған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы к у ә л і к ;

23) кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы т у р а л ы у а қ ы т ш а к у ә л і к ;

24) кемеге (құрылып жатқан кемеге) құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

25) кеме тізілімінің анкетасы;

26) қысқы тоқтауда тұрған кемелерді орналастыру жоспары және нығайту тәсілдері;

27) апаттық жағдайды тексеру туралы акт (апаттық жағдайды тексеру кезінде);

28) кемені куәландыру туралы;

29) кеме құрылысы және кеме жөндеу зауыттарын тану туралы куәлік;

30) кемелерді және порттық құрылыстарды сақтау жөніндегі халықаралық талаптарға сәйкес кемелерді қорғау жөніндегі құжаттар;

31) кеме жүргізушілерінің, кеме электрлі механиктерінің, кеме радио мамандарының және кеме механиктерінің дипломдары;

32) кеме командасы адамдарының біліктілік куәлігі;

33) командалық құрам және кеме командаларының адамдары үшін арнайы куәліктер, теңізге батып кеткен мүлікті көтеруге, портта құрылыс гидротехникалық және өзге жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсат ету құжаттарының нысаны."

33. "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы N 302 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54-құжат; 2004 жылғы 28 желтоқсандағы "Казахстанская правда" газетінде және 2004 жылғы 30 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған " Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және бюджеттік қатынастар деңгейлерінің арасындағы өкілеттіктерді бөлу мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 13 Қазақстан Республикасының Заңы ):

1 ) 1 - б а п :

мынадай мазмұндағы 19) және 20)-тармақшалармен толықтырылсын:

"19) уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

20) жоспарлы тексеріс - заңнамада белгіленген кезеңге сәйкес жүргізілетін бақылаушы органның алдын ала жоспарлаған тексерісі.";

2) мынадай мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:

### Т е к с е р у л е р      т ү р л е р і :

жоспарлы тексеріс - заңнамамен белгіленген мерзімділікке сәйкес жүргізілетін, бақылаушы орган алдын-ала жоспарлаған тексеріс;

жоспардан тыс тексеріс - жоспардан тыс - уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Бас прокуратурасының, осыған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың өтініштер, өтінімдер, арыздар, хабарламалар және жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де ақпараттар бойынша тапсырмаларымен немесе сұрауларымен, заңнаманы бұзушылық белгілерін тікелей анықтаумен байланысты, азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіптер төнген жағдайда және апатты жағдайларда, сондай-ақ анықталған жоспарлы іс-шара нәтижелерін бұзушылықтарды болдырмау туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында жүргізетін тексеру;

кешенді тексеріс - табиғат ортасына антропогендік іс-әрекеттің дәрежесін анықтау және бір ортадан басқа ортаға ластанудың таралуын болдырмау мақсатында қоршаған ортаны және табиғат ресурстарын қорғау саласында реттеуші функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік бақылаудың уәкілетті органдары жүргізетін тексеріс;

қарсы тексеріс - егер тексеріс жүргізу кезінде аталған адамдарға байланысты бақылаушы органдарда қосымша ақпарат алу қажеттілігі туындаған жағдайда үшінші адамға қатысты жүргізілетін тексеріс.

Осы заңмен белгіленбеген тексерістің өзге түрлерін жүргізуге тиым салынады."

34. "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 жылғы 7 қаңтарда "Казахстанская правда" газетінің N 4 және 2004 жылғы 8 қаңтарда "Егемен Қазақстан" газетінің N 4 жарияланған):

1) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы тексеруді ұйымдастыру тәртібі

1. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы тексеруді жүргізуді ұйымдастыру осы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тексеру жүргізу тәртібі мен мерзімдері Жеке кәсіпкерлік туралы Заңмен р е т т е л е д і .

### 3 .                    Т е к с е р у                    т ү р л е р і :

1) жоспарлы - алдағы тексеруге қатысты заңнамамен белгіленген уақытша интервалдарды ескере отырып жүргізілетін әділет органының алдын ала жоспарланған т е к с е р у і ;

2) жоспардан тыс - жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін бұзушылықтар туралы келіп түскен өтініштермен және өзге ақпараттармен байланысты тағайындалатын тексеру;

3) рейдтік - бірнеше субъектілердің қызметін олардың зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері бойынша бір уақытта қамтитын тексеру;

4) қарсы - берілген не тексерілетін субъект шарттық міндеттемеде не өзге құқықтық қатынастарда болған жеке немесе заңды тұлғаға қатысты алынған қосымша ақпараттың дұрыстығын қайта тексеру мақсатында уәкілетті орган жоспардан тыс жүргізетін т е к с е р у ;

Осы Заңмен белгіленбеген тексеру түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

4. Бір тексерілетін субъектіге қатысты жоспарлы тексеру жылына кемінде бір р е т т е н жү р г і з і л у і м ү м к і н .

Жоспардан тыс тексеру жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, арыздары мен ақпараттары бойынша, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін пайдаланатын субъектілерге қатысты уәкілетті органға келіп түскен мемлекеттік орган құзыретінің шеңберіндегі тапсырмалар бойынша жүргізіледі;

5. Тексеру жүргізуге мыналар негіздеме болып табылады:

1) әділет органдарының уәкілеттік лауазымдық тұлғасының құқық бұзушылық ж а с а у ф а к т і с і н т і к е л е й а н ы қ т а у ы ;

2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардан келіп т ү с к е н м а т е р и а л д а р ;

3) жеке және заңды тұлғалардың өтінімдері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат қ ұ р а л д а р ы н д а ғы м ә л і м е т ;

4) әділет органдарының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы ж ұ м ы с ы н ы ң ж о с п а р ы .

6. Уәкілетті лауазымды тұлға бұзушылықты тікелей оны жасау сәтінде тапқан жағдайда және дәлелдемелерді бекіту үшін кезек күттірмейтін әрекеттерді жүргізу қажет болғанда тексеру тағайындау туралы акті келесі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің аумақтық органдарына беріледі.";

2) 23-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерін одан кейінгі ресми жариялау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәніне баспа басылымдарының қызметіне бақылауды жүзеге асыру.";

мынадай мазмұндағы 24-7-бабымен толықтырылсын:

"24-7. Нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерін одан кейінгі ресми жариялау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың түрлері мен тәртібі.";

1. Нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерін одан кейінгі ресми жариялау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәніне бақылауды баспа басылымдарының қызметіне тексеру жүргізу жолымен әділет органдары жүзеге а с ы р а д ы .

Баспа басылымдарының қызметін тексеру мынадай болуы мүмкін:

1) жоспарлы - алдағы тексеруге қатысты заңнамамен белгіленген уақытша интервалдарды ескере отырып жүргізілетін алдын ала жоспарланған тексеру;

2) жоспардан тыс - Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмалары немесе сұрау салуларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заң бұзушылықтар белгісін тікелей анықтай отырып, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, өтініштер, шағымдар, хабарламалар мен өзге де ақпараттар бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін тексеру;

2. Жоспарлы тексерулерді жүргізу жөніндегі әділет органдарының жұмыс жоспарларын Әділет министрі, аумақтық әділет органдарының басшылары бекітеді. Жоспар оларға қатысты тексеру жүргізу және оларды жүргізу кезеңі жоспарланатын баспа басылымдарының тізбесінен тұруы тиіс.

3. Баспа басылымдарының қызметін тексеру тексерістерді тағайындау туралы акті негізінде жүргізіледі. Тексерістерді тағайындау туралы акті мыналардан тұруы тиіс:

1) мемлекеттік органның атауы, тексерістерді тағайындау жөніндегі өкілеттіктерге ие тұлғаның тегі және аты-жөні, лауазымы және оның қолы;

2) бақылаушы органның журналы бойынша тексерістерді тағайындау туралы актінің күні мен тіркеу нөмірі;

3) тексерістерді жүзеге асыратын лауазымды тұлғаның тегі және аты-жөні;

4) баспа басылымдарының атауы, орналасқан жері және салық төлеушінің тіркеу нөмірі ;

5) тексеріс түрі ;

6) тексеріс мәселесі ;

7) тексерісті жүргізу мерзімі;

8) тексерісті тағайындау негіздемесі.

4. Тексерісті тағайындау туралы әділет органдарының актісін басшы қол қояды және мемлекеттік органның мөрімен куәландырылады. Тексерісті тағайындау туралы акті құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы статистикалық қызметті өз күзіреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда міндетті тәртіппен тіркеледі.

5. Тексерісті жүргізу үшін әділет органдарының лауазымды тұлғасы тексерісті тағайындау туралы актіні және қызметтік куәлікті баспа басылымының басшысына көрсетуге міндетті. Оған қатысты тексеріс жүргізу болжанатын субъектінің аталған құжаттарын көрсету кезінде оларға тиесілі аумаққа немесе үй-жайға әділет органының лауазымды тұлғасын жіберуге және тексерісті жүргізу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алудың мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

6. Тексерісті жүргізу мерзімі алдағы жұмыстың көлемін ескере отырып белгіленеді және отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

7. Тексеріс нәтижелері бойынша екі данада баспа басылымдарының қызметін тексеру нәтижелері туралы акті жасалады.

Нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерін одан кейінгі ресми жариялау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу анықталған жағдайда әділет органдары әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы істі қозғайды.

35. "Қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 7-8, 77-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) мәтіндегі "және қадағалау" және "және қадағалаудың" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган).";

3) 4-баптың 1-тармағындағы 4) тармақшадағы "бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ" деген сөздер "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 ) 6 - б а п т а :

атауындағы "өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы" деген сөздер алынып тасталсын ;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді";

2) тармақшадағы "қабылдайды" деген сөз "бекітеді" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы тармақшалармен толықтырылсын:

"апаттың себебіне зерттеу жүргізу тәртібін белгілейді;

екі немесе бірнеше әкімшілік аумақтық бірліктерде арнайы бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомстволарының жанында аумақтық органдарды құрады.";

5 ) 7 - б а п т а :

атауындағы және бірінші абзацтағы "мемлекеттік" және "өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

1) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер "облыстардың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді";

1) тармақша 1-1) тармақшасы деп саналсын;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық ұйымдарындағы қауіпті объектілердегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында, оның ішінде мамандандырылған мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарту арқылы салааралық нормативтік құқықтық актілер әзірлейтін, көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді бекітеді немесе келіседі;"

мынадай мазмұндағы 15), 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"15) өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша қауіпті өндірістік объектілердің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін кәсіби оқытудың тәртібі мен мерзімін айқындайды;

16) мүдделі орталық мемлекеттік органдармен бірге олардың құзіреті шегінде апаттардың себебіне зерттеу жүргізеді;

17) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы халық пен ұйымдарды хабарландырудың тәртібін белгілейді.";

6) 11-баптың 9), 11), 13) және 15) тармақшаларындағы "мемлекеттік", "өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 12-баптың екінші бөлігі және 14-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

8) 5-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және оны жүзеге асырудың тәртібі

15-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау қауіпті өндірістік объектілерін пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын орындауын тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау дербестік және қадағаланатын ұйымдардан тәуелсіздік қағидаттарында жүзеге асырылады.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, оның аумақтық органдарының мемлекеттік инспекторлары өз лауазымдық міндеттерін атқару кезінде:

1) қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдарға баруға;

2) қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын орындауын тексеру үшін қажетті құжаттармен танысуға;

3) қауіпті өндірістік объектілерін пайдаланатын ұйымдардың пайдалануға арналған лицензиялардың шарттарын орындауын тексеруді жүзеге асыруға;

4) қауіпті өндірістің объектілеріндегі оқиғаларға техникалық тергеу жүргізудің дұрыстығын тексеруді, сондай-ақ мұндай тергеулер нәтижелері бойынша қабылданған

шаралардың жеткіліктілігін тексеруді жүзеге асыруға;

5) қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдарға айқындалған өнеркәсіп қауіпсіздік талаптарын бұзуларды жою туралы ұйғарым беруге;

6) өз құзіреті шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында, оның ішінде қауіпті өндірістік объектілердегі ғимараттар мен құрылыстарға және қауіпті өндірістік объектілерінде қолданылатын техникалық қондырғыларға өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыру қажеттілігі туралы нұсқаулар беруге;

7) қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұза отырып жүргізілетін жұмыстарды тоқтата тұру туралы ұйғарым беруге, қажеттілік кезінде қауіпті өндірістік объектілерді, көрсетілген объектілердегі үй-жайларды немесе қауіпті өндірістік объектілерінде қолданылатын техникалық қондырғыларды мөрлеуге, ал қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген жағдайда адамдарды жұмыс орындарынан шығару туралы нұсқау беруге;

8) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе оның аумақтық органының, басқа да мемлекеттік органдардың алдына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның күшін шектеу немесе тоқтата тұру туралы, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бұзылған жағдайда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда көрсетілген лицензияларды мерзімінен бұрын қайтарып алу туралы мәселе қоюға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзуға кінәлі адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тартуға, сондай-ақ көрсетілген адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге;

10) белгіленген тәртіппен соттар немесе төрелік сотта өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзу салдарынан басқа адамдардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалды өтеу туралы қуынымдар бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе аумақтық органның өкілі болып с ө з а л у ғ а ;

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық органының мемлекеттік инспекторлары:

1) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздігі жөніндегі заңнамасы талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздігі жөніндегі заңнамасы талаптарының сақталуы бойынша уақытылы және сапалы тексерулер жүргізуге;

3) ұйымдардың басшыларына, лауазымды тұлғаларына оларды жою жөніндегі шаралар қабылдау үшін айқындалған Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі заңнамасын бұзулар туралы хабарлауға, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;



4) ұйымдардың Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздігі жөніндегі заңнамасын сақтаудың жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштерді жинауды, жинап-қорытуды, жүйелеуді және талдауды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздігі жөніндегі заңнамасы мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында бақылауды жүзеге асыру кезінде азаматтармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға;

7) уәкілетті органға және басқа да мемлекеттік органдарға өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері туралы хабарлауға;

8) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік шаралары жөніндегі заңнамасын бұзу фактілері туралы, оның ішінде жекелеген өндірістерді, цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындары мен жабдықтарды пайдалануды тоқтата тұру (тыйым салу) кезінде материалдарды дайындауға және құқық қорғау органдарына жіберуге;

9) өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша азаматтардың, ұйымдардың шағымдарын, өтініштері мен ұсыныстарын уақытылы қарауға;

10) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қажетті дайындығының болуына;

6. Анықталған Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы заңнамасының талаптарын бұзуларға қарай мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша әсер етудің құқықтық шараларын қабылдау мақсатында мемлекеттік инспекторлар мынадай актілер қойылады:

1) мыналар:

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саласындағы заңнама талаптарын бұзуларды жою туралы;

жарақат алу қауіпі және апатты жағдайлардың пайда болуын болдырмау үшін қауіпті өндірістік объектілерде және жабдықтарда, сондай-ақ өндірістік процестерде өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі алдын алу жұмыстарын өткізу;

көрсетілген мерзімде сотқа қуыным өтінішін міндетті түрде көрсете отырып, үш күннен аспайтын мерзімге қызметкердің және жақын тұратын халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп төнген жағдайда сот шешімінсіз қауіпті өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының және жабдықтардың пайдаланылуына тыйым салу және тоқтата тұру туралы ұйғарымдар;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы заңнамасы бұзылған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы.

Акті нысандарын, олардың жасақтау тәртібі мен берілуін уәкілетті орган бекітеді. Мемлекеттік инспекторлардың актілерін лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті."

36. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі "Өсімдіктерді қорғау туралы" Заңына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жаршысы, 2002 жыл, N 13-14, 140-құжат; 2004 жыл, N 17, 98-құжат; 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Егемен Қазақстан"

және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңы):

1) 14-бап мынадай мазмұндағы 3-1 тармақшамен толықтырылсын:

"3-1. Адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға және мемлекеттік ветеринарлық бақылауға жататын мүлігін сақтауға бағытталған мемлекеттік ветеринариялық бақылау тексеру тағайындау туралы акті шығарусыз жүзеге асырылады.";

2 ) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру:

фитосанитарлық бақылау объектілерінде фитосанитарлық жағдайды; пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды, тасымалдауды және қолдануды; фитосанитарлық есеп пен есеп беруді жүргізу және ұсынуды; пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарды жүргізуді; пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыруды және арнаулы сақтау орындарының (қалдықсақтағыш) жай-күйін; лицензиялық ережелердің сақталуын;"

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы Қазақстан Республикасының өсімдіктерін қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспектор болып табылады .

Уәкілетті органның тиісті аумақтық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерінің өсімдіктерін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор болып табылады.

Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің фитосанитарлық бақылауды тікелей орындайтын басқа лауазымдық тұлғалары өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор болып табылады.";

3) 3, 4-тараулар мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау Өсімдіктерді қорғау жөніндегі талаптар

11-бап. Фитосанитарлық мониторинг және фитосанитарлық іс-шаралар

Қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметі мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитарлық мониторинг жүргізуге, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер зияндылықтың шегінен артық мөлшерде таралуы анықталғанда фитосанитарлық іс-шаралар жүргізуге міндетті.

12-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану

1. Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану пестицидтердің (улы химикаттардың) адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауын қамтамасыз ететін жағдайларда жүргізілуі тиіс.

2. Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану жағдайларына қойылатын міндетті талаптарды мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және көліктік бақылау органдарымен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді.

13-бап. Фитосанитарлық есеп және есептілік

1. Қызметі мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитарлық есеп жүргізеді және уәкілетті органға фитосанитарлық есептілік тапсырады.

2. Фитосанитарлық есептіліктің түрлерін, нысандарын және оларды тапсырудың мерзімдерін уәкілетті орган айқындайды.

14-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу

Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу тіркеулік және өндірістік сынақтардың нәтижесінде мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен келісе отырып уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтер (улы химикаттар) қолдануға рұқсат етіледі және уәкілетті орган жүргізетін пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне е н г і з і л е д і .

Мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді (улы химикаттарды), сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру үшін бастапқы компоненттерді, тіркеу өндірістік сынақтар мен ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін тәжірибелік үлгілерді қоспағанда пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге, әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға тыйым салынады. Тіркеулік, өндірістік сынақтар мен ғылыми зерттеулер үшін әкелінетін пестицидтердің (улы химикаттардың) мөлшерін уәкілетті орган айқындайды.

14-1-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру

1. Тыйым салынған, жарамсыздыққа келген пестицидтер және олардың ыдыстары залалсыздандырылуға жатады. Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру тәртібін уәкілетті орган мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен келісе отырып айқындайды.

2. Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындары (көмінділер) пайдаланылады.

3. Арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) салуға, сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыруға рұқсатты мемлекеттік экологиялық бақылау органы

б е р е д і .

4. Аймақтарда арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) орналастырудың орындылығын және олардың санын жергілікті мемлекеттік басқару органдары уәкілетті органмен және мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен келісе отырып айқындайды.

14-2-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті лицензиялау

1. Пестицидтердің (улы химикаттардың) адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерін болғызбау мақсатында:

1) тіркеу, өндіру сынақтары мен ғылыми зерттеулерге арналған тәжірибелік үлгілерді қоспағанда, пестицидтер (улы химикаттар) мен оларды өндіруге арналған бастапқы компоненттерді әкелу;

2) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), сату және қолдану жөніндегі қызмет лицензиялануға жатады.

2. Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), сату және қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

3. Лицензиат өзінің өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметінің нәтижесі бойынша пестицидтердің (улы химикаттардың) келіп түсуі мен жұмсалуды есепке алуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте уәкілетті органға фитосанитарлық есептілікті ұсынады.

14-3-бап. Пестицидтердің (улы химикаттардың) запасы

1. Пестицидтердің (улы химикаттардың) запасы дегеніміз пестицидтердің (улы химикаттардың) ұдайы жаңартылып отыратын белгілі бір көлемі және ол уәкілетті органның қарауындағы (билігіндегі) мемлекеттік меншік болып табылады.

2. Пестицидтердің (улы химикаттардың) запасы ерекше қауіпті зиянды организмдердің тосыннан жаппай таралуын жоюға арналған және қалыптасатын фитосанитарлық ахуалды ескере отырып, фитосанитарлық мониторинг негізінде бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтер (улы химикаттар) көлемінен қалыптасады.

3. Пестицидтердің (улы химикаттардың) түрлері бойынша запастың нормативін және оларды пайдалану тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

14-4-бап. Фитосанитарлық нормативтер

1. Фитосанитарлық нормативтер фитосанитарлық ахуалды өсімдік шаруашылығы өніміне, ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерге қауіпсіздігі тұрғысынан сипаттайтын көрсеткіштердің жол берілетін сан және (немесе) сапа жөніндегі мәнін айқындайды.

2. Фитосанитарлық нормативтер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізілетін зерттеулер негізінде белгіленеді.

3. Фитосанитарлық нормативтер фитосанитарлық іс-шаралар көлемін объективті

және негіздегі жоспарлауды жүргізу, сондай-ақ зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің жаппай көбею, таралу және оларды жою мүмкіндігін болжау үшін негіз болып табылады.

4. Фитосанитарлық нормативтер өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүргізуі үшін негіз болып табылады.

14-5-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді және өсімдіктерді қорғау жөніндегі мамандарды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті үйлестіру

1. Уәкілетті орган өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды, фитосанитарлық іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібі мен тәсілдерін реттейтін зерттеулер нәтижесінде әзірленген әдістерді, әдістемелерді, ұсыныстарды бекітеді.

2. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мамандарды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламалары (оқу бағдарламалары) уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

14-6-бап. Қызметі мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалардың міндеттері.

Қызметі мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар :

1) фитосанитарлық мониторинг және фитосанитарлық іс-шаралар жүргізуге және зиянды организмдердің зияндылықтың экономикалық шегінен артық мөлшерде дамуы мен таралуына жол бермеуге ;

2) пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтаудың, тасымалдаудың, және қолданудың ережесін сақтауға ;

3) фитосанитарлық есеп жүргізуге және уәкілетті органға есептілік тапсыруға ;

4) пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеулік және өндірістік сынақтарын Ережеге сәйкес жүргізуге ;

5) пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыруға және арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) тиісті жағдайда ұстауға ;

6) қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын талаптарды сақтауға ;

7) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамаларын орындауға ;

8) өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспекторларға олардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын орындауын жәрдемдесуге міндетті.

#### 4-тарау. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау

##### 15-бап. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға жататын объектілер

Мыналар мемлекеттік фитосанитарлық бақылауға жататын объектілер болып табылады:

- 1) ауыл шаруашылық бағыттағы объектілер, автомобиль жолдарының, темір жолдардың бөлу жолақтары және қорғау аймақтары мен зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орны болып табылатын басқа да аумақтар, сондай-ақ өсімдік шаруашылығының өнімдері;
- 2) зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер;
- 3) арнаулы техника және фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу үшін пайдаланылатын пестицидтер (улы химикаттар);
- 4) арнаулы сақтау орындары (көмінділер);

##### 16-бап. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар

1. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

2. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың:

1) Жеке және заңды тұлғалардың фитосанитарлық бақылау объектілеріне олардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын сақтауын тексеру мақсатында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте кедергісіз баруға;

2) анықталған Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау жөніндегі заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы жеке және заңды тұлғаларға ұйғарым шығаруға;

3) ерекше жағдайларда, сот шешімінсіз үш күннен аспайтын мерзімге, көрсетілген мерзімде сотқа талап арызын міндетті түрде ұсынумен, жеке кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу немесе уақытша тоқтатуға. Бұл ретте қызметке тыйым салу немесе уақытша тоқтату туралы актінің сот шешімі шығарылғанға дейін қолданыста болады;

4) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасы бұзылған жағдайда жеке және заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартуға құқығы бар.

3. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шағым жасалады.

##### 17-бап. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылаудың міндеттері

Мемлекеттік фитосанитарлық бақылау мыналарды:

- 1) фитосанитарлық объектілердің фитосанитарлық жай-күйін бақылауды;
- 2) пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды, тасымалдауды және қолдануды

б а қ ы л а у д ы ;

3) фитосанитарлық есепті және есеп беруді жүргізу мен ұсынуды бақылауды;

4) пестицидтерге (улы химикаттарға) тіркеулік және өндірістік сынақ жүргізуді  
б а қ ы л а у д ы ;

5) пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру мен арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) жай-күйін бақылауды;

б) лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды қарастырады.

18-бап. Фитосанитарлық бақылау объектілеріндегі фитосанитарлық жағдайды бақылау

1. Фитосанитарлық бақылау объектілеріндегі фитосанитарлық жағдайды бақылау ауыл шаруашылық бағыттағы объектілерде, автомобиль жолдарының, темір жолдардың бөлу жолақтары мен қорғалу аймақтарында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орны болып табылатын басқа аумақтарда, сондай-ақ өсімдік шаруашылығының өнімдерінде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің бар болуын анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Фитосанитарлық бақылау объектілеріндегі фитосанитарлық жағдайды бақылау зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің даму және таралуының оңтайлы мерзімдерінде жүргізіледі, бұл өсімдіктерді қорғау саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың ақпараттарының негізінде анықталады.

19-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау тасымалдау және қолдануды бақылау

Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдануды бақылау пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану шарттарының технология мен қауіпсіздіктің міндетті талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу кезеңінде жүзеге асырылады.

19-1-бап. Фитосанитарлық есеп және есеп беруді жүргізу мен ұсынуды бақылау

Фитосанитарлық есеп және есеп беруді жүргізу мен ұсынуды бақылау ұдайы фитосанитарлық есеп ұсынудың толықтылығы мен уақытылылығын тексеру үшін жүзеге асырылады.

19-2-бап. Пестицидтерге (улы химикаттарға) тіркеулік және өндірістік сынақ жүргізуді бақылау

1. Пестицидтерге (улы химикаттарға) тіркеулік және өндірістік сынақ жүргізуді бақылау әдістемелік бабына келгендігін анықтауға жүргізіледі.

2. Тіркеулік және өндірістік сынақтарды жүргізу тәртібін мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының келісімі бойынша уәкілетті орган белгілейді.

19-3-бап. Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру және арнаулы сақтау орындарының (қалдықсақтауыштардың) жай-күйін бақылау

1. Пестицидтерді залалсыздандыруды бақылау фитосанитарлық бақылауға жататын объектілерде тыйым салынған, жарамсыз жағдайға келген пестицидтерді және пестицидтердің ыдыстарын, сондай-ақ арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) жай-күйін анықтау үшін жүзеге асырылады.

2. Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру, сондай-ақ арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) тиісті жағдайда ұсталу шарттарының тәртібін мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының келісімі бойынша уәкілетті орган анықтайды.

19-4-бап. Лицензиялық ережелердің сақталуын бақылау

Лицензиялық ережелердің сақталуын бақылау лицензияланған қызметті жүзеге асыру кезеңінде, лицензияланушы мен ол жүзеге асыратын лицензияланған қызметтің лицензияда қарастырылған талаптарға сәйкестігін анықтау үшін жүргізіледі.

19-5-бап. Мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды аяқтау нысаны

1. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор мемлекеттік фитосанитарлық бақылауды жүзеге асыру нәтижесі бойынша мыналарды көрсету арқылы акт жасайды.

2. Тексеру актісі үш данада (Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау жөніндегі заңнамасын бұзу анықталған жағдайда - төрт данада) жасалады және тексеру жүргізген тиісті аумақтың өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қояды.

Бірінші дана құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есептерді жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына тапсырылады, екінші дана қолхат алу арқылы тексерілген жеке немесе заңды тұлғаға беріледі, үшінші дана өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторда қалады, ал төртінші дана мемлекеттік инспектордың ұйғарымы орындалмаған жағдайда, сотқа талап ұсыну үшін, тиісті аумақтық өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторға жолданады.

Тексерілуші актіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ол почта арқылы жолданады.

3. Тексеру актісі арнаулы тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленген, бау тағылған тиелген және уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекітілген болуы тиіс.

4. Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау жөніндегі заңнамасын бұзу анықталған жағдайда, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор тексеру нәтижесі бойынша, өз құзіретінің шегінде, анықталған бұзушылықтардың сипаттамасына байланысты, бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым жасайды,



әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды және сотқа талап жолдайды.

6. Қандай да бір анықталған бұзушылық болмаған жағдайда, тексеру актісіне тиісті белгі қойылады."

37. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

1) 14-бап мынадай мазмұндағы 3-1 тармақшамен толықтырылсын:

"3-1. Адамдардың өмірі мен денсаулығына және олардың мүлкін сақтауға бағытталған мемлекеттік ветеринариялық бақылау тексеру тағайындау туралы акті шығарусыз жүзеге асырылады.";

2) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Қазақстан Республикасындағы ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі

1. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын орындауды тексеру мақсатында мемлекеттік ветеринариялық бақылау м ы н а л а р ғ а :

1) рыноктарда - жануарларды, жануар етінен жасалған азық-түлікті және шикізаты, ветеринариялық препараттарды, жемдерді және жемдік қоспаларды сату орындарын қоса алғанда арнайы жабдықталған сауда орындарында;

2) жануарларды, жануар етінен жасалған азық-түлікті және шикізатты өндіру, дайындау (сұрыптау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі ұйымдарда;

3) мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларда:

емдеу-алдын алу ветеринарлық;

ветеринарлық мақсаттағы препараттарды өндіру және сату;

жем қоспаларын, оның ішінде дәстүрлі емес, жануарлар үшін минералды-дәрумендік жемдік заттарды өндіру және сату;

ветеринарлық мақсаттар үшін дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, зоогигиеналық құралдарды және зооветеринарлық мақсаттағы атрибуттарды сату;

жануар шаруашылығы объектілерін дезинфекциялау, дератизациялау және д е з и н с е к ц и я л а у ;

рыноктардағы ветеринарлық-санитарлық сараптама;

зертханалық-диагностикалық қызмет;

4) мемлекеттік монополияға жатқызылған функцияларды жүзеге асыру мақсатында жасалған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы;

тіркеу сынақтары, ветеринарлық препараттарды, жемдер мен жем қоспаларын

апробациялау, сондай-ақ ветеринарлық препараттардың серияларын (партияларын) оларды рекламациялау кезінде бақылау;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою; мемлекеттік шекарадағы ветеринарлық бақылау посттындағы көлік құралдарын з а р а р с ы з д а н д ы р у ;

Ветеринарлық препараттардың республикалық қорын сақтау;

5) шекаралық және кедендік пункттерде (мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы мемлекеттік ветеринарлық бақылаудың бақылауындағы жүктерді ауыстыру кезінде;

6) мемлекеттік ветеринарлық бақылаудың бақылауындағы жүктерді тасымалдау (ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

7) жануарлар ауруларының қоздырғыштарын беру факторлары болуы мүмкін көлік құралының барлық түрлеріне, ыдыстардың, орау материалдарының барлық түрлері б о й ы н ш а ;

8) тасымалдау (ауыстыру) бағыттары өтетін мал айдау трассаларда, бағыттарда, жаю аумақтарында және жануарларды суаратын жерлерде;

9) аумақтарда, өндірістік үй-жайларда және мемлекеттік ветеринарлық бақылаудың бақылауындағы жүктерді өсіретін, сақтайтын, қайта өңдейтін, сататын және пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметі;

10) мемлекеттік ветеринарлық бақылау объектілерін орналастыру, салу, жаңғырту және пайдалануға беру кезіндегі, мемлекеттік ветеринарлық бақылаудың бақылауындағы жүктерді ұстаумен, бөлумен, пайдаланумен, өндірумен, дайындаумен (сұрыптаумен), сақтаумен, қайта өңдеумен және сатумен байланысты, сондай-ақ оларды тасымалдау кезінде зоогигиеналық және ветеринарлық (ветеринарлық-санитарлық) талаптарды сақтау бойынша жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағындағы 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген объектілерді мемлекеттік ветеринариялық бақылауды тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринарлық инспекторлары мемлекеттік ветеринарлық бақылаудың бақылауындағы жүктерді ветеринарлық-санитарлық тексеру жолымен, олардың ілеспе ветеринарлық құжаттарға сәйкестігін қоса алғанда тексеру түрінде жүзеге асырылады.

3. Жануар етінен жасалған азық-түлікті және шикізатты өндіру, дайындау (сұрыптау), сақтау, пайдалану, қайта өңдеу және сату жөніндегі рыноктарда, ұйымдарда шекаралық және кедендік пункттерде (мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде ) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы мемлекеттік ветеринарлық бақылаудың бақылауындағы жүктерді ауыстыру кезінде жануарлардың жұқпалы ауруларының белең алуын болдырмау жөніндегі ветеринарлық-санитарлық ережелердің және нормативтердің талаптарын орындауды мемлекеттік ветеринариялық

бақылау, жануар етінен жасалған азық-түліктің және шикізаттың ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларының келуінен және таралуынан қорғауды қамтамасыз ету күн сайын Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. Жеке және заңды тұлғалардың қызметіндегі Қазақстан Республикасының ветеринарлық заңнамасының сақталуы жөніндегі тексеруді жүргізу заңнамамен белгіленген тәртіпте жылына бір реттен жиі емес тәртіпте ветеринария саласындағы уәкілетті органның және аумақтық бөлімшелерінің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар ветеринарлық бөлімшелері басшыларының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

5. Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды тексеру нәтижелері бойынша тексеруші мемлекеттік ветеринарлық инспектор тиісті мемлекеттік органдардың объектілерін мемлекеттік ветеринариялық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінің ветеринарлық инспекторларын қоспағанда мыналарды көрсете отырып тексеру актісін жасайды.

6. Мемлекеттік ветеринарлық инспектор Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда тексеру нәтижелері бойынша өз құзіретінің шегінде белгілі болған бұзушылықтардың сипатына қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы нұсқау, қаулы жасайды.

7. Егер тексеру аяқталуы бойынша қандай да бір бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, онда бұл тексеру актісінде тиісті жазба жасалады.

8. Тексеру актісіне тексеру барысында алынған құжаттардың қажетті көшірмелері және басқа материалдар қоса беріледі.

9. Тексеру актісі үш (Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда төрт) данада жасалады және оған тексеруді жүргізген тиісті аумақтық мемлекеттік ветеринарлық инспекторы қол қояды.

Актінің бірінші данасын тексеруші мемлекеттік ветеринарлық инспектор құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына, ал екінші данасын тексерілген адамға қолхат алу арқылы тапсырылады, үшіншісі тексеруші мемлекеттік ветеринарлық инспекторда қалады, ал төртіншісі сотқа талап арыз беру үшін тиісті аумақтық ветеринарлық инспекторына беріледі. Тексерілген адам актіні қабылдаудан бас тартқан кезде актінің данасы почтамен жіберіледі.

10. Тексеру актісі ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган аумақтық бөлімшесінің, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ветеринарлық бөлімшелерінің мөрімен бекітілуі, нөмірленуі, бау тағылуы тиіс тексеру актілерін тіркеудің арнайы журналында тіркеледі."

38. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 152-құжат; 2004 ж., N 23, 142 - құжат) :

8 - баптың 1 - тармағында :

1) тармақша "және олардың орындалуы туралы есеп берулерді тыңдайды" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) тармақша алынып тасталсын.

39. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 17, 154-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7 - 8, 19 - құжат) :

52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңының сақталуына бақылау

1. Қазақстан Республикасындағы баланың құқығы туралы заңнаманы сақтауды бақылау баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған және уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен айқындалған құзірет шегінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген және Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде белгіленген баланың құқықтарын іске асыруға бағытталған заңды және жеке тұлғалардың қызметі бақылау объектісі болып табылады .

3. Бақылау мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) ведомстволық статистикалық бақылаулар;

2) тексерулер (жоспарлық, жоспардан тыс).

4. Ведомстволық статистикалық бақылаулардың мерзімділігін уәкілетті мемлекеттік органдар белгілейді .

Жоспарлық тексерулер уәкілетті мемлекеттік органдар бекітетін кестеге сәйкес жылына кем дегенде бір рет мерзімділікпен жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексерулер баланың қорғалатын құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу қатерін жедел жоюды талап ететін жағдайларда, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың шағымдары, өтініштері мен жүгінулерінде жазылған расталған фактілер бойынша жүзеге асырылады .

Тексерулерді жүргізу мерзімі бес күннен аспауы тиіс.

5. Қазақстан Республикасындағы адам құқығы жөніндегі уәкілетті баланың құқығы мен еркіндігінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады және өз құзіреті шегінде баланың бұзылған құқықтары мен еркіндігін қалпына келтіру жөніндегі шараларды өз құзіреті шегінде қабылдайды."

40. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің лауазымды адамдарының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілеріне тексерулер жүргізуі

1. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің лауазымды тұлғалары санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілеріне мынадай бақылау түрлерін жүргізеді:

1) жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысты заңнамамен белгіленген уақыт арақашықтығын есепке алып жүргізілетін алдын ала жоспарланған тексеру;

2) жоспардан тыс - қалыптасқан санитарлық-эпидемиологиялық жағдаймен байланысты, жүгінуге, өтінімге дереу әрекет қылуды және халықтың денсаулығына төнген қауіпті жоюды талап ететін, сондай-ақ нұсқауларды орындау мақсатында тағайындалатын тексеру.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектісін тексеру жүргізу мерзімі 30 күнтізбелік күндерден аспауы тиіс.

3. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектісіне тексеру жүргізуге мыналар:

1) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мемлекеттік органының жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы туралы заңнаманың нормаларын сақтау бойынша жүргізілген тексеру;

2) жоспарлы немесе жоспардан тыс жүргізілген тексерулер барысында анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқауларды орындау;

3) объектінің қызметімен байланысты, халықтың денсаулығына және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығына қауіп төндіруі және жұқпалы, паразитарлық, кәсіби аурулар мен уланулар салдарына әкелуі мүмкін апатты жағдайлар;

4) халық арасында жұқпалы, паразитарлық, кәсіби аурулар мен уланулардың туындауы және таралуы;

5) топтық және жаппай жұқпалы, паразитарлық, кәсіби, оның ішінде шыққан жері белгісіз аурулар мен уланулардың туындауы және таралуы;

6) объектіні пайдаланумен байланысты жеке және заңды тұлғалардың жүгінулері негіздеме бола алады.

4. 10-баптың 1-тармағының 2 және 3 абзацтарында санамаланған санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғалары

санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілерін тексеруді осы баптың 2-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша жүргізеді.

5. 10-бап 1-тармағының 4, 5 және 6 абзацтарында санамаланған санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғалары санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілерін тексеруді осы баптың 3-тармағында көзделген негіздемелер бойынша жүргізеді.";

2 ) 1 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жылына бір рет, объектінің эпидемиологиялық маңыздылығына қарай тоқсанына бір рет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы туралы заңнамасының орындалуын тексеру мақсатында шағын және орта кәсіпкердің субъектілері болып табылмайтын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілеріне кедергісіз баруға (қызметтік куәлікті көрсету бойынша).";

мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"эпидемиялар, жұқпалы аурулар мен тағамнан улану, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдайлар жаппай пайда болған жағдайда алдын ала хабарлаусыз және тексеру жүргізу басталғаннан кейін келесі жұмыс күнінің ішінде құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есептерді жүргізу жөніндегі уәкілетті органға тексеру тағайындау туралы актіні құқықтық статистика органына беретін тексеру тағайындау туралы актіні құқықтық статистика органдарында тіркемей-ақ объектілерге кезектен тыс тексеру жүргізіледі";

3) 13-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес" деген сөздерден кейін ", халықтың, сондай-ақ шаруашылық жасайтын қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімдерді әкелуге, өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салулар, шикізаттың жаңа түрлерін, өнімдерін, технологиялық жабдықты, процестерді өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салулар , олар адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған жағдайда зарарсыздандыру";

4) 22-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама анық жарамсыз тамақ өнімдері, азық-түлік шикізаты болған жағдайда жүргізілмейді."

41. "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 16 -кұжат; 2004 ж. N 23, 142-кұжат):

1) 9 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мыналарды қамтитын тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестаттау: уәкілетті орган бекіткен біліктілік талаптарына сәйкес жүргізілетін тұқым

шаруашылығы субъектілерін алғашқы аттестаттау;  
аттестация жарамдылығы мерзімінің аяқталуына байланысты тұқым шаруашылығы субъектілерін қайта аттестаттау:

бірегей тұқымдарды өндірушілер үшін - бес жылда бір рет;  
элиталық тұқым өсіру шаруашылығы үшін - екі жылда бір рет;  
тұқым өсіру шаруашылықтары үшін - үш жылда бір рет;  
тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалар үшін - үш жылда бір рет;  
өткізушілер мен тұқым сарапшылары үшін - үш жылда бір рет;  
тұқым өсіру шаруашылығы субъектілерін біліктілік талаптарына сәйкестік мәніне тұрақты аттестаттық жыл сайын тексеру;

тұқым шаруашылығы субъектілерінің ресми өтініштері (күпияларын қоспағанда);";

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері қызметін олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі мәніне уәкілетті орган белгілеген бақылау;

4) тұқымдарды өндіруді, дайындауды, сақтауды, сатуды, тасымалдауды және пайдалануды бақылау;" ;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарын мемлекеттік сынауды бақылау.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сұрыптық және тұқымдық бақылау мыналарды қамтиды:

1) мынадай кезеңдерде тұқым шаруашылығы ережелерін және нормаларын сақтау мәніне тұқымдарды өндіру, сұрыптау, сақтау, іске асыру және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды бақылау:

тұқым себу ;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерін вегетациялау;

жинау тұқым себу ;

тұқым сақтау ;

сату (тұқымдардың сатуға дайындалған және сатылған партияларын тексеру, оның ішінде экспортқа және импорт бойынша келіп түскендерді олардың сапасының растаушы құжаттарға сәйкестігі);

2) тұқым сапасы жөніндегі аттестатталған зертханалардың сорттық және себу сапаларын сараптауды жүргізуін, олардың тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды сақтауын бақылауы:

жылына екі рет тұқым сапасын сараптау кезеңінде, сондай-ақ тұқым сапасын сараптау бойынша мемлекеттік сатып алу қызметтерін жүзеге асыру кезіндегі бақылау тәртібінде ;

тұқым өндірушілерге ескертулер білдірілген, сондай-ақ тұқым сапасын тексеру жөніндегі аттестатталған зертханалар берген тұқымның сорттық және себу сапасын зерттеулердің нәтижелеріне келіспеген жағдайда;

3) сұрыптық егістерді сынауды жүргізуді бақылау: аттестатталған өткізушілер жұмысын сынау кезеңіндегі, сондай-ақ тұқым өндірушілердің осы Заңның 14-бабының 2-тармағының нормаларын сақтау мәніне т е к с е р у ;

4) тұқым шаруашылығы субъектілерінің тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, стандарттарды және өзге де нормативтік құжаттарды сақтауын бақылау."

42. "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 52-құжат; 2004 ж. N 23, 142-құжат):

20-баптың 2-тармағындағы ", сондай-ақ бұл талаптардың сақталуын бақылау тәртібін" деген сөздер алынып тасталсын.

43. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасының Парламенті Жаршысы, 2003 ж., N 11, 70-құжат; 2004 ж. N 23, 142-құжат):

7-бап мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-бап. Сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның лауазымдық тұлғасы денсаулық сақтау субъектілерінің сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді сақтауын белгілеу мақсатында жүзеге асырады.

2. Сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте халыққа медициналық көмек беруді жүзеге асыратын объектілерді Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен белгіленген стандарттарға сәйкес медициналық көмек беру туралы заңнамасының нормаларын орындауды тексеру мақсатында кедергілерсіз барып тұруға (қызметтік куәлік көрсету бойынша);

2) денсаулық сақтау субъектілеріне Қазақстан Республикасының сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды болдырмау туралы н ұ с қ а у л а р б е р у г е ;

3) денсаулық сақтау объектілерінен халыққа медициналық көмек көрсету мәселелері жөнінде қажетті ақпараттарды сұрауға және алуға;

4) сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы бақылауды жүргізу үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін түсіруге;

5) лицензиялар мен медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған аккредитация туралы куәліктің күшін тоқтату және қайтарып алу туралы ұсыныстар береді;

6) әкімшілік бұзушылықтар туралы істерді қарайды және Қазақстан



Республикасының сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жаза беруге құқылы.

2. Сапалы медициналық көмек көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар шығарған шешімдер денсаулық сақтау субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады және жоғарғы тұрған орган немесе сот тәртібінде шағымданылуы мүмкін."

44. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат; 2004 ж. N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат): 108-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

45. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат):

1 ) 9 - б а п т а :

1-тармақтың 8) тармақшасында ", тексеру жүргізудің тәртібін айқындайды" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2-тармақтың бірінші абзацында "инспекциялау (тексеру)" деген сөздер "тексеру" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 13-1 баппен толықтырылсын:

"13-1-бап. Қаржы ұйымдарын, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, кредиттік бюролардың, бағалы қағаздардың, кредиттік бюролардың эмитенттерін, банктердің тарату комиссияларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, жинақтаушы зейнетақы қорларын тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібінің ерекшеліктері

1. Қаржы ұйымдарын, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, кредиттік бюроларды, бағалы қағаздардың, кредиттік бюролардың эмитенттерін, банктердің тарату комиссияларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, жинақтаушы зейнетақы қорларын (бұдан әрі - ұйымдар) тексеруді уәкілетті орган дербес не басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарды тарту арқылы жүргізеді.

2. Ұйымдардың қызметтерін тексеру мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кешендік - уәкілетті органның тексеру жоспарына сәйкес жылына бір реттен жиі емес ;

2) таңдаулы - жеке және заңды тұлғалардың өтінімдеріне байланысты ұйымдар қызметінің жекелеген мәселелері бойынша, сондай-ақ уәкілетті орган бақылау және функцияларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда;

рейдтік - бір уақытта бірнеше ұйымдардың олардың Қазақстан Республикасы

заңнамасының талаптарын сақтауы мәселелері жөніндегі қызметін қамтитын тексеру.

3. Уәкілетті орган ұйымға болатын тексеру туралы жазбаша хабарлайды.

Уәкілетті органға болатын тексеру туралы хабарламада тексеру жүргізудің басында тексерілетін ұйымның тексеру тобына беруге міндетті құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Хабарламаның екі данасы ұйымға беріледі, оның бірін ұйымның хабарламаны алғандығы туралы белгі қойып ұйым уәкілетті органға қайтарады.

Тексеру жүргізу алдын ала хабарлаусыз да болуы мүмкін (кенеттен тексеру).

4. Ұйым тексеру басталғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей тексеру тобының жетекшісінің атына мынадай деректерден тұратын хат жазады:

1) тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге жауапты басшы туралы және оны а у ы с т ы р а т ы н а д а м т у р а л ы ;

2) ұйымның қажетті құжаттарды (мәліметтерді) әзірлеуге, оларды уақытында тексеру тобына беруге және тексеру тобынан аралық есептерді алуға жауапты м а м а н д а р ы т у р а л ы .

5. Уәкілетті орган қажет болғанда қосымша тапсырмамен тексеру жүргізу мерзімін ұзартуы мүмкін, бұл жөнінде ұйымға жазбаша хабарлама жіберіледі.

Хабарламаның екі данасы ұйымға беріледі, оның бірін ұйымның хабарламаны алғандығы туралы белгі қойып ұйым уәкілетті органға қайтарады.

6. Ұйым тексеру тобына уәкілетті орган тексеруге берген тапсырмаларда көрсетілген мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге, сондай-ақ кез келген лауазымды тұлғадан және қызметкерлерден жауап алу мүмкіндігін және тексеруді орындау үшін қажетті кез келген ақпарат көзіне қол жетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

7. Ұйым тексеру тобына жұмыс үшін үй-жай және өз әкімшілік ғимараттарына кіруге рұқсат береді, өз қызметкерлерінің тексеру тобы мүшелерінің сұрақтарына түсініктемелер (ауызша және жазбаша) беруін, ұйымның қызметіне қатысты ақпараттарға, оның ішінде автоматтандырылған жүйелерге және деректер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді, тексеру тобына қажетті құжаттардың көшірмелерін түсірулеріне мүмкіндік береді, сондай-ақ тексеру тобына тексеруді уақытылы аяқтауға ж ә р д е м к ө р с е т е д і .

8. Тексеру тобы ұйымға қарау үшін беретін аралық есептер жасауы мүмкін.

Аралық есептерге инспекциялық топтың орындаушысы мен басшысы қол қояды.

9. Аралық есептің мазмұнында ескертулер бар болған жағдайда ұйым аралық есепті алған күннен төрт жұмыс күні аяқталысымен өздерінің жазбаша келіспеушіліктерін б е р е д і .

Аралық есептерде жазылған қорытындылар алдын ала болып табылады және ұйымдардан алынған келіспеушіліктерді және қосымша, оның ішінде үшінші адамнан алынған ақпараттарды есепке ала отырып тексеру нәтижелері туралы жиынтық есепте қ а й т а қ а р а л у ы м ү м к і н .

10. Тексеру тобы ұйымнан барлық қажетті құжатты, оның ішінде олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы аралық және жиынтық есепке қосу үшін а л а д ы .

Инспекциялық топтың басшысы ұйымның басшысына көрсетілген мерзімдерде орындалуы тиіс жазбаша сұраулар жібереді.

11. Тексеру тобының мүшелері тексеру жүргізу кезінде ұйымнан алған құжаттардың сақталуын және олардағы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

12. Тексеру аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде ұйымның бірінші басшысының атына тексеру басшысы және оның тікелей басшысы қол қойған тексеру нәтижелері туралы қорытынды есептің екі данасы жіберіледі.

13. Бірінші басшы (орынбасар) не ұйымды тексеруді жүргізуді қамтамасыз етуге жауапты басшы тексеру нәтижелері туралы қорытынды есептің бірінші данасын қабылдап алады, есептің екінші данасының әрбір парағына қол қояды, оның соңғы парағына лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, алған күні туралы белгі қояды және тексеру нәтижелері туралы қорытынды есепті алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей оны уәкілетті органға жібереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды есепте жазылған тексеру нәтижелерін ұйым атқарушы және басқа ұйымның басқару органдарына мәлімет үшін жеткізеді.

14. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды есепте жазылған тексеру нәтижелері бойынша келіспеушіліктер болған кезде ұйым тексеру нәтижелері туралы қорытынды есепті алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оларды уәкілетті органға жазбаша түрде б е р е д і .

15. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды есепте жазылған ұйымның тексеру нәтижелері уәкілетті орган бірінші басшысының немесе оның орынбасарының, уәкілетті орган бөлімшесі басшысының немесе оның орынбасарының төрағалық етуімен өткізілетін мәжілісте ұйым басшыларын шақыру арқылы қаралуы мүмкін.

16. Мәжіліс нәтижелері мәжіліс төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді және қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде ұйым басшысына танысуға жіберіледі. Ұйымның келіспеушілігі болған жағдайда мәжіліс хаттамасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жазбаша түрде б е р е д і .

Уәкілетті орган ұйымның хаттамаға келіспеушілігімен келіспеген кезде соңғы шешімді уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қабылдайды.

17. Тексеру нәтижелері уәкілетті орган өз функцияларын орындауы мақсатында қ о с а п а й д а л а н у ғ а ж а т а д ы .

18. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды есепті ұйым оның қаржылық жағдайын растау үшін жарнамалық немесе өзге мақсатта пайдалана алмайды, сондай-ақ ол Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайлардан басқа үшінші тұлғаға уәкілетті органның келісімінсіз берілмейді.

19. Ұйым тексеру нәтижелері туралы қорытынды есепте келтірілген мәліметтермен

бірге уәкілетті органға берген қаржылық және өзге есептіліктердің құжаттық деректерінде әртүрлілік болған кезде, ұйым көрсетілген уәкілетті орган бойынша өз есептілігін қорытынды есептің нәтижелеріне, оның ішінде алдыңғы есеп күндеріне сәйкестікке келтіреді.

20. Ұйым уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоспарланған шараларымен және тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша жауапты орындаушыларымен іс-шаралар жоспарын келісуге ұсынады.

Уәкілетті органмен іс-шаралар жоспарын келіскеннен кейін ұйым бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы есептерді не іс-шаралар жоспары бойынша өздеріне алған міндеттердің орындалмау себептері туралы түсініктер береді.

21. Ұйым құжаттарды, ақпараттарды инспекциялық сұрауларда көрсетілген мерзімдерде беруден бас тартқан, олар осы баптың 8, 11-тармақтарында көрсетілген шарттарын орындамаған жағдайда, тексеруді тапсырмада белгіленген мерзімдерде осының салдарынан жүргізуге мүмкіндік болмағанда тексеру тексеру басшысының шешімі бойынша бұл жөнінде уәкілетті органның бірінші басшысын немесе оның орынбасарын жазбаша хабардар еткеннен кейін тоқтатылуы мүмкін.

22. Уәкілетті органның қызметкерлеріне ұйымның қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жариялауға не үшінші адамға беруге тыйым салынады.

23. Тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар ұйым қызметін тексеру барысында алынған және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға жауапкершілікте болады."

46. "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 134-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 8-1) және 20-1) тармақшаларымен толықтырылсын:

"8-1) мемлекеттік көліктік бақылау (бұдан әрі - көліктік бақылау) - жеке және заңды тұлғалардың автомобиль көлігі саласындағы заңнама талаптарын сақтауын тексеру мақсатында уәкілетті орган жүргізетін іс-шаралардың жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"20-1) тексеру - шаруашылық субъектілерінің Қазақстан Республикасының автомобиль көлік саласындағы заңнама талаптарын сақтауын айқындау мақсатында жасалатын бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың әрекеті;"

15-бап алынып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:

"2-1-тарау. Автомобиль көлігі саласындағы көліктік бақылауды жүзеге асыру

19-1-бап. Көліктік бақылау жүргізудің мәні мен мақсаты

1. Көліктік бақылау Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар жүзеге асыратын қызметке жүргізіледі.

2. Көліктік бақылау жүргізудің мақсаты Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасының пайдалану қауіпсіздігін және қызмет тиімділігін қамтамасыз ету бойынша талаптарын сақтау болып табылады.

3. Уәкілетті орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлікті бақылау саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көліктік бақылауды жүзеге асыру бойынша міндеттерді орындауда жәрдем көрсетуге міндетті.

19-2-бап. Автомобиль көлігі саласындағы көліктік бақылау түрлері

1. Көліктік бақылау мына түрлерге бөлінеді:

1) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының өтуін бақылау;

2) автомобиль көлігіндегі шаруашылық субъектілерінің Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы бекіткен, автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын халықаралық шарттарды, сондай-ақ автокөлік қызметтерін көрсету саласындағы лицензиялық ережелерді сақтауына инспекторлық тексерулер.

Тексеру түрлері:

жоспарлы - уәкілетті орган алдын ала жоспарлаған, алдыңғы тексерулерге қатысы бойынша заңнамада белгіленген уақыт аралығы ескеріліп жүргізілетін тексеру;

жоспардан тыс - Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Бас прокуратурасы, оған уәкілетті өзге де мемлекеттік органдардың тапсырмалары немесе сұрау салуларымен, депутаттық сауалдармен байланысты, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп және апатты ахуал туғызатын жағдайларда заң бұзушылықтар белгісін тікелей анықтай отырып, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу туралы өтінімдер, өтініштер, шағымдар, хабарламалар мен өзге де ақпараттар бойынша, сондай-ақ жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде айқындалған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін тексеру;

қарсы - шаруашылық субъектісінің шарттық міндеттемеде не өзге де құқықтық қатынаста болған жеке немесе заңды тұлғаға (филиалға немесе өкілдікке) қатысты ұсынылған не алынған қосымша ақпараттың шынайылығын қайта тексеру мақсатында уәкілетті орган жоспардан тыс жүргізілетін тексеру;

рейдтік - бірнеше шаруашылық субъектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген талаптарын сақтауы мәселелері бойынша олардың қызметін

бір мезгілде қамтитын тексеру;

3) уәкілетті органның лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасын сақтауын рейдтік тексеруді жүзеге асыруы.

Тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушының және көлік кәсіпорнының қызметін тоқтатпауы тиіс.

Уәкілетті мемлекеттік орган сол заңды тұлғаның тексеру жүргізгеніне қарамастан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін тексеруге құқылы.

19-3-бап. Көліктік бақылау жүргізудің мерзімдері мен кезеңділігі

Жүргізілетін бақылауының түрлері бойынша автомобиль көлігі саласындағы көліктік бақылау мынадай мерзімдер мен кезеңдерде:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын тұрақты бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарында жүзеге асырылады.

2) автомобиль көлігіндегі шаруашылық субъектілерін инспекторлық тексерулер жоспарлы тексерулердің бекітілген кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Тексерулер жүргізу мерзімдері:

1. Тексерулерді жүргізу мерзімдері акт табысталған сәттен бастап отыз жұмыс күнінен аспауы тиіс.

2. Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаға тексеру жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган тексеру жүргізу мерзімін он жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

3. Ерекше күрделі мәселелерді тексеру кезінде уәкілетті орган тексеру жүргізу мерзімін құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлғалар үшін жиырма жұмыс күніне дейін және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін алпыс жұмыс күніне дейін ұлғайтуы мүмкін.

4. Тексеру жүргізу мерзімін уәкілетті мемлекеттік орган тасымалдаушыға құжаттарды табыс ету туралы талаптары табыс етілген және сатып алушы тексеру жүргізілу кезінде сұралған құжаттарды ұсыну сәттері арасындағы, сондай-ақ уәкілетті органның сұрау салуы бойынша мәліметтер мен құжаттарды алу сәтіндегі уақыт кезеңінде құқықтық статистика органын хабардар ете отырып, тексеру жүргізу мерзімін тоқтату немесе жаңғырту туралы акт шығару жолымен тоқтатылады және жаңғыртылады.

5. Автомобиль көлігі саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілері, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгесі көзделмесе жылына бір реттен жиі емес тексеруге жатады.

3) автомобиль көлігіндегі қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың

бірлескен рейдтік тексерулері айына бір реттен артық емес, тексерулердің бекітілген жоспарына сәйкес жүргізіледі.

19-4-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын көліктік бақылау

1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын тұрақты бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалардың немесе өзге де тұрғылықты пункттердің шекаралары шегіндегі автомобиль жолдарында жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттері мен көліктік бақылау посттары күрделі ғимараттармен және құрылыстармен жабдықталуы, деректерді жинау, беру және шоғырландыру үшін техникалық бақылау, байланыс, қазіргі заманғы телекоммуникациялық және компьютерлік жабдықтармен жарақталуы тиіс. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттері мен Қазақстан Республикасының аумағында көліктік бақылау посттары қажет болған жағдайда шлагбаумдармен жабдыкталады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

19-5-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын көліктік бақылау жүргізудің нысандары

1. Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесінің талаптарын орындауды көліктік бақылау посттарда м ы н а л а р д ы :

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруына арналған рұқсат беру құжаттарының болуын;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша бөлінбейтін жүкті тасымалдайтын ірі ауқымды және ауыр салмақты автокөлік құралдарының қозғалысына арнайы рұқсаттың болуын;

3) халықаралық қатынастары үшін белгіленген жүру бағытына сәйкестігін;

4) рұқсатсыз жүйе әрекет ететін мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кірудің тіркеу талондарының болуын;

5) автокөлік құралдары кірген кезде өткізу пункттерінде берілетін бақылаудан өту талондарының болуын тексеру арқылы жүргізіледі.

2. Лицензиялық заңнаманы орындауға көліктік бақылау лицензиялардың болуын және жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша лицензиялауға жататын заңды

және жеке тұлғалар қызметінің лицензиялық нормалары мен ережелерінің талаптарын орындауды тексеру жолымен жүргізіледі.

3. Тасымалдаушылардың автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбегі мен посттарда демалу режимін ақтауын көлікті бақылау жүргізушінің еңбегі мен демалысы режимінің бақылау құрылғысының (тахография) болуын және оны пайдалануды тексеру, сондай-ақ экипаждың еңбек және демалыс режимін бақылаудың тіркеу парақтарын жүргізу жолымен жүргізіледі.

4. Көлік құралдарының нақты салмақ және ауқым өлшемдерін тексеру және Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген рұқсат етілген өлшемдерден асуы көлемін айқындау жолымен ірі ауқымды және ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп-тұруын көлікті бақылау стационарлық типтегі салмақ өлшегіш жабдығын немесе көшпелі ұтқыр салмақтарды, өлшеу құралдары мен ауқым рамкаларын қолданумен жүргізіледі.

19-6-бап. Тексеруге жататын негізгі мәселелер

1. Шаруашылық субъектілеріне тексеру жүргізу кезінде уәкілетті органның лауазымды тұлғасы құрылтай құжаттарымен және мына:

1) өндірістік мақсаттағы негізгі қорларды (автокөлік құралдары, ашық және жабық (жылы) тұрақтар, жөндеу және техникалық қызмет көрсету үй-жайлары, көмекші цехтар) иелену (жал, лизинг) құқығын растайтын;

2) мамандар мен жүргізушілердің кәсіптік біліктілігін растайтын;

3) мынадай :

жолаушыларды автобустармен және микроавтобустармен тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын жүргізушілер үшін 21 жастан астам;

балалардың ұйымдасқан топтарын тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілер үшін 25 жастан астам және 5 жылдан астам жүргізушілік жұмыс өтілі;

барынша көп салмағы 7,5 тоннадан аспайтын көлік құралдары үшін 18 жастан астам ж а с т ы р а с т а й т ы н ;

4) белгіленген бағыт бойынша тұрақты жолаушы тасымалын жүзеге асыру үшін қажетті (куәлік, қозғалыс кестесі, бағыттар схемасы, автовокзалдармен, автостансалармен шарттар, паспорттар, келісім-шарттар, лицензиялар);

5) қауіпті жүктерді тасымалдауға (тиісті уәкілетті орган берген нақты қауіпті жүкпен қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия (рұқсат), қауіпті жүкті тасымалдау бағытының бланкісі, апаттық карточкалар, жүргізушілер мен мамандарды даярлау туралы куәлік, жүргізушіні қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік, автокөлік құралын қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат);

6) тиісті автокөлік құралдарына арналған лицензиялар мен есеп құжаттарының (лицензиялық карточкалар) бар екенін және олардың жүзеге асыратын қызмет түріне с ә й к е с т і г і н р а с т а й т ы н ;

7) автокөлік құралдарына арналған:



алдын ала техникалық байқау туралы белгісі бар техникалық паспорттар; жол парақтары мен белгіленген нысандағы тауар-көліктік құжаттары, билеттік-есеп парақтары мен оларды есептеу журналы құжаттарымен танысады.

2. Тексеру жүргізу кезінде қажетті құжаттарды болуы мен олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі айқындалады.

3. Автомобиль көлігіндегі шаруашылық субъектілеріне тексеру жүргізу кезінде өз құзіреті шегінде тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

1) жылжымалы құрамның, жөндеу және өндірістік базаның, техникалық құралдардың, тиеу-түсіру тетіктерінің, бақылау-өлшеу аппаратураларының жабдықталған қызметтік үй-жайдың (меншікті жөндеу және өндірістік базасы жоқ және басқа кәсіпорындармен тиісті жұмыс түрлерін орындауға шарт жасасқан кәсіпорындар жатпайды) болуы мен жай-күйін, сондай-ақ автомобиль көлігіндегі шаруашылық субъектілерінің экологиялық талаптар мен жол қауіпсіздігі бойынша талаптардың нормаларын сақтауын;

2) автокөлік құралдарын техникалық пайдаланылуының белгіленген талаптарға сәйкестігін;

3) автокөлік құралдарын рейд алдында байқау және жүргізушілерді рейд алдында (аусым алдында) медициналық байқау жүргізуге арналған қызметтердің және білікті қызметшілердің не мұндай қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдармен шарттардың болуы мен сәйкестігін;

4) жолаушылар мен багажды тасымалдауды немесе автовокзалдар (автостансалар) жүйесіндегі жұмыстарды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының Жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелерінің талаптарын орындауды;

5) автомобиль көліктерінің жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде белгіленген талаптарды, оның ішінде автокөлік құралдарының салмақтық және ауқымдық өлшемдері жөніндегі талаптарды орындауды;

6) Қазақстан Республикасына халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде, жолаушыларды, багаждар мен жүктерді халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесін қолдану жөніндегі ережелердің талаптарын орындауды;

7) жүргізушілердің белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауы, оның ішінде жүргізушілердің еңбегі мен демалысының режимін тіркеудің бақылау қондырғыларымен (тахографтармен) жабдыкталуға жататын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тасымалдардың түрлерін жүзеге асыратын автобустарда, жүк, оның ішінде мамандандырылған (жүктердің белгіленген бір түрлерін тасымалдауға арналған) автомобильдерде тахографтардың болуын;

8) автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау ережелері, олардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы талаптарының және жүргізушілер мен қауіпті жүкті тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын

біліктілік талаптарының орындалуын;

9) автокөлік құралдарын тасымалдау кезінде көрсетілген мемлекеттік органдардың қорытындысы талап етілетін жолаушыларды және тамақ өнімдерін, сондай-ақ жүктерді халықаралық тасымалдауға жіберуге санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының қорытындысы болуы жөніндегі талаптарды орындауды;

10) бақылау-өткізу пункттерінде қажетті құжаттама мен құралдардың болуын;

11) автокөлік құралдарының тұрақ орындарын, сақталу және өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету шарттарын;

12) жүргізуші құрамы үшін жол-көлік оқиғалары мен жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы ақпараттың әдісін және жеделдігін, жүргізілген нұсқаманы, жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын тіркеу жөніндегі журналдың болуын тексереді.

19-7-бап. Көліктік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы мынадай бақылау және атқару функцияларын жүзеге асырады:

1) заңды және жеке тұлғалардың автомобиль көлігі саласындағы заңнамасы, автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды сақтауын мемлекеттік бақылау, оларды бұзуларды тыю жөніндегі шараларды айқындау және қабылдау;

2) автокөлік қызметтерін көрсету саласындағы лицензиялық ережелердің сақталуын мемлекеттік бақылау;

3) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының атқарылуын мемлекеттік бақылау;

4) тасымалдаушылардың жолаушылар мен багаждарды тасымалдау ережесін сақтауын бақылау, автобус салондарында жүк тасымалдауға жол бермеу;

5) тасымалдаушылардың халықаралық қатынастарда тез бұзылатын жүктерді тасымалдауды орындайтын қозғалмалы құрамға қойылатын талаптарды сақтауын бақылау;

6) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген ауқымдық және салмақтық өлшемдерін сақтауын мемлекеттік бақылау;

7) Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары мен шетел мемлекеттері тасымалдаушыларының автомобиль көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылау;

8) Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары мен шетел мемлекеттері тасымалдаушыларының автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбегі мен демалысы

режимін сақтауын мемлекеттік бақылау;

9) автокөлік құралдары жабдығының халықаралық шарттар талаптарына, автокөлік құралдарындағы тахографтардың болуы мен ақаусыздығы, сондай-ақ орнатылған жанар май бактарының дайындаушы зауыт талаптарына сәйкестігі бөлігінде экипировкаға сәйкестігін бақылау;

10) халықаралық және облысаралық қатынастағы тұрақты автомобиль жолаушылар тасымалына рұқсаттың болуын тексеру, қозғалыс бағыты мен кестесін сақтауды, сондай-ақ жолаушылар мен багажды тұрақты емес автомобиль тасымалы кезінде жолаушылар тізімінің болуын бақылау;

11) шетелдік тасымалдаушылардың республика аумағы бойынша каботаждық тасымалды жүзеге асыруын айқындау және жолын кесу;

12) шетелдік көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына белгіленбеген өткізу пункттері арқылы кіруі фактісін айқындау;

13) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеу және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық автомобиль тасымалы саласындағы рұқсатсыз жүйе әрекет ететін мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының республика аумағына енуіне тіркеу талондарын беру;

14) "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексін) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп-тұруы үшін алымдар алуды қамтамасыз ету бөлігінде орындау;

15) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексін орындау, бұзуларды айқындау және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар ж а с а қ т а у ;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын автокөлік қызметтерін көрсету саласындағы жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау;

17) шетелдік мемлекеттердің тасымалдаушыларын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсатты және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шетелдік мемлекет аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсат беру;

18) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ауыр салмақты және ірі ауқымды көлік құралдарының (шетелдіктерді қоса алғанда) жүріп-тұруына арнайы рұқсат беру;

19) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде отандық және шетелдік автокөлік құралдарының бақылаудан өту т а л о н ы н б е р у ;

20) халықаралық қатынаста және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін даярлау бойынша курстар ұйымдастыру;

21) халықаралық қатынаста және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдауға жүргізушіге рұқсат беру туралы к у ә л і к б е р у ;

22) транзиттік әлеуетті қолдану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдары қозғалысының жиілігін есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

23) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автомобиль көліктерінде және автожолдарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау.

19-8-бап. Уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының құқықтары мен міндеттері

1. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және жағдайларда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалардың немесе өзге де тұрғылықты пункттердің шекаралары шегіндегі автомобиль ж о л д а р ы н д а т о қ т а т у ғ а ;

2) олар халықаралық автомобиль тасымалдарын орындау жолаушылар мен багаждарды, жүктерді, оның ішінде ірі ауқымды және ауыр салмақты, сондай-ақ қауіпті жүктерді Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдау кезінде отандық тасымалдаушылар және шетелдік мемлекеттердің тасымалдаушылары қолданатын автокөлік құралдарын байқауға ;

3) тасымалдаушылар автомобиль көлігі саласындағы субъектілердің арасындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу айқындалған жағдайда айқындалған бұзуларды жойғанға дейін автокөлік құралдарының одан әрі қ о з ғ а л у ы н к і д і р т у ғ е ;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалардың немесе өзге де тұрғылықты пункттердің шекаралары шегіндегі автомобиль жолдарында бақылауды жүзеге асыру кезінде шлагбаум қолдануға ;

5) автомобиль құралдарындағы шаруашылық субъектілеріне инспекторлық тексерулер жүргізуге және автомобиль көлігі туралы заңнаманың бұзылғаны туралы актілер жасақтауға, бұзуларды жою туралы орындалуға міндетті ұйғарымдар беруге ;

6) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасақтауға, Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асыруға ;

7) автомобиль көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалық және өзге де

нормативтік құқықтық акті жобаларын әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда көлік құралдарын әкімшілік ұстау мен байқауды жүзеге асыруға;

9) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орында не аумаққа, үй-жайға, көлік құралдарына, тауарларға өзге де мүліктер мен заңды тұлғаның иелігіндегі заттарға байқау жүргізу кезінде табылған әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе тікелей объектісі болып табылатын құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қоюды жүзеге асыруға;

10) жүргізушілерді автокөлік құралдарын басқарудан аластатуға және оларды мастық жай-күйін медициналық куәландыруға жіберуге;

11) өз құзіреті шегінде заңды тұлғаның иелігіндегі аумаққа, үй-жайға, тауарларға, өзге де мүлікке, сондай-ақ тиісті құжаттарға байқау жүргізуге;

12) шетелдік ұйымдармен оның құзіретіне кіретін мәселелер бойынша сыртқы экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға құқылы.

## 2. Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

1) автокөлік құралдарының қызметі мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтінімдерін қарауға және олар бойынша тиісті шараларды қабылдауға;

2) автомобиль көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

3. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары мемлекеттік көліктік бақылауды жүзеге асыру кезінде қызметтік киім киюі, нөмірлік омырау белгісінің болуы және талап ету бойынша қызметтік куәлігін көрсетуі тиіс. Қызметтік киімнің, нөмірлік омырау белгілерінің, қызметтік куәліктің үлгілерін уәкілетті орган бекітеді.

19-9-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша рұқсат ету құжаттарын беру тәртібі

1. Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіру (шығу), халықаралық қатынастардағы жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитті сапарға рұқсат беру - рұқсат беру құжатының негізінде жүргізіледі.

2. Егер мемлекетпен шетелдік автокөлік құралдарын тіркеуге Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық автомобиль тасымалдары саласында рұқсатсыз жүйе әрекетте болса, осы шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы Қазақстан Республикасының аумағына кіру кезінде көліктік бақылау посттарында берілетін шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруін тіркеу талоны негізінде жүзеге асырылады.

3. Үшінші елдің аумағында тұрған шығу пункттінен Қазақстан Республикасының аумағындағы бару пунктіне дейін немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы шығу пункттінен үшінші елдің аумағындағы бару пунктіне дейін жолаушыларды және (

немесе) жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік автокөлік құралдарының жүріп-тұруы шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) үшінші елге (елден) тасымалдауды орындауға рұқсат - рұқсат беру құжаты негізінде рұқсат етіледі.

4. Қазақстан Республикасының Көлік саласындағы уәкілетті орган шетелдік мемлекеттердің құзіретті органдарымен рұқсат беру құжаттарының бланкілерімен тепе-тең айырбас жүргізуі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық қатынастардың транзитіндегі тасымалды жүзеге асыратын шетелдік тасымалдаушы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұру рұқсатына сұрау салған жағдайда көлік саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұрғаны үшін алым сомасы төленгеннен кейін мұндай рұқсатты береді.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік рейстен кері бағытқа баратын шетелдік жүк автокөлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына жолшыбай тиелуі кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұрғаны үшін алым сомасы төленгеннен кейін көлік саласындағы уәкілетті орган беретін Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға құқықты куәландыру үшін жүріп-тұруға қосымша рұқсаттың болуы қажет.

19-10-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік автокөлік құралдарының жүріп-тұру тәртібі

1. Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттер арасында жүктерді, жолаушыларды және багажды халықаралық автомобиль тасымалы өткізудің халықаралық автомобиль пункттері арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру үшін қажетті Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық шарттарына сәйкес рұқсат беру және басқа да құжаттары автокөлік құралдарының жүргізушілерінде болуы тиіс және уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды тұлғаларының талабы бойынша көрсетіледі.

2. Шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан екі пункті арасында жолаушылар мен жүктерді тасуына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушыларды транзиттік тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағында жолаушыларды отырғызу және (немесе) түсіруді жүргізуге тыйым салынады.

Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылар өз мемлекетінің тіркеу және айыру белгілері бар автокөлік құралдарын пайдалануы тиіс.

Бұл ретте тіркемелер немесе жартылай тіркемелерде басқа мемлекеттік тіркеу және айырма белгісі болуы мүмкін.

19-11-бап. Отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығу және оларға шетелдік рұқсаттарды беру тәртібі

1. Отандық автокөлік құралдары рұқсат беру бланкілерімен алмасу жүргізілген шетелдік мемлекеттерге баруы кезінде тасымалдаушы бұрын берілген өтініш негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұрғаны үшін алым сомасы төленгеннен кейін көлік саласындағы уәкілетті орган беретін тиісті шетелдік рұқсат беру құжаттарын ала алады.

Әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат беру құжаты беріледі.

2. Пайдаланылған шетелдік рұқсат беру құжаты бұрын оларды берген органға қайтарылуға жатқызылады.

3. Тасымалдаушының оған берілген шетелдік рұқсат беру құжаттарын басқа тасымалдаушыға беруіне жол берілмейді.

Егер шетелдік рұқсат беру құжаттарының саны тасымалдаушылар берген өтінімдердің жалпы санынан аз болған жағдайда шетелдік рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тасымалдаушылар арасында бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Жауапты тасымалдаушыға мәлімденгеннен тыс шетелдік рұқсат беру құжаттарын беру басқа отандық тасымалдаушылардың олар мәлімдеген осы түрдің шетелдік рұқсат беру құжаттарынан бас тартқан жағдайда жүргізілуі мүмкін.

Отандық тасымалдаушылардың жолаушыларды және багажды жүйелік халықаралық тасымалдауға рұқсат беру құжаттарын беру Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жағдайларына сәйкес жүзеге асырылады.

19-12-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі ауқымды және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп-тұруына арналған арнайы рұқсаттарды беру тәртібі

1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі ауқымды және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп-тұруына ауыр салмақты және (немесе) ірі ауқымды автокөлік құралдарының жүріп-тұруына арнайы рұқсат беру - рұқсат беру құжатының (бұдан әрі - арнайы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады.

2. Арнайы рұқсатты көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұрғаны үшін алым сомасы төленгеннен кейін береді.

3. Егер жүгі бар немесе жүксіз автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының

автомобиль жолдары бойынша қозғалуға арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдерінен ауқымы, салмағы және (немесе) осьтік жүктемесі бойынша артық болса арнайы рұқсат тасымалдау кезінде олардың мақсатын өзгертпей, тым көп шығындарсыз немесе олардың бұзылу тәуекелінсіз екі немесе одан да көп бөліктерге бөлінбейтін жүктердің осы автокөлік құралымен тасымалдау жағдайында ғана беріледі.

Тасымалдаудың бөлінетін жүгі бар ірі ауқымды және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп-тұруы айқындалған жағдайда оны Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша қозғалуға арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдеріне сәйкес келтіру және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұрғаны үшін алым сомасы төленсе тасымалдаушы автокөлік құралынан жүкті түсіруді жүргізетін арнайы рұқсатты бермей-ақ жаңартылуы мүмкін.

19-13-бап. Уәкілетті органның басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары өз қызметін белгіленген құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, барлығының теңдігі мен әрбір мемлекеттік бақылау органының дербестігі негізінде басқа мемлекеттік органдармен үйлесімді және өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының жүргізушілермен, жолаушылармен, жүкті алып жүрушілермен, мемлекеттік органдардың, шетелдік мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың өкілдерімен өзара қарым-қатынас заңдылықты қатаң сақтауға, өз қызметтік міндеттерін нақты орындауға, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесуге, басқа адамдарға тілектес және сыйластық қатынастарға негізделуі тиіс."

47. "Туроператордың және турагенттіктің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24 ,

179 - қ ұ ж а т ) :

5 - б а п т а :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген оның құзіреті шегіндегі туристік қызметі саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) атқарушы орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Туроператордың және турагенттіктің жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды туроператордың және (немесе) турагенттің міндетті сақтандыру шартын жасауын растайтын құжаттарға сұрау салу жолымен



облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) атқарушы орган жүзеге асырады. 30 күн ішінде туроператордың және (немесе) турагенттің сұрау салынатын құжаттарын бермеуі кезінде тексеруді жүзеге асыру рәсіміне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарды сақтай отырып, тексеру жүргізіледі."

48. "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 2, 8-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 10-баптың 1-тармағы 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) дәрілік заттардың үлгісін алып қоюға жатқызылған фармацевтикалық қызмет субъектісінің қаражаты есебінен сараптама жүргізу үшін бұл өнімнің құны өтелмейтін, жеткілікті және қажетті көлемнен аспайтын санда дәрілік заттардың үлгілері алынсын;" ;

2 ) 1 4 - б а п т а :

атауындағы "түрлері" деген сөз алынып тасталсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "фармацевтік қызметтің мынадай түрлері" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-1-бабымен толықтырылсын:

"14-1-бап. Дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Мемлекеттік бақылауды дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілердің Қазақстан Республикасында дәрілік заттар айналымын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың, ережелер мен нормалардың сақтауын белгілеу мақсатында уәкілетті органның лауазымды адамдары жүзеге асырады.

2 . М е м л е к е т т і к б а қ ы л а у :

1) дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ мәлімсіз өтініштерді қоспағанда, оның ішінде халықтың денсаулығы мен ұлттық қауіпсіздікке қауіпті дереу жоюды талап ететін шағымдар, өтініштер және ресми хабарламалардың басқа да нысандары бойынша тексерулер;

2) бұзуларды жоюға және уәкілетті органның лауазымды адамы берген нұсқаманы орындауға бағытталған іс-шараларды жүргізу жолымен жүзеге асырады.

Бақылаушы орган шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат алу мақсатында үшінші тұлғаға қатысты тексеру жүргізуге рұқсат етіледі."

49. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жаршысы, 2004 жыл, N 5, 26-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағындағы "өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "облыстың, ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

тәртібі

Облыстың, ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында:

1) агенттен өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылардың атауы мен тиісті аумақтағы сақтандырылған алаңдары көрсетілген тізбесін сұрайды;

2) өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылар тізбесіне кірмеген өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге сақтандыру шартының жасалғанын растау қажеттілігін туралы ескерту жолдайды;

3) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруші бір ай ішінде сақтандыру шартының жасалғанын растамаған жағдайда, осы өндірушіге тексеру белгілеу туралы ұйғарым шығарады;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік тәртіптік жаза қолданады;"

3) 10-баптың 2-тармағының бірінші бөлімінің үшінші абзацы ", өтініш жасалған күннен бастап бір күндік мерзімде сақтанушыға тегін берілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

50. "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544-ІІ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 6, 44-күжат):

1) 8-баптың 2) тармақшасындағы "қызметіне бақылау" деген сөздер "қызметті реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Сауда қызметін жүзеге асыруға бақылау

1. Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыруға бақылауды мемлекеттік органдар өз құзіреті шегінде жүргізеді және сауда қызметінің субъектілеріне қойылатын талаптарды, нормативтік құқықтық актілерді сауда қызметі субъектілерінің сақтауын белгілеу мақсатымен сауда қызметінің субъектісінен тексеру, құжаттарға сұрау салу жолымен жүргізеді.

2. Сауда қызметінің субъектілерін тексеру жоспарлық (жоспарланған және тиісті мемлекеттік орган бекіткен) және жоспардан тыс (шағымдар, өтініштер бойынша жедел әсер етуді талап ететін туындаған жағдайға сәйкес тағайындалған) тексеруге

б о л і н е д і .

3. Жоспарлық тексерулер жылына кемінде бір рет жүргізіледі."

51. "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 14, 81-құжат):

8-баптың 1-тармағының 8) тармақшасындағы "байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге тексеру жүргізу тәртібін," деген сөздер алынып тасталсын.

52. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 87-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "инспекциялау (тексеру)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 5-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "және инспекциялаудың" деген сөздер алынып тасталсын.

53. "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 88-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 4-1), 12-1) және 16-1) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"4-1) мемлекеттік көліктік бақылау (бұдан әрі - көліктік бақылау) - уәкілетті органның заңды және жеке тұлғалардың ішкі су көлігі саласындағы заңнаманың талаптарын сақтауларын тексеру мақсатында жүргізетін іс-шараларының жиынтығы;"

"12-1) қарап шығу - уәкілетті органның объектіні қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестік м ә н і н е т е к с е р у і ; "

"16-1) тексеру - бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының, шаруашылық субъектілерінің ішкі су көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын айқындау мақсатында жасайтын әрекеті;"

2) 7-баптағы "және қадағалауды", "және қадағалау" деген сөздер алынып тасталсын;

3 ) 9 - б а п :

1-тармақта 18) тармақшадағы "қадағалауды" деген сөз "бақылау" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың б) тармақшасындағы "қадағалауды" деген сөз "бақылау" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Көліктік бақылауды жүргізудің мәні мен мақсаты

1. Көліктік бақылау заңды және жеке тұлғалардың ішкі су көлігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын қызметіне ж ү р г і з і л е д і .

2. Көліктік бақылауды жүргізудің мақсаты ішкі су көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қауіпсіз пайдалануды және ішкі су көлігінде тиімді қызметті қамтамасыз ету бойынша талаптарын сақтау болып табылады.

3. Уәкілетті орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасады, бақылаудың бірлескен шараларын қабылдайды, ақпаратпен өзара алмасуды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар уәкілетті органға ішкі су көлігі саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көліктік бақылауды жүзеге асыру бойынша міндеттерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындауына жәрдем көрсетуге міндетті.;

5) 16-баптағы "қадағалау", "қадағалауға" деген сөздер "бақылау", "бақылауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Кемелерді пайдалану қауіпсіздігін бақылау

Ішкі су жолдарында ішкі суда жүзіп жүрген өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін кемелердің, ішкі су жолдарында пайдаланылатын жолаушылар, серуендік, спорттық және құйып тасымалдау кемелерінің, паромда өткелдер мен басқа да жүзу объектілерінің, оның ішінде шағын өлшемді флоттық пайдаланылу қауіпсіздігін, олардың қозғалтқыштарының түріне, бас қозғалтқыштарының қуатына және мұндай кемелердің сыйымдылығына қарамастан, бақылауды уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері:

1) уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес ішкі су жолдарында кемелер ұшыраған көлік оқиғаларын тексеру, сыныптау және есепке алуды жүргізу;

2) кеме қатынасының су жолдарын және навигациялық жабдықтау құралдарын тиісінше күтіп ұстауды бақылау;

3) кемелердің (оның ішінде шағын өлшемді), салдардың және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзбелі объектілер мен құрылғылардың уәкілетті орган белгілеген кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап шығуды жүргізу;

4) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын өлшемді), салдарды және өзге де жүзу объектілерін ұстап алу;

5) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын өлшемді), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және оған тыйым салу;

6) кеме иелерінің, кеме экипаждарының мүшелерінің, ішкі су жолдарындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың ішкі су көлігі туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылау;

7) кемелерді (оның ішінде шағын өлшемді) мемлекеттік тіркеу және кемелерді

мемлекеттік тіркеу және оған құқықтар ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын тиісті құжаттарды беру ;

8) уәкілетті орган бекіткен кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау ережелеріне сәйкес жүргізілетін кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау. Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау әрбір кейінгі үш жылдың аяқталуы бойынша жүргізіледі. Тиісті мамандық бойынша оқу орнын кезекті аттестаттау жылында аяқтаған, сондай-ақ сол жылы дипломдаудан өткен адамдар аттестаттаудан босатылады;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен кемелердің экипаждары мүшелерін дипломдау ережелеріне сәйкес жүргізілетін кемелердің командалық құрамының адамдарын дипломдау. Дипломдауға тиісті білімі бар, аумақтық бөлімшеге мынадай құжаттарды берген адамдар жіберіледі:

1) еркін нысандағы өтінім;

2) жеке куәлігі немесе паспорт;

3) жоғарғы немесе орташа кәсіби білімі туралы құжат (диплом);

4) жүзу өтілін растайтын құжат;

5) медициналық комиссияның денсаулық жағдайы бойынша кемедегі жұмысқа жарамдылығы туралы қорытындысы.

Дипломдауды жүргізу туралы өтінімді аумақтық бөлімше отыз күн ішінде қарайды.

Берілген құжаттар кемелер экипаждарының мүшелерін дипломдау ережелерінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, бұл жөнінде құжаттарды берген сәттен бастап жеті күннен кешіктірмей құжаттарды берген адамға хабарлайды;

10) анықталған ішкі су жолдарындағы кеме қатынасын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын ішкі су көлігінің (оның ішінде шағын өлшемді) жұмыс істеуін айқындайтын заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру ;

11) Қазақстан Республикасының кеме қатынасының су жолдарын жеке және заңды тұлғалардың пайдалану мерзімдерін бақылау;

12) тасымалдаушының азаматтар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын тасымалдаушының жасасуын бақылау;

13) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су көлігі қызметін жүзеге асыру кезіндегі лицензиялық ережелерін сақтауын бақылау;

14) кемелерді, оның ішінде шағын өлшемді және база-тұрақтарды техникалық бақылауды жүргізу ;

15) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың талаптарын бақылауды жүзеге асыру;

16) шағын өлшемді кемелердің мемлекеттік борттық нөмірлерге ие болуы;

17) тұрақты мекен жайы өзгерген, құрал-жабдықтары (иесінің) өзгерген, қайта жабдықтау салдарынан кемеңің техникалық деректері өзгерген және басқа жағдайларда

шағын өлшемді кемелерді қайта тіркеуді жүргізу;

18) шағын өлшемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды ұйымдастыру, олардың аттестациясын жүзеге асыру;

19) шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беру;

20) шағын өлшемді кемелер үшін база-тұрақтарды мемлекеттік есепке алуды және пайдалануға рұқсаттар беруді жүргізу;

21) тиісті мамандарды шағын өлшемді көлік мәселелері жөніндегі сараптамаларға қ а т ы с у ғ а т а р т у ;

22) шағын өлшемді кемелердің алкогольдік, есірткілік және уытты мас күйінде болған кеме жүргізушілерін басқарудан шеттету және оларды медициналық к у ә л а н д ы р у ғ а ж і б е р у ;

23) заңнамаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірісті ж ү з е г е а с ы р у ;

24) паромды өткелдерді мемлекеттік тіркеуді, есепке алуды, сондай-ақ пайдалануға жарамдылығына техникалық куәландыруды жүргізу арқылы жүзеге асыру.";

7) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің кемелерін қарап шығуды жүргізуі

1. Кемелерді қарап шығу кеменің (оның мемлекеттік тіркелген орнына қатыссыз) және экипаждың кемелерді пайдаланудың қауіпсіздігін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Кемелерді қарап шығу капитанның немесе бірінші штурманның (капитанның аға көмекшісінің) және шағын өлшемді кеменің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта, дәл сондай кіретін жерде жүргізілуі мүмкін.

Ішкі суларда жүзетін кемелерді қарап шығу навигацияаралық кезеңнен кейін, ал жүзу кемелерін (өзен - теңіз) - теңізге пайдалануға берілгеннен кейін, олар ішкі су жолдарына кіргеннен кейін жүргізіледі.

Кемелерді бақылау қарап шығу навигация кезеңінде бір жарым-екі айдан жиі емес немесе көлік оқиғасы болған кезде жүргізіледі.

2. Өздігінен жүзетін кемелерді байқау кезінде мыналар тексеруге жатады:

1) осы Заңның 23-бабында көрсетілген кеме құжаттары (болуы, жарамдылық мерзімдері, оларды жүргізу тәртібі);

2) кемені пайдалану режимі мен экипаждың жұмысы туралы кеме иесінің штаттық кестесі мен бұйрығы (немесе басқа құжат);

3) тиісті су бассейніндегі радиобайланысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулар;

4) кеменің тоқтап тұруы туралы капитанға ақпарат;

5) ішкі су жолдарының навигациялық карталары;

6) вахталық, штурмалық, жалпы кеме қызметті ұйымдастыру, адамдарды құтқару және кеменің өміршеңдігі күрес жөніндегі кеме іші құжаттары (саны, жүргізу сапасы):

## вахталар кестесі;

дабылдар бойынша кесте және экипаж мүшелерінің жеке карточкалары;  
ауа-райы болжамдарының журналы (тігінді орам);  
жол ақпараттарының және кеме жүргізушісінің хабарламаларының журналы;  
магниттік компастың девиацияларының кестесі;  
кеменің маневрлендірілген элементтерінің кестесі;  
адамның борт артына құлауы кезіндегі маневрлеу схемасы;  
радиолокациондық станцияның көлеңкелі секторларының схемасы;

7) мемлекеттік тудың, құбырлардағы маркалардың саны мен жай-күйі, кеменің атауы (нөмірі) және борттардағы тіркеу нөмірлері, корпустағы жүк маркілері;  
8) кеменің (құрамның) жүзу ауданының разряды мен жағдайына, құрамдарды жұмыс істетудің және жолдар габариттерінің үлгілік схемаларына сәйкестігі;  
9) жолаушылар сыйымдылығы және жүк көтергіштік, ауладағы борттың биіктігі (жүк маркасы бойынша) нормаларын сақтау, кемені басқару орнынан қалыпты көру жағдайын қамтамасыз ету;

10) жарықтық, көру және дыбыс дабылының саны мен әрекеті;

11) навигациялық, штурмандық және электрлі радио навигациялық приборлардың Өзендік кеме қызметі нормалары бойынша саны мен іс-әрекеті;

12) Кеме қызметі регистрінің нормаларына ұжымдық және жеке құтқару құралдары, пиротехникалар, апаттық жабдықтау (таңдаулы) санының сәйкестігі. Олардың маркировкаларының, орналасуы мен сақталуының дұрыстығы;

13) экипаждың штаттық кестеге және ішкі және аралас (өзен - теңіз) жүзу көліктік кемелер экипажының минималды құрамы туралы ережеге сәйкес жасақтануы;

14) командалық және қатардағы құрамда тиісті лауазымдарға орналасу құқығына дипломдардың (біліктілік куәліктерінің), дипломдарға қосымша бақылау талондарының, аттестаттау туралы анықтамаларының болуы;

15) ағымдағы және алдыңғы рейстерде (вахталық журналдағы жазбалар бойынша) құрамдардың жұмыс істеуінің үлгілік схемаларын, жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтергіштік нормаларын, аудан және жүзу шарттары бойынша шектеулерді және тіркеу құжаттарында көрсетілген басқа талаптарды, вахталарды өткізу режимін, оқу дабылдарын және басқару құрылғысы істен шыққандағы іс-әрекет бойынша жаттығулар жүргізудің кезеңдігін сақтауы;

16) экипаж мүшелерінің басқару құрылғысы істен шыққан кезде дабыл бойынша (бірнеше адамнан жауап алу арқылы) іс-әрекет етуді білуі мен игеруі (таңдаулы тексеріледі).

Экипаждың жеткілікті дайындығына күмән туған кезде дабылдар жүргізу туралы нұсқаулар беріледі. "Шлюпка" немесе "борт артында адам бар" дабылдары кезінде шлюпканы (шлюпкаларды) міндетті түрде суға тастау қажет;

17) ағымдағы навигациядағы аумақтық бөлімшелер қызметкерлерінің

нұсқамаларын орындауы тексеріледі.

3. Қарап шығу нәтижелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың тізбесін және ескертулерді қалыпқа келтіру мерзімдерін көрсете отырып акт жасайды. Кеме құжаттары болмағанда және жүзу қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері кемеңің капитаны кеме иесіне хабарлайтын кемеңің (құрамның) жылжуына тыйым салу туралы шешім қабылдайды.

Қарап шығу актісі екі данада жасалады және оған уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері және капитан (немесе капитанның аға көмекшісі) қол қояды. Капитан (капитанның аға көмекшісі) қол қоюдан бас тартқан жағдайда актіде білдірілген бас тартудың себептері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Актінің бірінші данасы кемеде, екіншісі - уәкілеттік органның аумақтық бөлімшесінде кеме ісінде сақталады.

Уәкілетті орган аумақтық бөлімшесінің кемеңі қарап шығуды жүргізген қызметкерлері белгіленген тәртіпте кемеңі қарап шығу жөніндегі актідегі жазбалардың дұрыстығына жауапкершілікте болады.";

7) 18-баптағы, 19-баптың 3-тармағындағы, 20-баптың 8-тармағындағы "қадағалау" деген сөз "бақылау" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген және ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде, олардың нысандарын, оларды беру және жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін мынадай кеме құжаттары болуы тиіс:

1) кемеңің Қазақстан Республикасының мемлекеттік туымен жүзуі құқығын және кемеге меншіктілік құқығын растайтын кеме куәлігі;

2) шетелдік кемеге (жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде тіркелген кемелер үшін) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен жүзуге уақытша құқық беру туралы куәлік;

3) кемеңің жүзуге жарамдылығы туралы, оның класы немесе топтастырылған куәлігі көрсетілген куәлігі;

4) кеме журналы (вахталық журнал) (өздігінен жүзетін кемелер үшін);

5) кеме рөлі (өздігінен жүзетін кемелер үшін) - кеме капитаны құрастырған кеме экипажы мүшелерінің тізімі;

6) радиожурнал (егер де кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

7) кеме станциясының рұқсаты (егер де кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

8) машина журналы (механикалық қозғағышы бар кемелер үшін);

9) кемеңі қарап шығудың бірыңғай кітабы;

10) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды және кемеге санитарлық паспорт;

11) өрт қауіпсіздігі куәлігі (байқау актісі);





5) жоспарлы іс-шаралар нәтижесінде анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөніндегі талаптардың орындалуын бақылау мақсатында жүзеге асырады.";

5) 53-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"1-1) тексеру актісі;"

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 2006 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізілетін 3 және 7-тармақтарды қоспағанда.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК